

## "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 18 қарашадағы № 736 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 наурыздағы № ҚР ДСМ-19/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 21 наурызда № 20156 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы № ҚР ДСМ-10 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 27.01.2021 № ҚР ДСМ-10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексі 63-бабының 1-тармағына және 71-бабының 9-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 18 қарашадағы № 736 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5926 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және басқа да орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған, № 5, 2010 жыл) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Дәрілік заттарға сараптама жүргізу қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Медициналық бұйымдарға сараптама жүргізу қағидалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Зан департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі

E. Биртанов

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлік  
2020 жылғы 21 наурыздағы  
№ КР ДСМ - 19/2020 бұйрығына  
1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлік  
2009 жылғы 18 қарашадағы  
№ 736 бұйрығымен  
бекітілген

## Дәрілік заттарға сараптама жүргізу қағидалары

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Дәрілік заттарға сараптама жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар ) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі –Кодекс) 63-бабына , "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес әзірленді және дәрілік затқа сараптама жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Дәрілік заттарға сараптаманы Кодекстің 63-бабының 2-тармағына сәйкес дәрілік заттардың және қауіпсіздігін, тиімділігін және сапасын қамтамасыз ету жөніндегі денсаулық сақтау саласындағы өндірістік- шаруашылық қызметті жүзеге асыратын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымы (бұдан әрі – мемлекеттік сараптама ұйымы) өтініш берушімен дәрілік заттарға сараптама жүргізуге жасалған шарт негізінде жүргізеді.

Дәрілік зат сараптамасының құнын төлеу "Мемлекеттік монополия субъектісі іске асыратын қызметтерге бағаларды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлік 2017 жылғы 31 тамыздағы № 671 бұйрығымен

бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16002 болып тіркелген) прейскурантқа сәйкес жүзеге асырылады.

3. Сараптамаға Қазақстан Республикасында өндірілген, сондай-ақ оның аумағына әкелінетін дәрілік заттар жатады.

4. Сараптама белсенді заттардың әртүрлі сапалық құрамы бар бір саудалық атауымен дәрілік заттарға жүргізілмейді. Қазақстан Республикасында экспорт үшін өндірілген дәрілік заттарға сараптама Қазақстан Республикасы өндірушілерінің шешімі бойынша жүргізіледі.

5. Сараптамаға өтініш беруге дейін өтініш беруші өз бастамасы бойынша мемлекеттік сараптама ұйымында сараптама жүргізуге байланысты мәселелер бойынша шарттық негізде ғылыми және тіркеу алдындағы консультациялар алады.

6. Қан және қан компоненттерінің дәрілік препараттарына сараптама жүргізу үшін мемлекеттік сараптама ұйымы қан қызметі саласында қызметті жүзеге асыратын бейінді ұйымдардан мамандарды тартады.

7. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) биоаналогтық дәрілік препарат (биоаналог, биотектес дәрілік препарат, биосимиляр) – тіркелген биологиялық бірегей дәрілік препараттың немесе референттік дәрілік препараттың әсер етуші затының нұсқасын қамтитын және ол бойынша сапа, биологиялық белсенділік, қауіпсіздік және тиімділік көрсеткіштері бойынша салыстырып зерттеулердің негізінде ұқсастығы (теквестігі) көрсетілген биологиялық дәрілік препарат;

2) биоқолжетімділік – белсенді әсер ететін зат дәрілік түрден сінірілетін және әсер ету орнында қолжетімді болатын жылдамдық пен дәреже;

3) биологиялық дәрілік препарат – әсер етуші заты биологиялық көзден өндірілген немесе бөліп алғынған және оның қасиеттерін сипаттау мен сапасын бақылау үшін өндірістік процесті және оны бақылау әдістерін бағалай отырып, талдаудың биологиялық және физикалық-химиялық әдістерін ұштастыру қажет болатын дәрілік препарат;

4) биотехнологиялық дәрілік препарат – биотехнологиялық процестердің және рекомбинанттық дезоксирибонуклеин қышқылы технологиясы, биологиялық активті ақызыздарды өндіруді кодтайтын гендердің бақыланатын экспрессиясы, гибридомдық технологиялар, моноклондық антиденелер немесе басқа да биотехнологиялық процестер пайдаланылатын әдістерді қолданудың көмегімен өндірілген дәрілік препарат;

5) биофармацевтикалық жіктеме жүйесі (бұдан әрі – БЖЖ) – белгілі бір қышқылдылық/сілтілілік көрсеткіші (pH) ортасында ерігіштігінің және ішек

қабырғасы арқылы өту дәрежесінің негізінде белсенді әсер ететін заттар жіктемесінің ғылыми жүйесі;

6) биологиялық эквиваленттілік (биоэквиваленттілік) – тиісті дизайны бар ұқсас жағдайдағы бірдей молярлық дозада енгізу кезінде өзінің әсер ету орнында қолжетімді болып табылатын фармацевтикалық эквиваленттілік немесе фармацевтикалық ал्यтернативалардың әсер етуші зат молекуласының белсенді бөлігі немесе әсер етуші заттармен жылдамдығы мен дәрежесінің елеулі айырмашылығының болмауы;

7) бірегей дәрілік препарат – қауіпсіздігін, сапасы мен тиімділігін растайтын клиникаға дейінгі (клиникалық емес) және клиникалық толық зерттеулердің нәтижелерін қамтитын дерекнама негізінде әлемдік фармацевтика нарығында бірінші болып тіркелген және орналастырылған жаңа әсер етуші заты бар дәрілік препарат;

8) "биовейвер" рәсімі - оған сәйкес қайта өндірілген дәрілік заттың (генерик) баламалығын анықтау "Еріту" сынағы пайдаланылатын организмнен тыс (ин-витро) салыстырмалы зерттеулердің жіктемесі мен нәтижелерінің биофармацевтикалық жүйесінің негізінде жүргізілетін және тез босап шығатын қатты дәрілік нысандар үшін қолданылатын рәсім (биофармацевтикалық жіктеме жүйесі бойынша 1 және 3 класс);

9) гибридті дәрілік препарат - биоқолжетімділікті зерттеу көмегімен оның биоэквиваленттілігін растау мүмкін болмағанда, сондай-ақ бірегей препаратпен салыстырғанда осы препаратта әсер етуші заттың (заттардың), қолданылуы, дозалануы, дәрілік түрі немесе енгізу жолы өзгеріске ұшыраған жағдайда қайта өндірілген дәрілік препараттың анықтамасына тұспа-тұс келмейтін дәрілік препарат;

10) гомеопатиялық дәрілік препарат – Қазақстан Республикасы және (немесе) Еуразиялық экономикалық одак фармакопеяларының талаптарына сәйкес немесе олар болмаған жағдайда, гомеопатиялық фармакопеялардың талаптарына сәйкес гомеопатиялық шикізат пайдаланыла отырып, гомеопатиялық технология бойынша өндірілген дәрілік препарат;

11) дәрілік зат – затты не заттардың құрамасын білдіретін немесе қамтитын, адам организмімен байланысқа түсетін, адамның ауруларын емдеуге, олардың профилактикасына немесе оның физиологиялық функцияларын фармакологиялық, иммунологиялық не метаболизмдік әсер ету арқылы қалпына келтіруге, түзетуге немесе өзгертуге немесе адамның аурулары мен жай-күйінің диагностикасына арналған зат;

12) дәрілік заттың қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытынды – мемлекеттік тіркеуге, қайта тіркеуге немесе дәрілік заттың тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізуге мәлімделген сараптама нәтижелерін қамтитын құжат;

13) дәрілік заттардың құрамының ұтымсыз комбинациясы – болжамды фармологиялық қасиеттері мен әсеріне сәйкес келмейтін дәрілік заттардың құрамы;

14) дәрілік затты медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық (қосымша парақ ) – тұтынушыға арналған ақпараттан тұратын және қаптамадағы дәрілік препаратқа қоса берілетін құжат;

15) дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік құжат (бұдан әрі – дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік құжат) – дәрілік заттардың сапасына, сондай-ақ қауіпсіздігі мен сапасының бірдей параметрлерін қамтамасыз ететін оны анықтау әдістемелеріне қойылатын талаптар кешенін белгілейтін құжат;

16) дәрілік субстанциялардың және олардың қоспаларының стандартты үлгілері – сыналатын дәрілік заттардың сараптамасын өткізу кезінде пайдаланылатын салыстырмалы заттар;

17) дәрілік затты өндіруші ұйым – өндірісті немесе өндірістің бір немесе бірнеше кезеңін жүзеге асыратын дара кәсіпкер немесе занды тұлға;

18) дәрілік өсімдік шикізаты – дәрілік заттарды өндіру үшін пайдаланылатын жаңадан алынған немесе кептірілген өсімдіктер, балдырлар, саңырауқұлақтар немесе қыналар не олардың бүтін немесе ұсақталған бөліктері;

19) дәрілік заттардың жалпы сипаттамасы – дәрілік препаратты қауіпсіз және тиімді қолдану туралы медицина қызметкерлеріне арналған ақпараттан тұратын дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу кезінде уәкілетті орган бекіткен құжат;

20) жақсы зерделенген медициналық қолдануымен дәрілік препарат – оның әсер етуші заты медициналық қолдану барысында жақсы зерделенген, бұл ретте оның тиімділігі танылған және тіркеуден кейінгі және (немесе) эпидемиологиялық зерттеулер туралы жарияланған деректерге егжей-тегжелі библиографиялық сілтемелермен расталған және осы дәрілік препаратты (әсер етуші заттар) әсер етуші заттың бірінші жүйелі және құжаттамаланған қолдану күнінен бастап кемінде 10 жыл өткен дәрілік препарат;

21) озық терапиядағы дәрілік препараттар (бұдан әрі – АТДЗ) — гендік терапияның, соматикалық жасушалармен терапияның дәрілік препараттары, тіндік инженерлік препараттар болып табылатын медициналық мақсаттағы дәрілік препараттар немесе озық терапияға арналған құрамдастырылған препараттар;

22) иммунологиялық дәрілік препарат (иммундық-биологиялық дәрілік препарат) – белсенді немесе белсенді емес иммунитетті қалыптастыруға немесе иммунитеттің бар-жоғын диагностикалауға немесе аллергия тудыратын заттарға иммунологиялық қарсылықтың өзіндік жүре пайда болған өзгерісін диагностикалауға (табуға) арналған дәрілік препарат;

23) қауіптерді басқару жоспары - қауіптерді басқару жүйесінің егжей-тегжейлі сипаттамасы;

24) қауіпсіздігі бойынша мерзімді жаңартылатын есеп – дәрілік препараттың тіркеуден кейінгі кезең ішінде белгілі бір уақыт кезеңінде тіркеу қуәлігін ұстаушысының дәрілік препараттың "пайда-қауіп" арақатынасын бағалау үшін ұсынылатын есеп;

25) қайта өндірілген дәрілік препарат (генерик) – әсер етуші заттардың сандық және сапалық құрамы да, дәрілік нысаны да бірегей дәрілік препаратпен бірдей болатын және бірегей дәрілік препаратқа биобаламалылығы биоқолжетімділікті тиісті зерттеулермен расталатын дәрілік препарат. Түрлі тұздар, эфирлер, изомерлер, изомерлер қоспалары, әсер етуші заттың жиынтығы немесе туындылары, егер олардың қауіпсіздігі мен тиімділігі айтартлықтай ерекшеленбесе, нақ сол әсер етуші зат болып танылады. Заттары тез босап шығатын, ішуге арналған түрлі дәрілік нысандар биоқолжетімділікті зерттеулер шеңберінде дәл сол дәрілік нысан болып танылады;

26) Медициналық қолдануға арналған (ICH) (АйСиӘйч) дәрілік препараттарды тіркеуге қойылатын техникалық талаптарды үйлестіру жөніндегі халықаралық конференция өнірлерінің елдері – ICH (АйСиӘйч) құрылтайшыларының және (немесе) тұрақты мүшелерінің құрамына кіретін мемлекеттер, реттеуші органдар (Еуропалық одак елдері, Америка Құрама Штаттары, Жапония, Швейцария, Канада) (бұдан әрі – ICH (АйСиӘйч) өнірлерінің елдері);

27) мемлекеттік сараптама ұйымының сараптама кеңесі (бұдан әрі – сараптама кеңесі) – сараптама нәтижесіндегі даулы мәселелерді, дәрілік заттың немесе медициналық бұйымның қауіпсіздігі, сапасы мен тиімділігі туралы теріс қорытынды беру негіздерін ( себептерін) қарау және соңғы шешім қабылдау бойынша мемлекеттік сараптама ұйымында құрылатын алқалы орган.;

28) орфандық (сирек кездесетін) дәрілік препарат – жиілігі Қазақстан Республикасында ресми айқындалған деңгейден аспайтын, орфандық (сирек кездесетін) ауруларды диагностикалауға, этиопатогенетикалық немесе патогенетикалық емдеуге арналған дәрілік препарат;

29) өндірістік алаң – дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды өндірушінің дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды өндірудің бүкіл процесін немесе оның белгілі бір сатыларын орындауға арналған, аумақтық жағынан оқшауланған кешені;

30) өтініш беруші – әзірлеуші, өндіруші-ұйым, дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу дерекнаасына өзгерістер енгізуі жүргізуге

өтініш, құжаттар және материалдарды ұсынуға және сеніп тапсыруышының сенімхатында қарастырылған әрекеттерді орындауға уәкілетті өндіруші, тіркеу күәлігінің ұстаушысы немесе олардың сенімді тұлғасы;

31) радиофармацевтикалық дәрілік препарат – әсер етуші зат ретінде немесе әсер етуші заттың құрамында, қолдануға дайын күйінде бір немесе бірнеше радионуклидті (радиоактивті изотоптарды) қамтитын дәрілік препарат;

32) референттік дәрілік препарат – салыстыру препараты ретінде пайдаланылатын және дәрілік препараттың қасиеттері сол бойынша айқындалатын (нормаланатын) эталон болып табылатын дәрілік препарат;

33) тиісті өндірістік практика – тіркеу дерекнамасының талаптарына және олардың тағайындалуына сәйкес стандарттар бойынша дәрілік заттардың өндірісі мен сапасын бақылауға кепілдік беретін сапамен қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлігі;

34) тіркеу дерекнамасы - сараптамаға берілген өтінішке ұсынылатын белгілі бір мазмұндағы құжаттар мен материалдар жиынтығы;

35) тіркеу күәлігін ұстаушы – оның атына дәрілік препаратқа тіркеу күәлігі берілген заңды тұлға;

36) тіркеу дерекнамасын өзгерістер енгізу – тіркеу күәлігінің қолданысы ішінде өтініш беруші тіркеу дерекнамасына енгізетін, дәрілік заттың қауіпсіздігіне, сапасына және тиімділігіне теріс әсер етпейтін және осы Ережеге сәйкес сараптауға жататын өзгерістер;

37) фармацевтикалық субстанция (активті фармацевтикалық субстанция) – дәрілік препараттарды өндіруге және дайындауға арналған дәрілік зат;

38) эквиваленттігін зерттеу - ин-виво (организмді ішінен) және (немесе) ин-витро (организмнен тыс) зерттеуді пайдалану кезінде генерик пен бірегей дәрілік зат арасындағы баламалығын айқындастын зерттеу.

39) дәрілік өсімдік препараты – құрамында белсенді компоненттер ретінде тек қана дәрілік өсімдік шикізаты және (немесе) оның негізіндегі препараттар бар дәрілік препарат;

40) дозалау – дәрілік нысан бірлігіндегі, сондай-ақ дәрілік препаратты дұрыс сәйкестендіру және қолдану үшін маңызды дәрілік препараттың салмағы немесе көлемі бірлігіндегі әсер етуші заттың мөлшері (құрамы).

## **2-тaraу. Дәрілік заттарға сараптама жүргізу үшін тіркеу деренамасын ұсыну тәртібі**

8. Дәрілік заттарға сараптама жүргізу және "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі, сапасы мен тиімділігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет)

алу үшін өтініш беруші мемлекеттік сараптама ұйымының ақпараттық жүйесі ( бұдан әрі – ақпараттық жүйе) немесе "электрондық үкімет" порталы (бұдан әрі – портал ) арқылы мынадай құжаттар мен материалдарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық түрдегі дәрілік заттарға сараптама жүргізуге өтініш (бұдан әрі – өтініш );

2) электрондық түрдегі тіркеу дерекнамасы (pdf формат):

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының өндірушілері сараптама үшін ұсынатын құжаттар тізбесі;

Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының өндірушілері сараптамаға ұсынатын құжаттардың тізбесі;

Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жалпы техникалық құжат форматында ұсынылатын құжаттардың тізбесі;

3) өтініш берушінің сараптама жүргізу үшін соманың мемлекеттік сараптама ұйымының есеп шотына төлегенін растайтын мәліметтер;

4) дәрілік заттардың үлгілері, химиялық заттардың стандартты үлгілері, биологиялық препараттардың стандартты үлгілері, микроорганизмдердің тест-штаммдары, жасушалар өсінділері, кемінде он екі ай қалдық жарамдылық мерзімімен үш еселенген зертханалық сынақтар үшін жеткілікті мөлшерде ( зертханалық сынақтар жүргізуді талап етпейтін жағдайларды қоспағанда), сондай-ақ ерекше реагенттер, шығыс материалдары, дәрілік заттарға зертханалық сынақтар жүргізу кезінде қолданылатын дәрілік заттарды өтініш беруші өтініш берген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік сараптама ұйымының өтініш берушілерге қызмет көрсету орталығына (бұдан әрі-МБО) қабылдау - беру актісі бойынша қолма-қол береді.

Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар, сондай-ақ сактаудың ерекше жағдайларын (температуралық режим, ылғалдылық) талап ететін дәрілік заттардың үлгілерін өтініш беруші қабылдау-беру актісі бойынша тікелей сынақ зертханасына береді.

Дәрілік заттың түріне байланысты ұсынылатын тіркеу дерекнамасының материалдарының тізбесі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес келеді.

9. Бір дәрілік препараттың әртүрлі дәрілік нысандарының сараптамасына өтініш беруші әрбір дәрілік нысанға өтініштер мен тіркеу құжаттамасын ұсынады.

Әртүрлі мөлшері, концентрациясы, толтыру көлемі бар дәрілік препаратты бір дәрілік нысанда сараптамаға бір уақытта берген жағдайда өтініш беруші әрбір дозаға, концентрациясына, толтыру көлеміне және қаптамадағы дозалардың санына, сондай-ақ бақылау әдістемелерінде айырмашылығы болған жағдайда сапасы бойынша нормативтік құжатқа қаптама макеттері мен заттаңбалары қоса берілген бір өтініш пен тіркеу дерегін ұсынады.

10. Отандық өндіруші қайта өндірілген, биоалогиялық дәрілік препаратты эквиваленттілікті зерттеу дерекнамасынсız сараптамаға ұсынған жағдайда, оның ішінде сараптама кезеңіндегі өтінім беруші тіркеу дерекнамасын ұсынады:

уәкілетті орган берген фармакологиялық және дәрілік заттарды клиникалық зерттеуді және (немесе) сынауды жүргізуге рұқсат;

фармакологиялық және дәрілік заттарды клиникалық зерттеуді бастау туралы хабарламаның көшірмесі (еркін нысан).

11. Орфандық дәрілік препараттарды сараптау кезінде өтініш беруші Кодекстің 85-бабының 3-тармағында белгіленген тәртіпке сәйкес оның нәтижесі болып табылатын дәрігердің қатаң қадағалауымен дәрілік препараттың қолданылуын сақтаумен және жағымсыз реакциялары, маңызды жағымсыз реакциялары туралы және дәрілік препараттың тиімділігінің жоқ екені туралы карта-хабарламаны дереу ұсынумен "пайда-қатер" арақатынасын қайта бағалау үшін негіз болып табылатын зерттеулер бағдарламасын ұсынады.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызмет стандартында (бұдан әрі -стандарт) келтірілген.

13. Ақпараттық жүйе арқылы құжаттардың қабылданғанын растау өтініш берушінің "Жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебесінің көрсетілуі болып табылады.

Өтініш беруші құжаттарды портал арқылы берген жағдайда "Жеке кабинетте" мемлекеттік қызмет нәтижесін алу қуні мен орны көрсетіле отырып, Мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, өтініш берушіні дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті мемлекеттік сараптама ұйымы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

14. Осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген өтініш пен құжаттар ақпараттық жүйе арқылы МБО-ға өндеуге түседі.

МБО-ның уәкілетті қызметкери ақпараттық жүйе арқылы келіп түскен өтініштерді жауапты орындаушыға бөледі. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш келіп түскен жағдайда, өтінішті қабылдау келесі жұмыс қуні жүзеге асырылады.

ОАО жауапты орындаушысы осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген құжаттарды қабылдағаннан кейін бір жұмыс қуні ішінде:

1) өтінішті ақпараттық жүйеде тіркеуді жүзеге асырады.

2) сараптамаға берілген дәрілік заттар туралы мемлекеттік сараптама ұйымының сайтында ақпаратты (саудалық атауы, халықаралық патентtelмеген атауы, дәрілік түрі, дозасы, концентрациясы, өндіруші ұйым, елі) орналастырады ;

3) дәрілік заттар үлгілерінің, химиялық заттардың стандартты үлгілерінің, биологиялық препараттардың стандартты үлгілерінің, микроорганизмдердің тест-штаммдарының, жасушалардың өсінділерінің, спецификалық реагенттердің, дәрілік затты зертханалық сынау әдістемелерінің өсімін молайту үшін қажетті шығыс материалдарының қалдық жарамдылық мерзімін тексереді және деректерді ақпараттық жүйеге енгізеді;

15. Осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген шарттар сақталмаған жағдайда, ӨҚО жауапты орындаушысы ақпараттық жүйе арқылы өтініш берушінің "Жеке кабинетіне" осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ӨҚО уәкілетті қызметкерінің электрондық-цифрлық қолтаңбасымен расталған өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы хабарламаны жібереді.

16. Мемлекеттік сараптама ұйымы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

### **3-тарау. Дәрілік заттарға сараптама жүргізу тәртібі**

#### **1-параграф. Дәрілік заттарға сараптама жүргізу кезеңдері**

17. Дәрілік заттың сараптамасы мынадай кезеңдерден тұрады:

- 1) бастапқы сараптама (тіркеу дерекнамасының валидациясы);
- 2) мамандандырылған сараптама;
- 3) зертханалық сынау.

18. Сараптама Денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесінің "Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді басқару жүйесі" бірыңғай дерекқорымен интеграцияланған мемлекеттік сараптама ұйымының электрондық бағдарламасын пайдалана отырып жүргізіледі.

Өтініш беруші Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік сараптама

ұйымының ақпараттық жүйесінің "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады.

19. Ақпараттық жүйенің немесе порталдың жұмысында іркіліс болған жағдайда өтініш беруші өтінімнің нөмірін көрсете отырып және қатенің нақты уақытын көрсете отырып, авторизация сәтінен бастап қате туындаған сәтке дейін қадамдық скриншоттарды қоса бере отырып, электрондық пошта арқылы сұрау салу арқылы мемлекеттік сараптама ұйымының немесе "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторының техникалық қолдау қызметіне дереу хабарлайды.

## **2-параграф. Дәрілік заттың бастапқы сараптамасын (тіркеу дерекнамасы валидациясын) жүргізу тәртібі**

20. Өтінішті тіркегеннен кейін сарапшы осы Қағидалардың 6-тaraуында көзделген мерзімде дәрілік заттың бастапқы сараптамасын (тіркеу дерекнамасы валидациясын) жүргізеді .

21. Дәрілік заттың бастапқы сараптамасы (тіркеу дерекнамасы валидациясы) кезінде дәрілік заттың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапасын дәлелдеуге қатысты тіркеу дерекнамасында өтініш беруші ұсынған құжаттардың толықтығы, жинақтылығы және ресімдеу дұрыстығына бағалау жүргізіледі.

22. Тіркеу дерекнамасының құжаттарына ескертулер болған жағдайда өтініш берушіге ақпараттық жүйе немесе портал арқылы анықталған ескертулерді және оларды толық көлемде күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімде жою қажеттігін көрсете отырып, электрондық-цифрлық қолтаңбамен куәландырылған хат жіберіледі.

23. Ескертулер жойылмаған кезде мемлекеттік сараптама ұйымы дәрілік заттың сараптамасының тоқтатылғаны туралы өтініш берушіге хабарландыру жібереді (еркін нысанда).

24. Дәрілік заттың бастапқы сараптамасының (тіркеу дерекнамасы валидациясы) нәтижелері бойынша қойылған ескертулерді ескере отырып, осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес дәрілік заттың бастапқы сараптамасының (тіркеу дерекнамасы валидациясының) есебі немесе осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес дәрілік заттың тіркеу дерекнамасына енгізілетін өзгерістердің бастапқы сараптамасының (тіркеу дерекнамасының валидациясы) есебі жасалады.

## **3-параграф. Дәрілік заттардың мамандандырылған сараптамасын жүргізу тәртібі**

25. Дәрілік заттың бастапқы сараптамасының (тіркеу дерекнамасы валидациясы) оң нәтижесі осы Қағидалардың 6-тaraуында көзделген

мерзімдерде дәрілік заттың мамандандырылған сараптамасын жүргізу үшін негіз болып табылады.

26. Дәрілік заттың мамандандырылған сараптамасы тіркеу дерекнамасыныңқұжаттарындағы деректерді, оның ішінде дәрілік зат үлгілерін зертханалық сынау нәтижелерін талдау және сараптау негізінде дәрілік заттың қауіпсіздігін, сапасы мен тиімділігін және пайда-қатерінің арақатынасын бағалауды, сондай-ақ осы Ережеге 9-қосымшаға сәйкес дәрілік заттардың ұтымсыз комбинацияларының тізбесіне сәйкес дәрілік зат құрамында әсер ететін заттар комбинациясының ұтымдылығын бағалауды қамтиды.

27. Дәрілік заттың мамандандырылған сараптамасын штаттан тыс бейінді сарапшыларды тарту арқылы (қажет болған кезде) мемлекеттік сараптама ұйымының сарапшылар тобы жүзеге асырады.

28. Мамандандырылған сараптама кезеңінде тіркеу дерекнамасының құжаттарын зерделеу нәтижелері бойынша өтініш берушіге дәрілік заттың қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі бойынша жиынтық сұрау салу (еркін нысанда) жіберіледі.

Электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған жиынтық сұрау салу ақпараттық жүйе арқылы өтініш берушіге "жеке кабинетке" жіберіледі.

29. Өтініш беруші күнтізбелік алпыс күн ішінде мемлекеттік сараптама ұйымының сұрау салуына жауапты және қажетті материалдарды толық көлемде жібереді.

Алдыңғы сұрау салуга жауапта өтініш беруші ұсынған мәліметтерге қатысты қосымша сұрақтар туындаған жағдайда, өтініш беруші сұрау салуды алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде мемлекеттік сараптама ұйымының сұрау салуына жауапты және қажетті материалдарды жібереді.

30. Өтініш беруші осы Қағидалардың 29-тармағына сәйкес белгіленген мерзімде мемлекеттік сараптама ұйымының сұрау салуына жауап, толық емес жауап және қажетті материалдарды ұсынбаған кезде дәрілік препаратты бағалау бойынша сарапшылардың жиынтық есебі жасалады және материалдар дәрілік затты сараптамасынан бас тарту және тоқтату туралы шешім қабылдау үшін Сараптама кеңесіне жіберіледі.

Сараптама кеңесі ай сайын келіп түскен материалдарды қарайды және шешім нәтижесі өтініш берушіге күнтізбелік он күн ішінде жіберіледі.

31. Мамандандырылған сараптаманың нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәрілік препаратты Бағалау жөніндегі сарапшылардың жиынтық есебі және осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес тіркеу дерекнамасына енгізілетін өзгерістер кезінде Дәрілік препаратты бағалау

жөніндегі сарапшылардың жиынтық есебі жасалады. Дәрілік препаратты бағалау жөніндегі сарапшылардың есебінде дәрілік препараттың қауіпсіздігі, сапасы мен тиімділігінің барлық аспектілері көрсетіледі.

#### **4-параграф. Дәрілік заттарға зертханалық сынаулар жүргізу тәртібі**

32. Мамандандырылған сараптаманың оң есебі жағдайында осы Қағидалардың 6-тарауында көзделген мерзімдерде дәрілік заттың зертханалық сынауы жүргізіледі.

33. Дәрілік заттың зертханалық сынаулары дәрілік заттың қауіпсіздігі мен сапасы көрсеткіштерінің сәйкестігін растау мақсатында мемлекеттік сараптама ұйымының сынақ зертханаларында жүзеге асырылады және мыналарды қамтиды :

- 1) дәрілік заттардың үлгілерін сынау;
- 2) талдау әдістемелерінің қайта жаңартылуын айқындау.

Физикалық-химиялық, биологиялық зерттеулер кешенін пайдалана отырып дәрілік заттардың үлгілерінің сынау әсер ететін және қосымша қоспалардың сандық және сапалық құрамын, сондай-ақ биологиялық қауіпсіздік дәрежесін ( микробиологиялық тазалығы, уыттылығы, пирогенділігі) айқындауға бағытталған.

Дәрілік заттардың сапасын бақылау бойынша талдау әдістемесінің қайта жаңартуды айқындау сапа жөніндегі нормативтік құжатта көзделген олардың сәйкестігін растау мақсатында жүзеге асырылады.

34. Зертханалық сынақ мына жағдайларда жүргізілмейді:

- 1) дәрілік затты қайта тіркеу;
- 2) ҚР GMP сәйкес Қазақстан Республикасында, ICH (АйСиӘйч) өнірі елдерінде өндірілген және Жалпы техникалық құжат форматында тіркеу дерекнамасы бар дәрілік заттың сараптамасы;
- 3) Дүниежүзілік денсаулық сактау ұйымы қайта біліктілік берген дәрілік заттардың сараптамасы;
- 4) дәрілік заттардың жеделдетілген сараптамасы.

35. Зертханалық сынақтар жүргізу кезінде ескертулер анықталған жағдайда өтініш берушіге ақпараттық жүйе арқылы "жеке кабинетке" анықталған ескертулер мен оларды құнтізбелік тоқсан құннен аспайтын мерзімде толық көлемде жою қажеттігі көрсетілген хат жіберіледі.

36. Өтініш беруші мемлекеттік сараптама ұйымының хатында қойылған жауаптарды ұсынбаған жағдайда осы Қағидалардың 35-тармағына сәйкес

белгіленген мерзімде және зертханалық сынақтардың теріс нәтижелері бойынша материалдар дәрілік затты сараптаудан бас тарту және тоқтату туралы шешім қабылдау үшін сараптама көнестіне жіберіледі.

37. Дәрілік затты зертханалық сынау нәтижелері бойынша сынақ зертханасы осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сынақ хаттамасын жасайды.

38. Мемлекеттік сараптама ұйымының сынақ зертханасында дәрілік заттардың үлгілеріне зертханалық сынақтар жүргізу мүмкін болмаған жағдайларда, оның ішінде оларды орфандық, есірткі, психотроптық немесе олардың жоғары құны салдарынан жоғары шығынды нозологияларды емдеуге арналған санатқа жатқызу кезінде, көрсетілген үлгілерді Қазақстан Республикасының аумағына тасымалдау және (немесе) оларды сақтау шарттарын сақтау мүмкін болмаған, сараптама ұйымында арнайы жабдықтар мен шығыс материалдары болмаған жағдайларда және Қазақстан Республикасының аумағына тасымалдау және (немесе) оларды сақтау, егер өнімнің сапасы жөніндегі нормативтік құжаттарда өндіруші құралдарының, қымбат үлгідегі үлгілердің үлкен шығындарына байланысты, тасымалдаудың ерекше шарттарын талап ететін үлгілерге, ерекше жабдықтар мен қосалқы құралдарға сынақтар белгіленген болса, зертханалық сынақтар өндіруші сапасын бақылау зертханасында немесе өндіруші пайдаланатын келісімшарттың зертханада сараптама ұйымы өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі.

Зертханалық сынақтардың нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес өндірушінің сапасын бақылау зертханасында немесе өндіруші пайдаланатын келісімшарттың зертханада зертханалық сынақты жүргізу нәтижелері туралы есеп жасалады.

#### **4-тaraу. Дәрілік заттарға жүргізілген сараптама нәтижелерін қалыптастыру тәртібі**

39. Сараптама (бастапқы сараптама (тіркеу дерекнамасының валидациясы), мамандандырылған сараптама және зертханалық сынақтар) аяқталғаннан кейін өтініш беруші сараптама жүргізу мерзіміне кірмейтін күнтізбелік отыз құн ішінде мемлекеттік сараптама ұйымымен дәрілік препарат туралы жалпы (әкімшілік) мәліметтерді, қорытынды құжаттарды (сапасы бойынша нормативтік құжат, медицинада қолданылуы жөніндегі Нұсқаулық және орамды таңбалаш макеттері, заттаңбалар, таңбалануы бар стикерлер), оның ішінде енгізілген деректер және қорытынды құжаттардың жаңартуының сәйкесіздігі анықталған кезде дұрыстырын келіседі.

Келісу жеке кабинет арқылы немесе келісу параптың ұсыну арқылы жеке пароль арқылы электрондық түрде жүзеге асырылады.

Отініш беруші дәрілік зат туралы мәліметтерді сараптау аяқталған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң келісу болмаған жағдайда, дәрілік заттың сапасы мен тиімділігі қауіпсіздігі туралы қорытынды оның келісімінсіз қалыптастырылады.

40. Дәрілік заттың жүргізілген сараптамасының нәтижелері бойынша мемлекеттік сараптама ұйымы осы Ережеге 14-қосымшаға сәйкес сараптамаға мәлімделген дәрілік заттың қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытындыны және осы Ережеге 15-қосымшаға сәйкес тіркеу дерекнамасына енгізілетін өзгерістердің сараптамаға мәлімделген дәрілік заттың қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытындыны жасайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі мемлекеттік сараптама ұйымының уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында ақпараттық жүйе немесе портал арқылы өтініш берушіге "жеке кабинетке" жіберіледі.

41. Мемлекеттік сараптама ұйымы сараптама жүргізген басшының (немесе уәкілетті тұлғаның) және жауапты адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен электрондық түрде мемлекеттік органға жолдайды:

дәрілік заттың қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытынды;

Кодекстің 75-бабының 5-тармағында белгіленген тәртіпке сәйкес әзірленетін және сараптама ұйымымен келісілген дәрілік заттың жалпы сипаттамасы, дәрілік препараттың медицинада қолданылуы жөніндегі Нұсқаулық (қосымша парап) қазақ және орыс тілдерінде;

сараптама ұйымымен келісілген қазақ және орыс тілдеріндегі дәрілік зат орамдарының, заттанбаларының, стикерлерінің макеттері.

42. Дәрілік заттың қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытынды шын мәнінде жүз сексен күнтізбелік күн. Қорытындының қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда отініш беруші осы Ереженің 8-тармағында көзделген дәрілік заттарға сараптама жүргізуге отінішті, құжаттар мен материалдарды қайта береді

43. Экспорт және елдің ішкі нарығы үшін әртүрлі сауда атауларымен өндірілетін отандық дәрілік заттар үшін сараптама дәрілік заттың қауіпсіздігіне, сапасына және тиімділігіне бір қорытынды бере отырып жүргізіледі.

44. Дәрілік заттың қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы теріс қорытынды беруге:

1) осы Қағидаларда белгілеген мерзімде сараптама жүргізу процесінде отініш берушіге ескертулер берілгеннен кейін тіркеу дерекнамасының толық жиынтығын ұсынбау;

2) өтініш берушінің дұрыс мәлімет бермеуі;

3) дәрілік затты қолдануға байланысты қолайлы болып табылмайтын болуы мүмкін қауіптерге күтілетін пайданың қатынасы;

4) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік фармакопеясы немесе Қазақстан Республикасы аумағында қолданыста деп танылған фармакопеялармен регламенттелген немесе бұрын тіркелген аналогтармен салыстырғанда сапа және қауіпсіздік көрсеткіштерінің едәуір тәмен болуы;

5) дәрілік зат құрамында Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған заттар мен материалдардың болуы;

6) құрамында консерванттардың қатты дәрілік нысандарының болуы;

7) сараптама кезеңдерінің бірінің теріс нәтижелер және (немесе) бейінді ұйымдардың сарапшыларының теріс қорытындысын алуы;

8) өндірісті және сапасын қамтамасыз ету жүйесін бағалау нәтижелері бойынша мәлімделген өнімнің қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасын қамтамасыз ететін жағдайларға өндірістің нақты жағдайлары мен сапаны қамтамасыз ету жүйесінің сәйкес келмеуі;

9) өтініш беруші Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес өндіріс жағдайларын және сапаны қамтамасыз ету жүйесін бағалау мақсатында кәсіпорынға (өндіріс алаңында) баруды ұйымдастырудан бас тартуы;

10) дәрілік заттардың ұтымсыз комбинацияларын анықтау;

11) өтініш берушінің дәрілік препараттың клиникалық тиімділігі мен қауіпсіздігі дәлелдемеуі;

12) дәрілік препараттың сапасы расталмаған;

13) дәледенген "пайда-қауіп" қолайсыз қатынасы немесе анықталған тіркеуден кейінгі кезеңде жалпы сипаттамада бекітілген сипатталған дәрілік препаратты қолдану шарттарын сақтау кезінде терапиялық тиімділігінің болмауы ;

14) "пайда-қауіп" қолайсыз арақатынасын көрсететін фармакологиялық қадағалау дерекнамасы бойынша анықталған, соның ішінде дәрілік препараттың жалпы сипаттамасында бекітілген көрсетілген деректермен салыстыру бойынша жағымсыз реакцияларды репортируе жиілігінің елеулі асырылу жиіліктері;

15) мәлімделген препараттың сапалық және сандық құрамының сәйкесіздігі немесе оның тіркелу сәтіне мәлімделген нарықта оның айналысқа түсу кезеңіне дәрілік препараттың сапасының сәйкесіздігі;

16) тіркеу қуәлігінің ұстаушысының фармакологиялық қадағалау бойынша және тіркеу рәсімі шеңберінде міндеттемелерді орындаамауы;

17) енгізілетін өзгерістер дәрілік препараттың "пайда-қауіп" қатынасына теріс ықпал етеді.

45. Дәрілік заттың қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы теріс қорытынды немесе сараптама жүргізу басталғаннан кейін өтініш беруші сараптамаға өтініш қайтарып алған жағдайда сараптама жұмыстарын жүргізу құны өтініш берушіге қайтарылмайды.

46. Сараптама нәтижелері бойынша мемлекеттік сараптама ұйымы осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес дәрілік препараттың қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі бойынша жиынтық есепті қалыптастырады, оның бір бөлігін мемлекеттік сараптама ұйымының интернет-ресурсында орналастырады.

47. Сараптама рәсімі аяқталғаннан кейін мемлекеттік сараптама ұйымы сараптама нәтижесінің құжаттары мен материалдары (мемлекеттік сараптама ұйымының сұрау салуы бойынша өтініш беруші ұсынған қосымша материалдар, бастапқы сараптама қорытындысы (тіркеу дерекнамасының валидациясы), дәрілік препаратты сыни бағалау жөніндегі сарапшылардың қорытынды жиынтық есебі, сынақ зертханасының хаттамалары), қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытынды, дәрілік заттың жалпы сипаттамасы, медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық (қосымша парап), дәрілік заттардың сапасы жөніндегі нормативтік құжат, электрондық мұрағатта сақталатын орамдардың, заттаңбалардың, стикерлердің тіркелген макеттері бар тіркеу дерекнамасының электрондық мұрағаттық данасын қалыптастырады.

Тіркеу куәлігінің қолданылу уақытында архивтік тіркеу дерекнамасы сараптама нәтижелерінің құжаттары мен материалдары бар өзгерістер енгізуге берілген тіркеу дерекнамасын тоқтартылады.

Тіркеу дерекнамасы электрондық архивте он жыл бойы электрондық тасымалдағышта сақталады.

## **5-тaraу. Дәрілік затқа сараптама жүргізу ерекшеліктері**

48. Мемлекеттік сараптама ұйымы мен өтініш беруші арасында сараптама жүргізу кезеңінде туындастын түсіндіру немесе нақтылау өтініш берушінің жеке паролі бойынша электрондық құжатты қалыптастыру арқылы өтініш берушінің және мемлекеттік сараптама ұйымының электрондық-цифрлық қолтаңбасы бар ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырылады.

Өтініш беруші сұрау салынған құжаттарды ұсынған уақытта сараптама тоқтатыла түрады.

49. Сараптама шеңберінде мемлекеттік сараптама ұйымы аударманың дәлме-дәлдігін тексеруді немесе дәрілік заттың жалпы сипаттамасының, медициналық қолданылуы жөніндегі нұсқаулықтың (қосымша парап), орамды таңбалау макеттерінің, заттаңбалардың, таңбалануы бар стикерлердің қазақ тіліне аударылуын жүзеге асырады.

50. Қазақстан Республикасы үшін ұсынылатын түпнұсқалық дәрілік препараттың медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулығындағы ақпарат (қосымша парап) өндіруші елдің немесе тіркеу күелігін ұстаушы елдің уәкілетті органдары мақұлдаған дәрілік препараттың жалпы сипаттамасында жазылған ақпаратқа сәйкес келеді.

Дәрілік заттың жалпы сипаттамасында, дәрілік препараттың медицинада қолданылуы жөніндегі нұсқаулықта (қосымша парап) қосымша заттар, олардың дәрілік препараттардағы атаулы құрамы, сондай-ақ осы Ережеге 17-қосымшаға сәйкес дәрілік препаратты қолдануды шектеу туралы ақпарат көрсетіледі.

51. Дәрілік препараттың жалпы сипаттамасы, Дәрілік препаратты медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулығы (қосымша парап) қайта өндірілген, биоаналогтық дәрілік препараттың және медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық бірегей дәрілік препараттың жалпы сипаттамасына сәйкес келеді. Қайта өндірілген, биоаналогтық дәрілік препараттың медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықта кеңеюі немесе дозалау режимі немесе енгізу жолдары жағына қолданылуы бойынша бірегей дәрілік препараттан айырмашылық болған жағдайда тиісті клиникалық зерттеулер нәтижелері ұсынылады.

52. Бірегей препараттың тіркеу күелігінің ұстаушысы өндірушінің немесе тіркеу күелігі ұстаушысының елінде дәрілік препараттың жалпы сипаттамасын жаңартқаннан кейін күнтізбелік тоқсан күн ішінде медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер енгізуге өтініш береді.

53. Мемлекеттік сараптама ұйымы түпнұсқалық дәрілік препараттың нұсқаулығына өзгерістер енгізілгеннен кейін немесе түпнұсқалық препараттың Қазақстан Республикасында тіркелуі болмаған жағдайда, халықаралық көздер және фармакоқадағалау нәтижелері бойынша түпнұсқалық дәрілік препараттың жалпы сипаттамасындағы өзгерістер туралы анықталған жағдайда барлық генерикалық препараттардың тіркеу күеліктерін ұстаушылардың ақпараттық ресурстары арқылы түпнұсқалық препараттың Нұсқаулығына өзгерістер енгізілгеннен кейін күнтізбелік тоқсан күн ішінде тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу рәсімі арқылы дәрілік заттың жалпы сипаттамасын медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулыққа (қосымша парап) тиісті өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы хабардар етеді.

Түпнұсқалық препараттың тіркеу күелігін ұстаушы мемлекеттік сараптама ұйымының ақпараттық ресурсында орналастырылған фармакоқадағалау нәтижесінде анықталған сәйкесіздіктер бойынша және ресми халықаралық дереккөздер бойынша күнтізбелік тоқсан күн ішінде ақпараттың негізінде медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулыққа (қосымша парап) және дәрілік заттың жалпы сипаттамасына өзгерістер енгізеді.

54. Осы Қағидалардың 52 және 53-тармақтарында көрсетілген шарт орындалмаған жағдайда мемлекеттік сараптама ұйымы дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналымы саласындағы мемлекеттік органды (бұдан әрі – мемлекеттік орган) тіркеу куәлігінің қолданылуын тоқтата түру қажеттігі туралы хабардар етеді (еркін нысанда).

55. Мерзімсіз тіркеу куәлігі бар дәрілік заттарға мемлекеттік сараптама ұйымы өтініш беруші мен мемлекеттік сараптама ұйымы арасындағы шарт негізінде мемлекеттік сараптама ұйымының шығыстарын өтеумен бірге фармакологиялық қадағалау негізінде "пайда-қауіп" арақатынасын мерзімдік бағалауды жүзеге асырады.

56. Тіркеу дерекнамасына енгізілетін өзгерістер сараптамасы тіркеу куәлігінің қолданылу кезеңінде дәрілік заттарға жүзеге асырылады және дәрілік препарттың пайда-қауіп арақатынасына теріс әсер етпейді.

57. Өзгерістер осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес дәрілік заттың тіркеу дерекнамасына енгізілетін өзгерістер түрлерінің тізбесіне сәйкес жіктеледі:

1) IA типті елеусіз өзгеріс - (дәрілік препараттың тіркеу куәлігінің қолданылу кезеңінде берілген және жаңа тіркеуді талап етпейтін тіркелген дәрілік препараттың қауіпсіздігіне, сапасына және тиімділігіне ең аз әсер ететін немесе әсер етпейтін өзгеріс);

2) IB типті елеусіз өзгеріс - (жаңа тіркеуді талап етпейтін IA типті және II типті өзгерістерді анықтауға жатпайтын өзгеріс);

3) II типті елеулі өзгеріс - дәрілік препаратты жаңа тіркеуді талап етпейтін және оның қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне елеулі әсер етуі мүмкін тіркеу дерекнамасының материалдарына кез келген өзгерістер;

4) тіркелген (қайта тіркелген) дәрілік препаратты қолданғанда қоғам денсаулығына келетін қауіпті анықтаған жағдайда өтініш беруші енгізетін дәрілік препаратты пайдалану қауіпсіздігімен байланысты жедел уақытша шектеулер-дәрілік заттың қауіпсіздігіне қатысты жедел өзгерістерге жіктеледі. Тіркеу куәлігінің ұстаушысы жиырма төрт сағат ішінде енгізілетін шектеулер туралы мемлекеттік органға хабарлайды. Егер осы ақпаратты алғаннан кейін жиырма төрт сағат ішінде мемлекеттік органнан наразылық келіп түспесе, қауіпсіздігімен байланысты жедел шектеулер қабылданған болып саналады. Шектеулерді іске асыру мерзімдерін тіркеу куәлігінің ұстаушысы мен мемлекеттік орган келіседі.

Қауіпсіздікпен байланысты жедел шектеулерге адамның өмірі мен денсаулығына қаупі болған кезде мемлекеттік орган бастама жасайды.

Жедел шектеулерді енгізуге қатысты өзгерістер енгізуге берілген өтінішті (тіркеу куәлігінің ұстаушысы немесе мемлекеттік орган бастама жасаған) тіркеу

куәлігінің ұстаушысы хабардар етілген сәттен бастап күнтізбелік алпыс құннен кешіктірмей қарауға ұсынылады.

58. Сараптамаға әрбір нақты өзгеріс, олар бір уақытта енгізілген жағдайда жатады.

59. Осы Қағидаларда жіктелмеген өзгерістер енгізілген жағдайда өтініш беруші өзгерістер жіктемесі жөніндегі ұсыныстарды алу мақсатында консультациялар рәсімі арқылы мемлекеттік сараптама үйымына жүргінеді.

Мемлекеттік сараптама үйымы сұрау салу алынғаннан кейін күнтізбелік отыз қүн ішінде өтініш берушіге электрондық және (немесе) қағаз жеткізгіште жауап жіберіледі.

60. IA типті өзгерістер енгізу кезінде:

1) IA типті өзгерістер мемлекеттік сараптама үйымы мамандандырылған сараптама жүргізбей бағалауға жатады. Өтініш беруші осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес тиісті өзгерістер енгізілген күннен бастап он екі ай ішінде енгізілген өзгерістерді растайтын құжаттарды ұсынады;

2) өтініш беруші дәрілік затты үздіксіз бақылау мақсатында деруу хабарлауды талап ететін IA типті өзгерген жағдайда мемлекеттік сараптама үйымына хабарлайды;

3) тіркеу куәлігінің ұстаушысы бір өтініш шенберінде бір тіркеу куәлігіне қатысты IA типті біrnеше елеусіз өзгеріс жөнінде көрсетеді;

4) мемлекеттік сараптама үйымы өтініш келіп түскен сәттен бастап IA типті өзгерістерге бағалауды жүргізеді және тіркеу куәлігінің ұстаушысын осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу мақсатында сараптамаға мәлімделген дәрілік заттың қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы өзінің қорытындысы туралы хабардар етеді;

5) тіркеу куәлігі дерекнамасын өзгертуді талап ететін өзгерістер енгізілген жағдайда мемлекеттік орган тіркеу куәлігі қолданылуының қалдық мерзіміне бұрынғы нөмірмен жаңа тіркеу куәлігін береді.

61. IB типті өзгерістер енгізген кезде:

1) өтініш беруші осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес құжаттарды ұсынады;

2) тіркеу куәлігін ұстаушылар бір өтініш шенберінде бір тіркеу куәлігіне қатысты IB типті біrnеше өзгерістер туралы хабардар ете алады немесе осындай топтау осы Ереженің 18-қосымшасында санамаланған шарттарға сәйкес келген жағдайда, бір тіркеу куәлігіне байланысты IA типті басқа өзгерістермен IB типті бір немесе біrnеше өзгерістерді топтастыра алады.;

3) тіркеу күелігінің дерекнамасын өзгертуді талап ететін өзгерістер енгізілген жағдайда мемлекеттік орган тіркеу күелігі қолданылуының қалдық мерзіміне бұрынғы нөмірімен жаңа тіркеу күелігін береді.

62. IА типті және IБ типті басқа да бірізді өзгерістерге әкелетін IБ типті өзгерістер енгізілген жағдайда I типті барлық бірізді өзгерістерді қамтитын бір өтініш беріледі.

63. II типті елеулі өзгерістер енгізілген жағдайда:

1) өтініш беруші осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес құжаттарды ұсынады;

2) өтініш II типті бір өзгерістен тұрады. Егер II типті бірнеше өзгерісті енгізу қажет болса, жекелеген өтініштер әрбір өзгеріске қатысты беріледі, әрбір өтініш басқа өтінішке сілтемелерді қамтиды;

3) егер II типті өзгерту II типті басқа бірізді өзгерістерге әкеп соқтырса, бір өтініш II типті осындай бірізді өзгерістер арасындағы сәйкестіктердің сипаттамасымен бірге барлық бірізді өзгерістерді қамтиды.

Егер II типті өзгерту I типті басқа бірізді өзгерістерге әкеп соқтырса, бір өтініш I және II типті осындай бірізді өзгерістер арасындағы сәйкестіктердің сипаттамасымен бірге барлық бірізді өзгерістерді қамтиды.

Тіркеу дерекнамасына IБ, II типті өзгерістерді енгізу сараптамасына өтініш беруді өтініш беруші өндіруші немесе тіркеу күелігін ұстаушы елінде енгізілген өзгерістер бекітілгеннен кейін үш ай ішінде жүзеге асырады.

6) оның активті заттары басқа тұзбен, эфирмен немесе тіркелген препараттың туынды активті зат берілген генерик үшін фармакинетикте, фармакодинамикада және (немесе) генерик уыттылығында өзгерістердің жоқ екеніні дәлелдейтін тиісті клиникаға дейінгі және (немесе) клиникалық зерттеулер/биобаламалығының зерттеулері есептері ұсынылады, осындағы дәлелдер ұсынылмаған жағдайда осы зат жаңа активті зат ретінде қаралады.

2.4. Ішке қабылдауға арналған тез босатылатын қатты дәрілік түрдегі генериктер үшін және активті заттардың концентрациясы организмнің (қан плазмасы, несеп) биологиялық сұйықтықта өлшенеді, биобаламалықты зерттеудің дерекнамасы ұсынылады.

Ішке қабылдауға арналған тез босатылатын қатты дәрілік түрдегі, активті заттардың концентрациясын организмнің биологиялық сұйықтығында өлшеу мүмкін емес генериктер үшін салыстырмалы фармакодинамикалық клиникалық зерттеулердің немесе салыстырмалы терапиялық баламалығын зерттеулер дерекнамасы ұсынылады.

2.5. Биовейвер рәсімі бойынша тіркелетін генериктерге тіркеу материалдары:

2.5.1. I және III класының субстанциялары жағдайында БЖЖ мынадай жағдайларда қанағаттандырылады:

1) жақсы ертілетін және толықтай абсорбацияланатын дәрілік заттардың субстанциялары дәлелденген (БЖЖ I и III класса);

2) өте жылдам ( $> 85\% 15$  минут ішінде) немесе бірдей ерітілуі ( $85\% 30$  минут ішінде) тестіленетін және референтті дәрілік заттардың ин-витросы талап етілетін жағдайларда көрсетілген;

3) биоқолжетімділікке әсер ететін, референтті препараттармен сандық және сапалық бірдей қосымша заттар.

5-модульдің 5.3.1-бөлімінде ин-витро ерітіндісін зерттеудің толық құжаттамасы ұсынылады:

1) адамның қатысуымен салыстырмалы фармакинетикалық зерттеулердің баламасы ретінде биовейвер рәсімінің негіздемесі: қауіптерді бағалау, фармацевтикалық баламалықты дәлелдеу, зерттелетін және референтті

препараттағы әсер ететін заттардың, технологиялық процестің, қосалқы заттардың сипаттамасы олар биоқолжетімділікке әсер етеді, генерикте және референтті препаратта сапасы мен саны бірдей болып табылады;

2) зерттеу хаттамасы, әсер ететін заттың абсорбациясының (сіңірлуінің) хаттамасы;

3) препараттардың тестіленетін (өндіру сериясы, күні, жарамдылық мерзімі, сериялар көлемі, әсер ететін зхаттардың сандық көлемі) және референтті (референттік препараттың көзі, сериясы, жарамдылық мерзімі, сериялар көлемі, әсер ететін зхаттардың сандық көлемі) сериялары туралы ақпарат;

4) зерттеудің ин-витроның эксперименталды жағдайларды тандау сипаттамасы және негіздемесі (еріту, сынауды іріктеу әдістері үшін ортаны дайындау жағдайлары, талдамалық әдісті сипаттау және сынауды дайындау);

5) бастапқы дерекнамасы бар әрбір ортада айқындау әдістемесін валидациялау;

6) әрбір орта үшін сынауларды алудың барлық уақытша нұктелерде хроматограммалар;

7) қорытынды статистика: пиктердің, аландардың, концентрациясының, кестесінің, ұқсас факторды есептелеу есептелген дерекнамасы

Процедура биовейвер рәсімі зерттелетін және референтті препараттаға әсер ететін заттар бірдей болған жағдайда қолданылады, препаратта әсер ететін заттардың әртүрлі тұздарынан тұрады, олар БЖЖ I және III класына жатады (жылда еру және толық абсорбация).

Ұқсас факторды бағалау мынадай жағдайлар ескеріле отырып жүргізіледі:

1) нұктенің кемінде үш уақытша нұкте (нөлді қоспағанда);

2) екі пропарат үшін бірдей уақытша нұкте;

3) әр пропарат үшін әрбір уақытша нұкте үшін он екі жеке мән;

4) кез келген пропарат үшін еріту  $> 85\%$  бірден аспайтын орташа мәні;

5) стандартты ауытқу немесе кез келген препараттың ауытқу коэффициенті бірінші нұкте үшін 20% төмен және екіншіден бастап соңғы уақытша нұктеге дейін 10% төмен болмауы тиіс.

2.5.2. Қосымша дозалау жағдайында мынадай жағдайларда қанағаттандырылады:

1) дәрілік заттың әртүрлі дозасы үшін бірдей өндірістік процесс;

2) дәрілік заттардың әртүрлі дозасының бірдей сапалы құрамы (активті және қосымша заттар);

3) сандық барабар құрамы, яғни әрбір толықтыру санының активті заттар саны арасындағы қатынасы барлық дозасы үшін бірдей (улдір қабықпен қапталған, бояғыштар және дәмдеуіш қоспалардың компоненттерін қоспағанда).

Егер осы тармақтың 1) және 2) немесе 1) және 3) тармақшалардың жағдайы дәрілік заттардың әртүрлі дозасының сандық құрамының барабарлығына айырмашылық болмаған кезде орындалған болып саналады, олар үшін биовейвер қаралатын биобаламалығы және дозасында пайдаланылатын дәрілік заттардың дозасына қатысты орындалады:

1) таблетканың ядросы немесе капсуланың құрамының салмағынан 5% аз активті заттың (заттардың) саны;

2) таблетканың ядросы немесе капсуланың құрамына кіретін әртүрлі қосымша заттардың бірдей сандық құрамы;

3) толықтырғыштың саны активті заттардың санының өзгеруіне сәйкес өзгереді; таблетка ядросында немесе капсуланың құрамы басқа қосымша заттардың саны қаралатын әртүрлі дозалар үшін бірдей болуы тиіс.

2.6. Биобаламалығын қосымша зерттеуден бас тарту дұрыстыры ин-витро ерітіндінің тиісті дерекнамасы расталады:

1) сходство растворения ин-витро ерітудің бірдей болуы pH барлық жағдайлары үшін және зерттецлерде пайдаланылатын дәрілік заттың партияларымен, зерттеулердегі пайдаланылған, яғни қосымша дозалар мен биобаламалығын зерттеу үшін дәрілік заттардың дозасы арасындағы демонстрациялау қажет;

2) pH мәндер кезінде, егер дәрілік заттың барлық дозасы үшін тиісті ерітуге қол жеткізілмесе, онда ин-витро ерітіндісі әртүрлі доза үшін әртүрлі болады; бұл ретте референтті дәрілік заттың тиісті дозасымен салыстыруды жүргізе отырып препарат құрамының есебінен емес осындағы айырмашылық дәрілік субстанция есебінен туындайтынын раставу қажет.

### 3. Гибридті дәрілік препарат

Гибридті дәрілік препаратты мемлекеттік тіркеу үшін мынадай деректер ұсынылады:

1-модулде немесе Тізбенің I бөлімі өтініш беруші оны тіркеу үшін өтініш берілген препарат тиісті референтті препаратқа қатысты гибридті препарат болып табылады деп қысқаша ақпарат, қорытынды негіздеме мен фактілерді ұсынады, Қорытынды препарат туралы, активті фармацевтикалық субстанциялары, дәрілік түрі, дозасы, қолдануға көрсетілімдері, референтті препаратпен салыстырғанда қолдану тәсілі, сондай-ақ қажет болған кезде осы препараттың биоқолжетімділігі және биобаламалығы туралы мәлімет туралы ақпараттан тұрады.

Белгілі бір жағдайларда қауіпті басқару жоспары талап етіледі.

Белгілі бір элементтер болмаған жағдайда тиісті бөлімде оның болмауы жөнінде негізде ұсыну керек.

Клиникаға дейінгі және клиникалық деректер шолуында мынадай элементтерге ерекше көніл бөлінеді:

Фармацевтикалық нарықта сатуға жататын препарат серияларында активті заттардың қоспасының бейінінің түйіндемесі (және сәйкесінше жағдайларда сақтау кезінде қалыптасатын болуы мүмкін өнімдердің бүлінуі);

Тіркеуге осы өтінімнің шенберінде активті заттар бойынша әдеби жарияланымдарды жаңарту; осы талап рецензияланатын журналдарда мақаланың сілтемесі арқылы орындалады;

Бұрын белгілі болмаған немесе препараттың сипаттамасынан туындастын және/немесе оның терапиялық тобының дәрілік препаратының жалпы сипаттамасында әрбір тармақ клиникаға дейінгі және клиникалық шолуларда/жарияланған әдебиеттен дәлелдердің түйіндемесе және бекіту және/немесе қосымша зерттеулердің нәтижелерін талдау жүргізу керек;

мәлімделген препараттың қауіпсіздігі және/немесе тиімділігі бейінін дәлелдейтін қосымша ақпаратты ұсыну керек, осында референтті препараттан ерекшеленбейді (өзінің клиникаға дейінгі және (немесе) клиникалық зерттеулердің түйіндемесі).

Гибридті дәрілік препараттың клиникаға дейінгі және (немесе) клиникалық зерттеулер нәтижелерін 4 және 5-модулдердің бөлімдеріне немесе Тізбенің III, IV бөлімдеріне қосу керек.

Қайта өндірілген дәрілік препараттар мен гибридті препараттар үшін қажетті қосымша зерттеулерді жүргізу:

1) әртүрлі тұздар/күрделі эфирлер/кешендер/олардың туындылары (молекуланың сол бір активті бөлігінде) қауіпсіздік/тиімділік бейініне елеулі ықпал ететін (жаңа активті зат ретінде қарау керек) молекуланың активті бөлігінің фармакокинетикасында, фармакодинамикасында және/немесе уыттылығында ешқандай өзгерістер жоқ екені туралы дәлелді ұсынады;

2) қолданудың басқа тәсілі/ басқа дәрілік түрі (ішке қолдану, артерия ішіне, венаішіне, бұлшиқет ішіне, тері астына және басқа да енгізу әдістері арқылы айырмашлықты жүргізу қажет) өзге де дәрілік түрін енгізуудің жаңа енгізу жолы (сол бір енгізу тәсілі кезінде) клиникалық деректер (қауіпсіздік/тиімділік), егер осы қолданылса фармакокинетикалық зерттеу, тиісті клиникаға дейінгі деректер (мысалы жеке қабылдау алмауы) ұсынады;

3) сол бір енгізу жолдары/дәрілік түрі және қолдануға көрсетілімдер кезінде басқа да дозасы салыстырмалы биожетімділікті зерттеу ұсынылады;

4) дозасының интервалын сақтау кезінде биоқолжетімділіктен тыс препараттар ұқсас плазма/қан концентрациясында қол жеткізуге арналған салыстырмалы биоқолжетімділікті зерттеу ұсынады.

## 4. Биологиялық препараттар

4.1 Адамның қаны мен плазмасынан алынған дәрілік препараттар үшін өтініш беруші плазмаға жеке мастер-файлмен қосымшамен сүймелденетін толық дәрілік препараттың тіркеу дерегі ұсынылады.

Қан плазмасына мастер-файл дәрілік препараттың тіркеу құжатынан бөлек және дәрілік препаратардың немесе медициналық бұйымдардың бір бөлігі болып табылатын субфракциялар немесе аралық фракциялар, қосымша заттардың компоненттері немесе активті заттарды өндіру кезінде шығыфс метриалдар және (немесе) шикізат ретінде пайдаланылған адамның барлық плазмасының сипаттамасы туралы барлық маңызды егжей-тегжейлі мәліметінен тұратын өз бетінше құжат болып табылады;

Егер тіркеу құжатына плазмадан алынған компоненттен, онда шығыс материал (шикізат) ретінде пайдаланылған плазма үшін иесінің мастер-файлға сілтеме көзделеді.

4.1.1 Иесінің мастер-файлі шығыс материал (шикізат) ретінде пайдаланылған плазма туралы мынадай ақпараттан тұрады:

инспекция және осы қызметтің түрін енгізуге арнайы рұқсат туралы деректерді қоса алғанда қан (плазма) жинау жүргізіледі, сондай-ақ қан (плазма) дайындау жүргізілетін өнірде қан арқылы берілетін инфекциялар туралы эпидемиологиялық деректердің қан (плазма) алынатын орталықтар мен мекемелер туралы ақпарат;

осы орталықтар немесе мекемелердің инспекциялық және реттеуші статусын қоса алғанда плазманың донациясы мен пулдарын бақылау жүргізілетін орталықтар немесе мекмелер туралы ақпарат;

дайын дәрілік препаратқа дейін және керісінше қан (плазманы) жинайтын мекемеден әрбір донацияның жолын қадағалауға мүмкіндік беретін әсер ететін жүйелерді сипаттау;

плазманың сапасы және оның қауіпсіздігі;

сапның мемлекеттік фармакопея мақалалрына (монографиларына) сәйкес келуі;

бақылау әдістері туралы ақпаратты және плазма пулдары жағдайында – пайдаланылған әдістердің осы валидациясын қоса алғанда инфекция қоздырғыштардың бар-жоғы туралы жиналған қанды (плазманы) және олардың плазмаларын бақылау;

пайдаланылған антикоагулянтар ертінділері туралы ақпартты қоса алғанда қан және плазманы жинау үшін контейнерлердің техникалық сипаттамасы;

плазманы сақтау және тасымалдау талаптары;

өндіріс үшін және (немесе) карантин кезеңі үшін пайдаланылатын кез келген материалды сақтау рәсімі;

плазма пулының сипаттамасы;

плазмадан алынған дәрілік препартың өндірушісі және (немесе) плазманы фракциялайтын және (немесе) қайта өндейтін орталықтар немесе мекемелер және қанды (плазманы) жинау және бақылау бойынша орталықтар немесе мекемелер арасындағы өзара іс-қимылдың белгіленген жүйесін сипаттау, сондай-ақ плазмаға оның келісілген ерекшелігі.

Плазмаға мастер-файлда оған осы дәрілік препарат тіркелген болып табылуына қарамастан қолданылатын дәрілік препараттың тізбесінен тұрады, тіркеу процесінде немесе клиникалық зерттеулер сатысында.

4.1.2 Плазмаға мастер-файл жыл сайынғы жаңартуға және қайта сараптамаға жатады.

Плазмаға мастер-файлда өзгерістер енгізу кезінде ол өзгерістер енгізу рәсіміне сәйкес сараптамаға жатады.

Медициналық қолдану үшін вакциналарға қатысты шығыс материалдарға және шикізатқа қойылатын талаптар вакциналық антигеннің мастер файлымен алмастырылады. Адамның тұмау профилактикасы үшін вакцилара болып табылмайтын вакциналар жағдайында осы вакцинаның активті заттар болып табылатын әрбір антиген үшін вакциналық антигеннің мастер файлы ұсынылады. Вакциналық антигеннің мастер-файлы З "Сапа" модулінің тиісті бөлігінен (Активті фармацевтикалық субстанция) алынған мына ақпарттан тұрады.

Активті зат:

мемлекеттік фармакопеялардың мақаларына (монографияларына) сәйкестігі туралы мәліметті қоса алғанда жалпы ақпарт;

активті заттың өндірушісі туралы ақпарат: өндірісті процесс туралы ақпарат, шығыс материалдар мен шикізат туралы, трансмиссивті ерін энцефалопатиясына қатысты арнайы шаралар және бөгде инфекциялық агенттердің қауіпсіздігін бағалау, үй-жайлар мен жабдықтар туралы ақпарат;

активті заттың сипаттамасы;

активті заттың сапасын бақылау;

стандартты үлгілер мен материалдар;

активті заттардың бастапқы қаптау және тығындау жүйесі;

активті заттың тұрақтылығы.

4.1.3 Жаңа вакциналық антигеннен тұратын жаңа вакциналар үшін жаңа вакциналық антигендерден тұратын өтініш беруші егер вакциналық антигеннің

мастер-файлы осындай вакциналық антигені жоқ жаңа вакцина бөлігі болып табылатын әрбір вакциналық антигенге вакциналық антигеннің барлық мастер-файлдарын қоса алғанда толық тіркеу құжаты ұсынылады. Көрсетілген талаптар сонымен қатар тіркелген вакциналардың бір немесе одан да көп антиген бөліктері болып табылуына қарамастан вакциналық антигендердің жаңа комбинациясынан тұратын әрбір вакцинаға қолданылады. Вакциналық антиген мастер-фацлына өзгерістер енгізу кезінде мастер-файл өзгерістер енгізу рәсіміне сәйкес сараптамаға жатады.

## **5. Биоаналогтық дәрілік препарат (биоаналог, биотектес дәрілік препарат, биосимиляр)**

5.1. Биоаналогтық дәрілік препараттың сараптамасы үшін бірегей (референтті) биологиялық дәрілік затпен бірге салыстырмалы зерттеулердің деректер ұсынылады.

ЖТҚ форматының 1-модулінде немесе тіркеу дерегінің Тізбесінің I бөлігінде етініш беруші сараптамаға берілетін дәрілік препарат бірегей (референтті) дәрілік препаратқа биоаналогты (биоұқсас) дәрілік препарат болып табылатынын көрсететін негіздер мен фактілердің түйіндемесін ұсынады. Түйіндеме дәрілік препарат, активті зат, дәрілік түрі, дозасы, қолдануға көрсетілімдер және бірегей (референтті) дәрілік препарат туралы ұқсас ақпаратпен салыстырғанда қолдану тәсілі туралы ақпараттан тұрады.

ЖТҚ форматының 1-модулінде тіркеу дерегі немесе Тізбенің I бөлігінде тіркеу дерегінің ұстаушысының фармакологиялық қадағалау жүйесі туралы қысқаша ақпаратпен бірге биоаналогты (биоұқсас) дәрілік препаратты сараптамаға мәлімделген қауіпті басқару жоспары ұсынылады.

5.2. биоаналогты дәрілік препараттың сапасы, қауіпсіздігі, тиімділігі және иммуногендігі оларды әзірлеу фазасында клиникаға дейінгі және клиникалық фазасында Еуразиялық экономикалық одақ шенберінде сол бір эталондық референтті биологиялық дәрілік заттармен салыстырылады

ЖТҚ форматының 2, 3, 4 және 5-модулдерінде немесе биосимилярдың тіркеу дерегінің Тізбесінің II, III, IV бөліктері мынадай ақпараттан тұрады:

1) молекулярлық және биологиялық активті заттардың сипаттамасының ұқсастығын растау және эталондық биологиялық дәрілік зат (бастапқы құрылым және трансляциядан кейін модификация бойынша анағұрлым жоғары тәртіптің құрылымы бойынша бөліктер (атап айтқанда гликонысандарды қоса алғанда) биологиялық активті, тазалығы, қоспалары);

2) дайын препараттың сипаттамасының ұқсастығын растау (дәрілік түрі, сандық және сапалық құрамы, дозасы, қолдану тәсілі, сақтау шарттары, сақтау

мерзімі, тұрақтылығы, қоспа бейіні) биосимиляр және эталондық биологиялық дәрілік зат; қоспалар бейінінде және биосимилярдың қосымша заттары және референтті препаратта айырмашылық жол беріледі, өтініш беруші жаңа технологияларды болуын назарға алады, мынадай өлшемшарттар бойынша қоспалардың бейіні, тұратылығы, үйлесімділігі (қосымша заттармен, ерітінділермен және қаптама материалдарымен), тұтастыры (биологиялық, сонымен қатар физикалық-химиялық деңгейде), белсенділігі және активті заттардың қолданылу күші бойынша таңдалған құрамына сәйке көрсетіледі;

3) эталондық биологиялық дәрілік затты таңдау өлшемшарттары;

4) оның қауіпсіздігі мен тиімділігіне әлеуетті әсер ететін биосимилярды әзірлеу кезінде айыршалықтар жағдайында оның айырмашылығын сипаттау үшін жануарлар жүргізілген зерттеулер мен клиникалық зерттерулер бойынша қосымша деректер ұсынылады;

5) балк-өнімі және дайын дәрілік түрі, сақтау үшін контейнерлерді толықтыру, модификация реакциялары, жинау, жасушылар экспрессиялары және банктері, жасушылардың күрделіліктері/ашуы, жинау, тазалау векторларының әзірлемесімен бастай отырып өндірістік процес бойынша деректердің толық сипаттамасы және пакеті;

6) дәрілік түрі, қаптау/тығындау құрамы мен жүйесі (микроб ластануының алдын алу үшін олардың тұтастырың қоса алғанда) айқындау және валидациялау үшін фармацевтикалық әзірлеме барысында жүргізілетін зерттеулер;

7) эталондық биологиялық дәрілік зат үшін белгілі дәрілік заттың маңызды сапалық көрсеткіштерін айқындайтын және бақылайтын биосимилярдың ерекшелігі (осындай сәйкестендіру; тазалық; белсенділігі; өлшемдері, заряды жоспарында молекуларлық гетерогенділігі және гидрофобдылығы, мұнда олардың айқындылығы мүмкін; сиалирлеу дәрежесі; жекелеген полипептидті тізбектердің саны; функционалдық аяны гликозилирлеу; агрегация деңгейі; акуыз және ДНК иесінің жасушасы сияқты қоспалар);

8) тұрақтылық зерттеуі;

9) клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулердің нәтижелері (клиникаға дейінгі зерттеулер негізінде қауіптердің бағалауына негізделген тәсілдер жатады, және онда мүмкін емес жануарларға зерттеу жүргізуі болдырмау керек): рецептормен немесе жасушалар талдауларымен байланысты ин-витро зерттеу (мысалы, жасушалар пролиферациясының талдауы немесе цитоуыттылық талдауы) қажетті клиникаға дейінгі зерттеулер болып табылады; сәйкес келетін жануарлар түріне ин-виво зерттеу (онда эталондық биологиялық дәрілік заттың фармакодинамикалық және (немесе) уыттылық белсенділігі зерделенді; ("доза-әсер" дозасынан әсерінің қисық байланысы), бастапқы қауіпсіз дозасын айқындау және кейіннен клиникалық зерттеулерде дозалардың арттыру

схемалары, фармакологиялық қауіпсіздікті зерттеу; токсикокинетиканы бағалауды қоса алғанда көп реттік енгізу кезінде уыттылықтың бір рет зерттеу нәтижелері, иммундық жауаптарды айқындау және сипаттамасы, соның ішінде антидене титрлері, гомологиялық эндогенді құбылдаудың және нейтрализиленген қабілеттілігінің реактивтілігі; жеке қабылдауын бағалау; репродуктивті уыттылық, геноуыттылығы, мутагенділігі және канцерогенділігі (және болған кезде) бағалауды қамтитын уыттылық зерттеулердің дерекнамасы көп реттік енгізу кезінде уыттылық зерттеу нәтижелері, жеке қабылдауды зерттеу нәтижелерін ұсыну талап етіледі әлеуетті қауіпті анықтайды және (немесе) эталондық биологиялық дәрілік заттың уыттылық қасиеті белгілі болса (мысалы репродуктивті функциялардың сипаты және күрделілігі);

10) клиникалық зерттеулер нәтижелері (референтті препараттың сипаты мен күрделілігі, физикалық-химиялық, биологиялық зерттеулердегі ұқсастық дәрежесі клиникалық зерттеулерді жоспарлауға әсер етеді):

Фармакокинетикалық зерттеулер (бір реттік енгізу кезінде фармакокинетикалық зерттеулер; дозасы мен уақытына байланысты көп реттік енгізу кезінде фармакокинетикалық зерттеулер; референтті препаратты биосимиляр мен референтті препараттың фармакинетикалық салыстыру өзіне сініруді, биоқолжетімділікті, шығару сипаттамасын қамтиды (клиренс және (немесе) ішінара шығару кезеңі));

Фармакодинамикалық зерттеулер (фармакодинамикалық әсерлер сәйкес келетін жариялымы және клиникаға дейінгі зерттеулерде доза-әсердің қисықтығына қарай қисықтың күрделі бөлігінен дозаларды қолданумен бағаланады);

қолайсыз құбылыстардың/жағымсыз әсерлердің түрі, жиілігі және күрделілігін бағалауды қоса алғанда салыстырмалы клиникалық зерттеулер;

нысаналы топта иммуногенділікті зерттеу (қалыптасатын антидененің жиілігі мен типін салыстыру, биосимиляр мен референтті препараттың иммунды жауабына әлеуетті клиникалық салдарлар; иммуногенділігі иммундық жауабы және иммундық жағымсыз әсері жоғары қаупі бар пациенттерге зерттеледі; әдістерді тандау, бағалау және сипаттауды қоса алғанда антиденелерді айқындау стратегиясының негізdemесі ұсынылады, сынауларды іріктеу уақытын белгілеу, соның ішінде бастапқы деңгейде көлемдер, өндөу және сынауларды сактау, сондай-ақ деректердің талдаудың статистикалық әдістері; антиденелерді айқындаудың талдамалық әдістері белгіленген мақсаттарды айқындаудың талдамалық әдістері жеткілікті әдістердің сезімталдығына скринингілік талдау жүргізіледі, нейтралдау антиденелерді айқындау жүргізіледі; иммуногенділікке зерттеулер кезінде бақылау кезеңі емдеудің жоспарланған ұзақтығына антиденені қалыптастырудың болжанатын уақыты сәйкес келеді және 12 айдан

кем емес, зерттеудің басқа ұзақтығы кезінде негіздеме ұсынылады; пантиденелердің титрлерін қалыптастырудың елеулі жағдайлары кезінде, олардың белгілі бір уақыт ішінде тұрақтылығы, иммундық жауаптың және клиникалық салдардың сипатының әлеуетті өзгерісі тіркеуден кейінгі кезеңге дейін және одан кейін талап етіледі);

негізгі клиникалық деректер түпкілікті өндірістік процесі, яғни мемлекеттік тіркеуге өтініш беру арқылы өндірілген дәрілік заттарды пайдаланумен алынады;

осы талаптардан кез келген ауытқулар үшін өтініш беруші негіздеме ұсынады және қажет болған жағдайда қосымша фармакинетикалық зерттеулердің дерекнамасы түпкілікті және одан бұрынғы құрамымен дәрілік заттардың салыстырмалы фармакинетикалық бейіндерін ұсынады

11) қауіпсіздік ерекшеліктері (маңызды анықталған және эталондық препараттың қауіпсіздіктің әлеуетті проблемаларын, дәрілік зат және (немесе) биосимилярдың класы) және тіркеуден кейінгі кезеңінде биосимилярдың фармакологиялық қадағалау жоспары (қауіпсіздік ерекшелігіне, басқару жоспарына және қауіптерді төмен болуы, соның ішінде пациенттер және (немесе ) емдеуші дәрігерлер үшін қалыптастыру материалдарына негізделген әдістердің сипаттамасымен);

12) бір терапиялық көрсеткіштен басқаға тиімділігі мен қауіпсіздігі бойынша экстраполирлеу дерекнамасы: егер референтті препарат қолдануға бірден асатын көрсетілімдері бар, биосимилярдың клиникалық зерттеулер жүргізілмеген қолдануға басқа да көрсетілімдер бойынша биосимилярдың тиімділігі мен қауіпсіздігінің клиникалық зерттеулерінің болмау негіздемесін ұсынады; негіздемесінде клиникалық қолдану тәжірибесін айқындайды, әрбір көрсетілімдер (оның сенімділігінің дәрежесін қоса алғанда) және тартылған рецептілер үшін референтті препараттың активті заттарының қолданылу механизмдері; дәлеледер болған кезде, қолдануға әртүрлі көрсетілімдер кезінде референтті препараттың әсер ететін заттардың әртүрлі активті орталықтарды қолдануға немесе зерттеуге алынған жасушалардың әртүрлі рецепторлары немесе препараттың қауіпсіздіктің бейіні қолдануға әртүрлі көрсетілімдер үшін ерекшеленеді, клиникалық зерттеулердің дерекнамасы ұсынылады; қауіпсіздік бойынша деректерді экстраполирлеу үшін пациентпен байланысты (қосалқы аурулар және иммундық статус), аурулармен байланысты факторлар (реакциялар , осындағы зерттеуге алынған жасушалардың ұқсастығы) назарға алынады; осындац деректердің көлемі биосимилярмен және әлеуетті түрде белгісіз болып қала беретіндердің тұспа-тұс келуін белгілеу кезінде алынған дәлелдердің жиынтығы аясында қаралады.

## 6. Құрамдас дәрілік заттар

Бір дәрілік түрде бұрын белгілі болған активті затардың екі немесе одан да көп комбинациясынан тұратын жаңа дәрілік препараттар үшін толық тіркеу дерегі ұсынылады (1-5-модулдер, Тізбесінің I-IV бөліктері). 3-модул немесе II бөлік өндіріс туралы мәліметті, сапаны бақылаудың құрамдас дәрілік препараттар құрамына кіретін әрбір активті заттардың өндірушілерін қамтиды, мәлімделген активті заттардың комбинациясын клиникаға дейінгі және клиникалық зерттеулердің нәтижелері ұсынылады

## **7. Жақсы зерделенген медициналық қолдануымен дәрілік заттар.**

Тиімділігі расталған және қауіпсіздіктің деңгейі қолайлы белсенді заты медициналық қолдануда жақсы зерттелген дәрілік препараттарға ( мысалы, табиғи тексті шикізаттан жасалған дәрілік препараттар (қайың деготі, жыланның уыты, арашаруашылығының өнімдері, медициналық сұлік, сарысу, минералдар және т.б. жатады), олар медициналық қолдануда жақсы зерделенген активті заттар, дәрумендер және дәрумен-минералды кешендер олардың фармакологиялық белсенділігі табиғат текес биологиялық активті заттар, антисептиктер кешені (су тотығы, йод, жасыл бриллиант және т.б.), инъекцияға арналған су, адсорбенттер (активтендірілген көмір және т.б.), карминативті дәрілік препараттар, тітіркендіретін дәрілік препарат) 1, 2 және 3-модулдер және Тізбенің I, II бөліктері ұсынылады. 4 және 5-модулдерде немесе Тізбенің III, IV бөліктері егжей-тегжейлі ғылыми библиографияда клиниға дейін және клиникалық сипаттама көрсетіледі.

Жақсы зерделенген медициналық қолдануды растау үшін: Для подтверждения хорошо изученного медицинского применения представляются данные по:

медициналық практикада активті затты пайдаланатын уақыты;

активті затты пайдаланудың сандық аспектілер;

өтініш бергенге дейін соңғы 5 жыл ішінде активті заттарды пайдаланудың ғылыми жариялымның және өзектілігі жиілігі (ғылыми көздерде жариялымға сілтеме);

ғылыми бағалаудың келісілуі.

Жақсы зерделенген әртүрлі активті заттардың қолданылуын айқындау үшін уақыттың әртүрлі кезеңіне бағалау талап етіледі. Жақсы зерделеген медициналық қолдануды айқындау үшін қажетті уақыт кезеңі дәрілік затты қолданудың бастапқы жүйелі және құжаттау күнінен бастап кемінде 10 жылды құрайды, олар үшін биобаламалығы және (немесе ) клиникалық зерттеулер жүргізу талап етілетін жақсы зерделенген қолданумен дәрілік препараттардың санатына жатады. 2) зерттеу алды-және теркеуден кейінгі зерттеулерді ескере отырып

тиісті әдебиетті шолуға сілтемеден тұрады және эпидемиологиялық зерттеулер нәтижелеріне қатысты жарияланған ғылыми әдебиетке және әсіресе салыстырмалы эпидемиологиялық зерттеулер нәтижелеріне қатысты оң және теріс барлық құжаттаманың, өтініш беруші ұсынған тіркеу дерегіндегі материалдары қауіпсіздік пен тиімділікті бағалаудың барлық аспектілерін қамтиды. Дәлелдердің басқа да көздеріне библиографиялық сілтеме (тіркеуден кейінгі зерттеулер, эпидомиологиялық зерттеулер), бақылау және сынау әдістеріне қатысты деректерден басқа, дәрілік препараттың қауіпсіздігі мен тиімділігінің дәлелі болып табылады, бұл тіркеу дерегінде осы ақпарат көздерін пайдалану нақты түсіндірілген және негізделген

3) кейбір зерттеулердің болмауына қарамастан қауіпсіздік және/немесе тиімділіктің қол жеткізілетін дәлелденген жеткілікті негізdemесі;

4) клиникаға дейінгі және/немесе клиникалық шолуларда кез келген ұсынылған деректердің маңызын түсіндіру, бұл тіркелген дәрілік препаратқа қатысты, ерекшелігі олар тіркеуге ұсынылады. Мәлімделген дәрілік препаратты олардың бар айырмашылығына қарамастан тіркелген дәрілік препаратқа ұқсас деп санауға бола ма;

5) тіркеуден кейінгі тәжірибелі пайдалану осындай активті заттан тбасқа да дәрілік препараттарды пайдалану туралы ақпараттан тұрады;

6) шетелдік өндірушілер өтінішті бергенге дейін соңғы 5 жыл ішінде дәрілік препараттың қауіпсіздігі бойынша мерзімді жағартылатын есеп.

## 8. Өсімдік дәрілік препараттар

Өсімдіктен жасалған дәрілік заттарды сараптау үшін тиісті фармакологиялық, токсикологиялық және клиникалық зерттеулердің нәтижелерін ұсынады. Клиникаға дейінгі (клиникалық емес) және (немесе) клиникалық зерттулер бойынша материалдар мен құжаттар:

ерекше белсенделіліктің клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулер материалдары;

жіті және созылмалы уыттылықты зерттеу материалдары;

жергілікті-тірікендіру әсері туралы деректер;

аллергиялық қасиеттері туралы деректер;

өндіруше елде немесе басқа да елдерде клиникалық қолдану тәжірибесі.

Бұл ретте дәрілік препараттың сапалық аспектілеріне қатысты материалдар толық көлемде ұсынылады.

Дәрілік өсімдік шикізатын, фито шайларды жинау үшін олардың құрамына кіретін дәрілік өсімдіктер бойынша ғылыми әдебиеттік шолу ұсынылады.

## **9. Гомеопатиялық препараттар**

Гомеопатиялық препараттарға сараптама үшін өтініш беруші 4 және 5-модулдер немесе Тізбенің III және IV бөліктері бойынша мынадай ақпаратты қамтитын құжаттар мен материалдарды ұсынады:

- барлық төменде көрсетілген шарттарға сәйкес келетін гомеопатиялық препараттар үшін:

- ішуге немесе сыртқа қолдануға арналған препараттар;

- дәрілік препараттың заттаңбасында немесе оған қатысты кез келген ақпаратта қолдануға нақты емдік көрсетілімдер келтірілмеген;

- дәрілік препараттың еру дәрежесі оның қауіпсіздігіне кепілдік беру үшін жеткілікті болып табылады; атап айтқанда, дәрілік препаратта негізгі ерітіндінің 10 000 бөлігіне 1 бөліктен артық немесе аллопатияда әсер етуші затқа қатысты қолданылатын ең төменгі дозаның 1/100-ден артық болмауы мүмкін емес, оның аллопатикалық дәрілік препаратта болуы дәрігер рецептісінің міндетті түрде болуын талап етеді, Тізбенің 4 және 5 модульдері немесе III және IV бөліктері үшін мәлімделген қолдану саласындағы гомеопатиялық препараттың тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы ғылыми әдебиеттер дерекнамасына шолу ұсынылады;

- фармакопея мен монографияларда аталмаған жаңа гомеопатиялық препараттар үшін; әртүрлі ингредиенттердің ықтимал өзара әрекеттесуіне, синергетикалық әсерлеріне немесе аддитивті әсерлеріне экелуі мүмкін біріктілген гомеопатиялық препараттар үшін; ингредиенттері уытты немесе басқа да қолайсыз әсерлер қаупін тудыратын гомеопатиялық препараттар үшін, әсіресе ингредиенттер шоғырланған немесе төмен қоспаларда (мысалы, 1Х, 2Х немесе 1С) ұсынылған немесе оларды өндіру процесінде тиісті түрде бақыланбайтын кезде; инъекцияға және офтальмологияда қолданылатын препараттарға арналған гомеопатиялық препараттар үшін; курделі аурулардың профилактикасы немесе емдеу мақсатында пайдалануға арналған; халықтың әлсіз топтарына арналған гомеопатиялық препараттар үшін (мысалы, жаңа туган нәрестелер мен балалар, жүкті және егде адамдар, иммунитеті әлсіреген пациенттер және т. б.); Тізбенің 4 модуль немесе III бөлігі үшін токсикологиялық зерттеулердің дерекнамасы (инфекциялық агенттің құрамы болған жағдайда биологиялық қауіпсіздікті зерттеумен растау), әртүрлі әлеуетті іріктеу негізdemесі, клиникалық қолдану тәжірибесі дерекнамасы ұсынылады; Тізбенің 5 модуль немесе VI бөлігі үшін гомеопатиялық препараттың тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы клиникалық зерттеулер дерекнамасы және әртүрлі дозаларды іріктеу негізdemесі ұсынылады.

дәрілік зат гомеопатиялық препарат болып табылатыны көрсете отырып, дәрілік препараттың жалпы сипаттамасы және медициналық қолдану жөніндегі нұқсаулығы (қосымша парак).

## 10. Дәрумендер, минералдар

Құрамында дәрумендер және (немесе) дәрумендер және (немесе) дәрумендер мен минералдар кешнін білдіретін дәрілік заттарды сараптау үшін өтініш беруші төмендегі құжаттар мен материалдардың бірі ұсынылады:

- 1) сарапшы туралы ақпартты қоса алғанда сарапшының есебімен бірге дәрілік заттардың қауіпсіздігі бойынша деректердің библиографиялық шолуы;
- 2) мәлімделген препараттағы ғылыми жариялымдар;
- 3) жіті және (немесе) созылмалы уыттылығын зерттеу дерекнамасы.

## 11. Радиофармацевтикалық препараттар

Радиофармацевтикалық препарттар және оларды прекурсорларын сараптау үшін 3-модулде немесе Тізбенің II бөлігінде мынадай ерекше ақпаратты қамтитын құжаттар мен материалдарды ұсынады:

1) өндіруші жеткізгеннен кейін радиоактивті белгімен қамтылатын радиофармацевтикалық жинақта активті затқа тасымалдау немесе радионулидті байланыстыру үшін жиынтықтың бөлігі қабылданады. Радиофармацевтикалық жиынтықтың өндірісі бойынша егжей-тегжейлі деректер және радиоактивті дәрілік препаратын өндіруге арналған ұсынлатын түпкі өндеу дерекнамасын қамтитын радиофармацевтикалық жиынтық өндірісінің әдісін сипаттау. Радионуклидтің талап етілетін ерекшілігі ҚР Мемлекеттік фармакопеясының жалпы немесе жекеше мақалаларының (монографияларының) қолданылса не Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ету танылған осындай мақалалардың (монографиялардың) – фармакопеялардың мақалалары (монографиялары) сәйкес сипатталады.

Қосымша радиоактивті белгінің, сондай-ақ радиоактивті белгінің байланыстыру құрылымын енгізу үшін қажетті барлық байланыс құрылғысын сипаттау керек.

Радионуклидтің ядролық реакцияларға талдау жүргізіледі.

Генератордың негізгі сонымен қосымша радионуклидтер активті заттар деп саналады;

- 2) радионуклид табигаты туралы мәлімет, изотоптың түпнұсқалығы, болуы мүмкін қоспалар, тасығыштар, қолдану және ерекшелік белсенділігі;
- 3) шығыс материалдар сәулеленуге арналған нысаналы материалдарды қамтиды;

4) химиялық/радиохимиялық жиілікті қарау және оның байланысы биобөлінуімен;

5) радионуклид жиілігін сипаттау, радиохимиялық жиілігі және ерекше белсенділігі;

6) генераторлар үшін радионуклидтердің негізгі және қосымшасының егжей-тегжейлі сынау дерекнамасы ұсынылады. Элюатор генераторлар үшін негізгі радионуклидтердің сынауы және генератор жүйесінің басқа да компоненттерін сынау ұсынылады;

7) молекуланың белсенді бөлігі массасының негізінде активті заттардың құрамы радиофармацевтикалық жиынтыққа ғана қолданылады. Радионуклидтер үшін радио белсенділігі күні көрсетілген, егер уақыт және сағат жиілігі қажет болса беккереяларда көрсетіледі. Радио белсенділігінің типі көрсетіледі;

8) радиофармацевтикалық жиынтық болып табылатын дәрілік препарattyң ерекшелігі радио белсенділік белгімен радиохимиялық және радионулидті байланыс жиілігіне тиісті бақылу радиоактивті белгіні енгізгеннен кейін препарattyң қасиетін қамтиды. Радио белсенді белгінің енгізу үшін қажетті кез келген материал тұпнұсқалығын белгілеуге және сандық айқындауға жатады;

9) изотопты генераторлар, изотопты жиынтықтар және радио белсенді білгісі бар дәрілік препарттар үшін тұрақтылығы туралы ақпарат. Укөп реттік пайдалану үшін контейнерлерде радиофармацевтикалық дәрілік препаттарды пайдалану кезінде тұрақтылық көрсетіледі.

4-модулде немесе Тізбенің III бөлігінде радиациялық дозиметриялардың аспектілері көрсетіледі (ағза/тінге сәулелену әсері). Сәулеленудің тұмшаланған дозасының көрсеткіші енгізудің белгілі бір жолы кезінде өлшеу бірліктерінің халықаралық танылған пайдаланылған жүйені көрсетумен есептеледі.

5-модулде немесе Тізбенің IV бөлігінде егер қолданылатын болса клиникалық сынаулардың нәтижелері ұсынылады немесе олардың болмауының негіздемесінің клиникалық шолулар келтіріледі ( 2-модул).

Радио белсенді белгінің енгізу үшін ғана арналған радиофармацевтикалық прекурсор жағдайында ең алдымен радио белсенді белгісімен конъюгаттың *in vivo* диссоциациясы немесе радио белсенді белгінің енгізудің жеткіліксіз тиімділігінің болуы мүмкін салдары туралы ақпарат ұсынылады, яғни пациенттерге еркін радионуклид әсерімен байланысты. Қосымша қауіп факторларына қатысты тиісті ақпарат ұсынылады, яғни аурухана персоналы және қоршаған ортаға радио белсенді әсері ұсынылады.

Ішінара мынадай ақпарат ұсынылады:

3-модулдің немесе Тізбенің II бөлігі ережесінің жоғарыда көрсетілген егер қолданылса радиофармацевтикалық прекурсорларды тіркеу кезінде қолданылады

4-модулде немесе Тізбенің III бөлігінде бір реттік және көп реттік енгізу кезінде уыттылыққа қатысты тиісті зертханалық практика қағидаларына сәйкес жүргізілген клиникаға дейінгі зерттеулер нәтижелері ұсынылады.

Радинуклидтердің мутагенділігін зерттеу осы нақты жағдайда қолданылады деп есептелмейді.

Химиялық уыттылыққа және тиісті "сүйк" нуклид (құрамында радио белсенді заттар жоқ) бөлуге қатысты ақпарат ұсынылады.

5-модулде немесе Тізбенің IV бөлігінде радио белсенділік белгісін енгізуге ғана арналған радиофармацевтикалық прекурсоры жағдайында елеулі болып саналмайтын өз бетінше прекурсорды пайдаланумен клиникалық зерттеулер барысында алынған клиникалық ақпарат.

Тиісті тасығышқа молекулаға қосылу кезінде радиофармацевтикалық прекурсордың клиникалық тиімділігін растайтын ақпаратты ұсынылады.

## **12. Орфандық дәрілік препараттар**

Орфандық препараттар сараптамасы кезінде қауіпсіздік туралы оң қорытынды мынадай жағадайларда өтініш берушінің міндеттемелріне сәйкес беріледі:

- 1) "пайда-қауіп" арақатынасын қайта бағалау үшін негіз болып табылатын нәтижелер зерттеудің белгілі бір бағдарлаамаларының мерзімінде орындалады;
- 2) дәрілік препаратты дәрігердің қатаң бақылауымен қолдану;
- 3) орфандық препаратты қолдану кезінде туындаған кез келген жағымсыз әсер туралы және қабылданған шаралар туралы мемлекеттік органды деру хабардар ету.

Алға қойлыған талаптарды орындау кезеңінде сараптама ұйымы осылайша тіркелген орфандық препарат үшін "пайда-қауіп" арақатынасын жыл сайынғы қайта бағалау үшін белгілі бір бағдарламаны жүргізу туралы өтініш берушіден алынған ақпаратты мемлекеттік органға ұсынады. Осылайша тіркелген орфандық препарат туралы медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық және басқа да медициналық ақпарат деректердің жеткіліксіздігі туралы нұсқаудан тұрады.

## **13. Жоғары технологиялық дәрілік препарттар**

Жоғары технологиялық дәрілік препарттарға арналған тіркеу дерегінің материалдары №78 Қағидалардың 4-бөліміне сәйкес келеді.

## **14. Трансфер**

Өндірістік және технологиялық процестерді толықтай көшіру (трансфертеу) негізінде Қазақстан Республикасының өндірушілері өндіретін дәрілік заттарды сараптау кезінде қосымша мынадай құжаттарды ұсынады:

1) отандық өндірушілер мен шетелдік өндірушілер арасындағы өндірістік және технологиялық процестерді көшіру туралы шарт;

2) трансферт жобасын, трансферт масштабы, күрделі параметрлерді, алынған негізгі және қосымша аландарды, трансферттің қорытыды тұжырымдамасын қамтитын жүргізілген трансферт нәтижелері бойынша есеп;

3) отандық өндірістік алаңның өндірістік процестерін валидациялау туралы;

4) отандық аланда пайдаланылатын процеске немесе дайын өнімге ықпал етпейтін шығыс шикізаты (активті субстанциялар, қосымша заттар) ретінде растау туралы;

5) отандық өндірістік аланда өндірілетін препараттар және шетелдік өндірушілердің препарттарының сапасын бақылау бойынша бір ерекшелік бойынша жүзеге асырылады (бірдей қоспа бейіні, ерітіндінің фармакокинетикалық бейіні (қатты дәрілік түрлер үшін) және ин-витро зерттеуі);

6) Қазақстаннан тыс өндірістік аланда өндірілген дәрілік препараттардың биобаламалығын немесе клиникалық зерттеулердің есептері (негізdemе болмаған жағдайда).

Өндірістік және технологиялық процестерді толықтай көшіру (трансфертеу) кезінде өтініш беруші Қазақстаннан тыс өндірістік алаңның сапасын қамтамасыз ету жүйесі және өндірістік жағдайларда Қазақстан Республикасында өндірістік аланда өндірістік жағдайлардың және сапаны қамтамасыз ету жүйесінің толық сәйкестігін қатмамасыз етеді.

## 15. Қайта тіркеу

1. Өтініш беруші тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі өткенге дейін қайта тіркеу мақсатында сараптама жүргізуге өтініш береді.

2. Қазақстан Республикасының өндірушілеріне дәрілік заттарды мемлекеттік қайта тіркеу кезінде сараптамаға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Тізбенің I және II бөліктері, шетелдік өндірушілерге осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 1-3-модульдер ұсынылады.

Қазақстан Республикасының өндірушілеріне осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Тізбенің IV бөлігінен және шетелдік өндірушілер үшін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 5-модулден қосымша ұсынылады:

1) қауіптерді басқару жоспарына тиімділік пен қауіпсіздіктің тіркеуден кейінгі клиникалық зерттеулердің есептері;

2) өндірушінің тілінен негізгі бөлімдерін орыс тіліне қысқаша тәнгүпнұсқалы аудармамен Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығында дәрілік препараттың соңғы 5 жыл ішіндегі қауіпсіздігі жөніндегі мерзімдік есеп.

## 16. Тіркеу дерегіне өзгерістер енгізу

1. IA, IB және II типтегі тіркеу дерегіне өзгерістер енгізу кезінде өтініш беруші енгізілетін өзгерістердің қажеттілігі мен дұрыстығының негізdemесінен тұратын түсіндірме жазба ұсынады.

2. Тіркеу дерегіне II типті өзгерістер енгізу кезінде:

- Б.I тармағы бойынша Тізбенің I, II бөліктерінің құжаттарының тізбесі ұсынылады (I A7 жаңартылған бөлімдер – активті заттың сапасын растайтын құжат (өндірушіден субстанцияларды талдау сертификаты, Еуропалық Фармакопея монографияларының сәйкестік сертификаты, талдау хаттамасы, талдау паспорты) II С 1 – енгізілетін өзгерістерге сәйкес активті субстанциялар) немесе 3-қосымшаның 3-модулі (енгізілетін өзгерістерге сәйкес жаңартылған 3.2. S бөлімдері);

- Б.II тармағы бойынша I бөліктің құжаттарының тізбесі ұсынылады (жаңартылған I A8 бөлімі – үш өнеркәсіптік сериялардың дайын өнімінің сапасын растайтын құжат (талдау сертификаты, талдау хаттамасы), оның бір сериясы енгізілетін өзгерістерге сәйкес тіркеуге берілген дәрілік заттың үлгісінің сериясымен тұспа-тұс келеді) және Тізбенің II немесе 3-қосымшаның 3-модулі (енгізілетін өзгерістерге сәйкес жаңартылған 3.2.P бөлімдері).

## 17. Дәрілік заттардың жеделдетілген сараптамасы

Жеделдетілген рәсімді жүргізу кезінде дәрілік заттардың қауіпсіздігіне, сапасына және тиімділігіне қойлатын талаптар азаймайды.

Дәрілік заттарға жеделдетілген сараптама мына жағдайларда жүргізіледі:

сирек аурулардың профилактикасына, еміне, диагностикасына арналған тағайындау;

төтенше оқиғалардың алдын алу, инфекциялық аурулардың эпидемиясы, пандемиясы зардаларының туындауы және оларды жою;

лекарственных средств, участвующих в процедуре совместной преквалификации ВОЗ, осуществляется в соответствии с Приложением 8 Серии Технических докладов ВОЗ, № 996., 2016 г. "Процедура совместной регистрации между группой по предварительной оценке Всемирной организации здравоохранения (ВОЗ) и национальными органами регулирования для оценки и ускоренной национальной регистрации фармацевтических продуктов и вакцин, прошедших предварительную квалификацию ВОЗ".

ДДҰ бірлескен терең саралау рәсіміне қатысадын дәрілік заттар "Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) және ДДҰ алдын ала саралаудың өткен фармацевтикалық өнімдер мен вакциналарды бағалау және жеделдетілген ұлттық тіркеу үшін ұлттық реттеу органдарының алдын ала бағалауды бойынша топтар арасындағы бірлескен тіркеу рәсімі" ДДҰ Техникалық күжаттар сериясының 8-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады 2016 ж. №996.

Дәрілік заттарға сараптама  
жүргізу қағидаларына  
5-қосымша

## **"Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

"Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі, сапасы мен тиімділігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) "электрондық үкіметтің" веб-порталы <a href="http://www.gov.kz">www.gov.kz</a> (бұдан әрі - портал)
3	Көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер	Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы)
		<p>дәрілік заттар үшін:          мемлекеттік тіркеу кезінде – 210 (екі жұз он) күнтізбелік          күннен аспайды;          мемлекеттік қайта тіркеу кезінде – күнтізбелік 120 (жұз          жиырма) күннен аспайды;          тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу кезінде – 30 (отыз)          күнтізбелік күннен аспайды;          тіркеу дерекнамасына I А типті өзгерістер енгізу кезінде –30 (отыз)          күнтізбелік күннен аспайды;          зертханалық сынақтарды жүргізе отырып IБ типті және II          типті тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу кезінде – күнтізбелік 90 (тоқсан)          күннен аспайды;          зертханалық сынақтар өткізбей тіркеу дерекнамасына IБ және II          типті өзгерістер енгізу кезінде – күнтізбелік 60 (алпыс) күннен аспайды;          дәрілік заттың жеделдетілген сараптамасын жүргізуге –          күнтізбелік 120 (жұз жиырма) күннен аспайды.          медициналық бұйымдар үшін:          зертханалық сынақтар жүргізуі талап ететін 1 – класты          және 2а класты мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу кезінде-күнтізбелік 90 (тоқсан)          күннен аспайды;          зертханалық сынақтар жүргізуі талап ететін 2Б класты          (қауіп дәрежесі ұлғайған) және 3 класты (жоғары қауіп дәрежесімен)</p>

4	Мемлекеттік қызметтің көрсету мерзімі	<p>мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу кезінде – күнтізбелік 160 (жұз алпыс) күннен аспайды;</p> <p>класына қарамастан зертханалық сынақтар жүргізуі талап етпейтін медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу кезінде-күнтізбелік 90 (токсан) күннен аспайды;</p> <p>тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу кезінде (зертханалық сынақтар өткізбей) – күнтізбелік 60 (алпыс) күннен аспайды;</p> <p>тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу кезінде (зертханалық сынақтар жүргізумен) – күнтізбелік 80 (сексен) күннен аспайды;</p> <p>жеделдетілген сараптама кезінде – 65 (алпыс бес) күнтізбелік күннен аспайды.</p> <p>Құжаттар пакетін тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзак уақыты – 15 минут;</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің көрсетудің рұқсат етілген ең ұзак уақыты – 30 минут.</p> <p>Кызметтің көрсетудің тоқтата түрү шарттары:</p> <p>Дәрілік затқа, медициналық бұйымға сараптама жүргізу мерзіміне:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) көрсетілетін қызметті алушының сұрау салу бойынша сараптаманың кез келгенін кезеңдерінде құжаттар мен материалдарды ұсыну және оларды көрсетілетін қызметтің берушінің карауы;</li> <li>2) өндіріс жағдайларын бағалауды ұйымдастыру және жүргізу;</li> <li>3) Сараптамалық кеңесті ұйымдастыру және өткізу;</li> <li>4) көрсетілетін қызметті алушының қорытынды құжаттарын келісу кіреді.</li> </ol>
5	Мемлекеттік қызметтің көрсету нысаны	Электрондық/(ішінара автоматтандырылған) қағаз түрінде
6	Мемлекеттік қызметтің көрсету нәтижесі	<p>Дәрілік заттар үшін:</p> <p>Дәрілік заттарға сараптама жүргізу қағидаларына 14, 15-косымшаларға сәйкес нысандар бойынша дәрілік заттардың қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытынды беру не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметтің көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.</p> <p>Мемлекеттік қызметтің көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық.</p> <p>Мемлекеттік қызметтің көрсету нәтижесін беру шарттары: көрсетілетін қызметтің береуші арқылы</p> <p>Медициналық бұйымдар үшін:</p> <p>Медициналық бұйымдарға сараптама жүргізу қағидаларына 11, 12-косымшаларға сәйкес нысандар бойынша медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытынды беру не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметтің көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.</p> <p>Мемлекеттік қызметтің көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде</p> <p>Мемлекеттік қызметтің көрсету нәтижесін беру шарттары: көрсетілетін қызметтің береуші арқылы</p> <p>Көрсетілетін қызметтің берушінің мерзімінде талап етілмеген құжаттардың сақтау шарты:</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мерзімде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алуға жүгінбеген кезде көрсетілетін қызметтің беруші дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытындыны 180 (бір жұз сексен) күнтізбелік күн ішінде сақтауды қамтамасыз етеді.</p>
	Мемлекеттік қызметтің көрсету кезінде көрсетілетін қызметті	Мемлекеттік қызметтің көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем "Мемлекеттік монополия субъектісі" көрсететін қызметтерге

7	алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	багаларды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2017 жылғы 31 тамыздағы № 671 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16002 болып тіркелген) бекітілген көрсетілетін қызметті берушінің Прейスクрантына сәйкес белгіленеді және көрсетілетін қызметті берушінің есеп шотына қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.
1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті "Дәрілік заттарды және медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу мақсатында дәрілік заттың қауіпсіздігіне, сапасына және тиімділігіне сараптама нәтижелерін хабарлайды:

Өтінімнің нөмірі мен күні
Дәрілік заттың саудалық атавы (дәрілік түрін, дозасын, концентрациясы мен толтырылу көлемін, қаптамадағы дозаларының мөлшерін көрсете отырып - дәрілік препарат үшін)
Өндіруші үйім, өндіруші ел
Бастапқы сараптаманың қорытындысы (тіркеу дерекнамасының валидациясы) (оң немесе теріс)
Мамандандырылған сараптама қорытындысы (оң немесе теріс)
Сынақ зертханасының қорытындысы: хаттаманың күні және № (оң немесе теріс)

2. Қорытынды (оң): Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу үшін ұсынылған дәрілік заттың тіркеу дерекнамасының материалдары мен құжаттары белгіленген талаптарға сәйкес келеді, дәрілік заттың қауіпсіздігі, сапасы мен тиімділігі тиісті материалдармен және жүргізілген сынақтармен расталған.

Дәрілік зат (дәрілік түрі, дозасы, концентрациясы және толтыру көлемі, қаптамадағы дозалар саны көрсетілген дәрілік заттың саудалық атавы) Қазақстан Республикасында \_\_\_\_\_ жылға немесе мерзімсіз тіркелуі (қайта тіркелуі) мүмкін.

Қорытынды (теріс): Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу үшін ұсынылған дәрілік заттың тіркеу дерекнамасының материалдары мен құжаттары белгіленген талаптарға сәйкес келмейді, дәрілік заттың қауіпсіздігі, сапасы мен тиімділігі тиісті материалдармен және жүргізілген сынақтармен расталмаған.

Дәрілік зат (дәрілік түрі, дозасы, концентрациясы және толтыру көлемі, қаптамадағы дозалар саны көрсетілген дәрілік заттың саудалық атавы) Қазақстан Республикасында тіркелмейді (қайта тіркелмейді).

Қорытынды қол қойылған күннен бастап 180 күнтізбелік күн жарамды.

Мемлекеттік сараптама ұйымының басшысы (немесе уәкілетті тұлғаның)

**Тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу мақсатында сараптамаға  
мәлімделген дәрілік заттың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапасы туралы  
қорытынды**

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті "Дәрілік заттарды және медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны дәрілік заттың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапасына сараптамаға тіркеу дерекнамасына енгізілетін өзгерістердің әсері туралы сараптама нәтижелерін хабарлайды:

Отінімнің нөмірі мен күні

Дәрілік заттың саудалық атауы (дәрілік түрін, дозасын, концентрациясы мен толтырылу көлемін, қантамадағы дозаларының мөлшерін көрсете отырып - дәрілік препарат үшін)

Өндіруші үйім, өндіруші ел

Енгізілетін өзгерістер типі

Бастапқы сараптаманың қорытындысы (тіркеу дерекнамасының валидациясы) (оң немесе теріс)

Мамандандырылған сараптама қорытындысы (оң немесе теріс)

Сынақ зертханасының қорытындысы: хаттаманың күні және № (оң немесе теріс)

2. Қорытынды (оң): Тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу үшін ұсынылған дәрілік заттың материалдары мен құжаттары белгіленген талаптарға сәйкес келеді, дәрілік заттың қауіпсіздігіне, сапасына және тиімділігіне әсері тиісті материалдармен және жүргізілген сынақтармен расталған.

Енгізілетін өзгерістер жаңа тіркеу қуәлігін бере отырып (берілмей) тіркелуі мүмкін.

Қорытынды (теріс): Тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу үшін ұсынылған дәрілік заттың материалдары мен құжаттары белгіленген талаптарға сәйкес келмейді, дәрілік заттың қауіпсіздігіне, сапасына және тиімділігіне әсері тиісті материалдармен және жүргізілген сынақтармен расталмаған.

Енгізілетін өзгерістерді тіркеуге болмайды.

Қорытынды қол қойылған күннен бастап 180 күнтізбелік күн жарамды.

Мемлекеттік сараптама ұйымының басшысы (немесе уәкілетті тұлғаның)

Қолы А.Тегі Күні

## Күні Мөр орны

<p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны</p>	<p>Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения "Национальный центр экспертизы лекарственных средств, изделий медицинского назначения и медицинской техники" Министерства здравоохранения Республики Казахстан</p>

Дәрілік препараттың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапасы бойынша жиынтық есеп

Препараттың атауы, өндіруші, елі

Құпия ақпарат есептен жойылды

1. Рәсім туралы анықтамалық ақпараты

1.1. Тіркеу дерекнамасын беру

2. Ғылыми талқылау

2.1. Сапа аспектілері

2.1.1 Белсенді фармацевтикалық субстанциялар: шығу тегі туралы мәліметтерді, сапасы мен субстанцияларды пайдалану мүмкіндігі туралы қорытындыны талдау

2.1.2. Қосымша заттар: сапа, пайдалануға болатыныны туралы қорытындымен саны туралы мәліметті талдау

2.1.3 Дәрілік препарат өндіріс туралы қорытынды сапа ерекшелігі турақтылығы

2.2. Клиникаға дейінгі аспектілері

2.3. Клиникалық аспектілері

2.4. Қауіп-пайданы бағалау

2.5. Фармакологиялық қадағалау

Фармакологиялық қадағалау жүйесін сипаттау

Қауіптерді басқару жоспары

2.6. Босатылу шарттары

Дәрілік заттарға сараптама

жүргізу қағидаларына

17-қосымша

**Қосымша заттар, дәрілік препараттарда олардың рұқсат етілген шекті мөлшері, сондай-ақ дәрілік препаратты қолданудың шектеуі туралы ақпарат**

p/ с №	Қосымша заттардың атасы	Енгізу жолы	Қосымша заттардың рұқсат етілген шекті мөлшері	Медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілуі тиіс ақпарат	Комментарийлер**
1	2	3	4	5	6
1.	Апротинин	Жергілікті	*	Аса жоғары сезімталдық немесе ауыр аллергиялық реакция	
2.	Арахис майы	Жергілікті, ауыз арқылы, парентеральді	*	Жаңғаққа немесе сояға аллергиялық реакциясы бар адамдарға қолдануға болмайды	Тазартылған арахис майының құрамында ақызы болуы мүмкін
3.	Аспартам (E951)	Ауыз арқылы	*	Құрамында фенилаланин бар, фенилкетонурғасы бар адамдарға қолдануға болмайды	Фенилкетонуриясы бар адамдарға зиянын тигізуі мүмкін
4.	Азобояғыштар: 1) E 102 Тартразин 2) E 110 Күн батар түсті сары ( F C F ) 3 ) E 1 2 2 4) Азорубин, Кармоизин 5) Е 124 Понсо 4R (нарттай қызыл 4 R ), Кызыл кошениль А 5) Е 151 Бриллиантты қара BN , қара PN	Ауыз арқылы	*	Аллергиялық реакциялар	E 102, E 110, E 122 - балаларға арналған дәрілік препараттарда қолдануға тыйым салынған
5	E 104 Хинолинді сары (Quinoline Yellow)				балаларға арналған дәрілік препараттарда қолдануға тыйым салынған
6	E 107 Сары 2 G (Yellow 2 G)				балаларға арналған дәрілік препараттарда қолдануға тыйым салынған
7	E 120 Кошениль, кармин қышқылы, карминдер (Cochineal, Carminic acid, Carmines)				балаларға арналған дәрілік препараттарда қолдануға тыйым салынған
8	E 128 Қызыл 2 G (Red 2 G)				балаларға арналған дәрілік препараттарда қолдануға тыйым салынған

9	E 131 Патенттеген көк V (Patent Blue V)				балаларға арналған дәрілік препараттарда колдануға тыйым салынған
10	E 132 Индиготин, Индигокармин (Indigotine, Indigo Carmine)				балаларға арналған дәрілік препараттарда колдануға тыйым салынған
11	E 133 Жылтыр көк FCF (Brilliant Blue FCF)				балаларға арналған дәрілік препараттарда колдануға тыйым салынған
12	E 155 Қоңыр HT (Brown HT)				балаларға арналған дәрілік препараттарда колдануға тыйым салынған
13	E162 Қызыл қызылша, Бетанин (Beetroot Red, Betanin )				балаларға арналған дәрілік препараттарда колдануға тыйым салынған
14	Бояғыштар: 1) E121 Қызыл цитрус 2 (Citrus Red 2) 2) E123 Амарант (Amaranth) 3) E154 Қоңыр FK Brown FK				балаларға арналған дәрілік препараттарда колдануға тыйым салынған
15	Эритрозин (E127)	Ауыз арқылы	0 - 0,1 мг/кг	Қалқанша без патологиясы бар пациенттерге препаратты тағайындауга және колдануға болмайды	балаларға арналған дәрілік препараттарда колдануға тыйым салынған
16	Перуан бальзамы	Жергілікті	*	Теріге реакциялары болуы мүмкін	
17	Бензалконий хлориді	Офтальмологи ялық дәрілік түрлері	*	Ириттер болуы мүмкін; Жұмсақ жана спалы линзаларға тигізіп алмау керек; Колданар алдында жана спалы линзаларды алып кою және препаратты тамызғаннан кейін кемінде 15 минут күте тұру керек; 8 жасқа дейінгі балаларға колданылмайды	Бензалконий хлориді жұмсақ жана спалы линзаларды түссіздендіреді
		Жергілікті	*	Теріге реакциялары	

		Ингаляциялық	10 мкг/1 дозада	Бронхтын түйілуі	
18	Бензой қышқылы және бензоаттар: 1) E210 бензой қышқылы 2) E211 натрий бензоаты 3) E212 калий бензоаты	Жергілікті Парентеральді	*	Терінің, көздің және шырышты қабықтардың тітіркенуі Жаңа туған балаларға қарсы көрсетілімдер бар	Жаңа туған нәрестелерде сарғаюдың пайда болу қаупі жоғары
19	Бензил спирті	Парентеральді	Тәулігіне 90 мг/кг аз дозада Тәулігіне 90 мг/кг дозада	Шала туған нәрестелерге, жаңа туған нәрестелерге және 3 жасқа дейінгі балаларға қарсы көрсетілімдер бар; жағымсыз әсері - Анафилактоидты қ реакциялар; Препарат құрамындағы бензил спиртінің мөлшері (мг/мл) Шала туған нәрестелерге, жаңа туған нәрестелерге және 3 жасқа дейінгі балаларға қарсы көрсетілімдер бар; бензил спиртін тәулігіне 90 мг/кг және одан жоғары дозаларда қолданғанда өлімге әкелетін уытты реакциялар жоғарылайды	3 жасқа дейінгі балаларда уытты және аллергиялық реакция жағдайлары болуы мүмкін
20	Бергамот майы Бергаптен	Жергілікті	*	Ультракүлгін сәулелерге (табиғи сәулеге де және жасанды сәулеге де) сезімталдық жоғарылайды	Май құрамында бергаптен болса, падаланылмайды
21	Бронопол	Жергілікті	*	Жергілікті теріге реакциялары (жұқпалы дерматиттер)	
				Жергілікті теріге реакциялары (жұқпалы дермат	

22	Бутилгидроксианизол Е320	Жергілікті	*	иттер), көздің және шырышты қабықтардың тітіркенуі	
23	Бутилгидрокситолуол Е321	Жергілікті	*	Жергілікті теріге реакциялары (жұқпалы дерматиттер), көздің және шырышты қабықтардың тітіркенуі	
24	Полиэтиоксидде нғен костор майы ; полиэтиоксидден ген гидрогенизделг ен костор майы	Парентеральді	*	Ауыр аллергиялық реакциялар	
		Ауыз арқылы	*	Асказан-ішек жолының бұзылуары және диарея	
		Жергілікті	*	Теріге реакциялары	
25	Цетостеарил спирті; цетил спирті	Жергілікті	*	Жергілікті теріге реакциялары (жұқпалы дерматиттер)	
26	Хлоркрезол	Жергілікті Парентеральді	*	Аллергиялық реакциялар	
27	Диметилсульфоксид	Жергілікті	*	Терінің тітіркенуі	
28	Этанол	Ауыз арқылы және парентеральді	100 мг-ден аз бір реттік дозадағы этиanol мөлшері	Препараттың құрамындағы этиanolдың мөлшері төмен деңгейде	100 мг-ден аз бір реттік дозадағы этиanol мөлшері
			Бір реттік дозада этиanol 100 мг-ден 3 г-ге дейін	алкоголизммен, эпилепсиямен ауыратын адамдар үшін, балаларға, жүкті және емшек сүтімен қоректендіретін әйелдерге, бауыр аурулары бар науқастарға қарсы көрсетілімдер бар	

		Ауыз арқылы және парентеральді	Препараттың бір ретті дозасында 3 г	аурулары бар науқастарға қарсы көрсетілімдер бар көлікті немесе қауіпті механизмдерді басқару қабілетіне әсер етеді; басқа дәрілік заттарға әсер етеді және әсерін өзгертуі мүмкін	Осы дәрілік заттағы этил спиртінің мөлшері <sup>*</sup> басқа дәрілік заттарға әсер етуі және әсерлерін өзгертуі мүмкін
29	Формальдегид	Жергілікті	*	Жергілікті теріге реакцияларының жағдайы болуы мүмкін (жұқпалы дерматиттер)	
		Ауыз арқылы	*	Асқазан-ішек жолының бұзылулары және диарея	
30	Фруктоза	Ауыз арқылы	*	Препаратты тағайындар алдында фруктозаның адамның жеке өзіне жағуы не жақпауын анықтап алу қажет; тұқым қуалайтын фруктоза жақпайтын бар науқастарға қарсы көрсетілімдер бар	
		Парентеральді	5 г	Препараттың бір реттік дозасында фруктоза мөлшері; қант диабеті бар пациентерге тағайынданмау керек	
		Ішке қабылдау үшін сұйық дәрілік түрлері, шайнайтын таблеткалар	*	Тіске зиянын тигізеді	Екі немесе одан көп апта ұзак пайдаланған кезде
		Парентеральді	*	Тұқым қуалайтын галактоза жақпаушылығы, галактоземиясы бар адамдарға қарсы көрсетілімдер бар	

31	Галактоза	Ауыз арқылы .	*	Тұқым қуалайтын галактоза жақпаушылығы, галактоземиясы н е м е с е глюкоза-галактоза мальабсорбцияс ы бар адамдарға қ а р с ы көрсетілімдер бар
		Ауыз арқылы, парентеральді	5 г	Препараттың бір реттік дозасының г-дегі галактоза мөлшері; қант диабеті бар науқастарға абайлап тағайындау керек
		Ауыз арқылы .	*	Глюкоза-галактоза мальабсорбцияс ы бар адамдарға қ а р с ы көрсетілімдер бар
32	Глюкоза	Ауыз арқылы және парентеральді	5 г	Препараттың бір реттік дозасының г-дегі глюкоза мөлшері; қант диабеті бар науқастарға абайлап тағайындау керек
		І ш к е қабылдауға арналған ерітінді, соратын шайнайтын таблеткалар	*	Т і ст і н зақымдануына әсерін тигізеді
				Бұл аппарат нұқсаулыққа енгізілуі тиіс, ұзак қолданғанда (екі және одан асатын апта)
33	Глицерол	Ауыз арқылы .	10 г/1 дозада	Жағымсыздық реакциялары: бас ауыру, асқазан-ішек жолының бұзылулары, диарея
		Ректалді	1 г	Әлсірететін әсер
34	Гепарин (қосымша зат ретінде .)	Парентералді	*	Аллергиялық реакциялар, канның үюйнен төмендеуді: гепаринге аллергиялық реакциясы бар адамдарға карсы көрсетілімдер бар

35	Гидрогенизделг ен глюкоза шәрбаты (немесе сүйүк мальтит)	Ауыз арқылы	*	Тұқым қуалайтын фруктоза жақпайтын бар адамдарға қарсы көрсетілімдер бар
.	.		10 г	О р т а ш а босансытатын әсер б е р е д і ; Гидрогенизделге н глюкоза калориясы - 2,3 ккал/г көрсетеді
36	Инвертті қант	Ауыз арқылы		Тұқым қуалайтын фруктоза жақпаушылығы н е м е с е глюкоза-галактоза мальабсорбцияс ы бар адамдарға қолдануға болмайды
.	.		5 г	Препараттың г-дегі глюкоза мен фруктоза мөлшері; Қант диабеті бар науқастарға абайлап тағайындау керек
		I ш к е қабылдауға арналған ерітінді, соратын шайнайтын таблеткалар	*	Т і с т і н зақымдануына әсерін тигізді
				Ұзақ уақыт қолданғанда (екі және одан көбірек апта)
37	Лактит Е 966	Ауыз арқылы	*	Тұқым қуалайтын фруктоза, галактоза жақпаушылығы, галактоземияс ы н е м е с е глюкоза-галактоза мальабсорбцияс ы бар адамдарға қолдануға болмайды
.	.		10 г	О р т а ш а босансытатын әсер; лактиттің калориясы - 2,3 ккал/г
				Тұқым қуалайтын фруктоза, галактоза

38	Лактоза	Ауыз арқылы	*	жакпаушылығы, Lapp-лактаза ферментінің тапшылығы, глюкоза-галактоза мальабсорбциясы бар адамдарға қарсы көрсетілімдер бар
			5 г	Препараттың бір реттік дозасындағы глактоза мөлшері көрсетіледі; қант диабеті бар науқастарға абайлап тағайындау керек
39	Ланолин (Тоқыма майы)	Жергілікті	*	Жергілікті теріге реакциялары (жүқпалы дерматит)
40	E 965 Малтит; E 953 Изомальтитол; Сұйық малтит (гидрогенизделген глукоза шәрбаты)	Ауыз арқылы	*	Тұқым куалайтын фруктоза жакпайтын адамдарға колдануға болмайды
			10 г	Орташа босанытатын әсер; Гидрогенизделген глукоза калориясы - 2,3 ккал/г
41	Маннитол (маннит) E421	Ауыз арқылы	10 г	Орташа босанытатын әсер
42	Сынаптың органикалық қосылыстары: 1) тиомерсал 2) фенилсынап нитраты 3) фенилсынап ацетаты 4) фенилсынап бораты	Офтольмологи я-лық дәрілік түрлер	*	Аллергиялық реакциялар
		Жергілікті	*	Жергілікті тері реакциялары (жүқпалы дерматит), тері пигментациясын ың бұзылуы
		Парентеральді	*	Аллергиялық реакциялар
	Парагидроксибензоаттар және олардың эфиры: 1) этилпарагидроксibenзоат (E 214) 2) пропилпарагидроксibenзоат (E 216)	Ауыз арқылы; офтольмологи ялық дәрілік түрлер; жергілікті	*	Баяу типті аллергиялық реакциялар

43	3 ) н а т р и й пропилпарагид-роксибензоаты ( Е 217 ) 4) метилпарагид-роксибензоат ( Е 218 ) 5 ) н а т р и й метилпарагид-роксибензоаты (Е 219)	Парентералді ; ингаляциялық	*	Баяу типті аллергиялық реакциялар, бронхтың түйілуі	
44	Фенилаланин	Жергілікті, Ауыз арқылы, парентеральді	*	Фенилкетонурия сыбар адамдарга қарсы көрсетілімдер бар	
45	Калий	Парентеральді	Бір реттік дозадағы калий мөлшері 1 ммольден аз	Препараттың бір реттік дозасындағы калийдің ммоль ( немесе мг) мөлшері көрсетілген	Нұсқауда калий мөлшеріне қатысты ақпарат препараттағы жалпы калий мөлшеріне негізделген; Бір реттік дозада 1 ммольден төмен (39 мг) болу калийден бос препараттар деп септеледі; бұл әсіресе педиатриялық практикада қолданғанда маңызды, онда калий төмен деңгейде тағайындалуы тиіс
		Ауыз арқылы, парентеральді	Бір реттік дозадағы калий мөлшері 1 ммоль	Препараттың бір реттік дозасындағы калийдің ммоль ( немесе мг) мөлшері көрсетіледі; бүрек функциясы төмендеген немесе калийдің аспен бірге тузың бакыланатын адамдарға абайлас тағайындау керек	
		Вена ішіне енгізу	30 ммоль/л	Инъекция жасалған жердің ауыруы	
46	Пропиленглико ль және оның эфирлері	Жергілікті	*	Терінің тітіркенуі	
		Ауыз арқылы, парентеральді	400 мг/кг - ересектер үшін 200 мг/кг - балалар үшін	Алкогольдің әсеріне үқсас әсерлер	
47	Күнжут майы	Барлық енгізу жолдары		Ауыр аллергиялық реакциялардың сирек жағдайлары	
					Нұсқауда натрий мөлшеріне қатысты

48	Натрий	Парентеральді	Препараттың бір реттік дозасындағы натрий мөлшері 1 ммолъден аз	Препараттың бір реттік дозасындағы натрийдің ммолъ (немесе мг) мөлшері көрсетіледі  акпарат препараттағы жалпы натрий мөлшеріне негізделген; Бір реттік дозада 1 ммолъден аз (23 мг) болу натрийден бос препараттар деп есептеледі; бұл әсіреке педиатриялық практикада колданғанда маңызды, онда натрий төмен деңгейде тағайындалуы тиіс
49	Сорбин қышқылы және оның түздары	Парентералді ; Ауыз арқылы	Бір реттік дозадағы натрий мөлшері 1 ммолъ	Препараттың бір реттік дозасындағы натрийдің ммолъ (немесе мг) мөлшері көрсетіледі; тұзсыз диета сақтайтын адамдарға тағайындағанда сак болу керек
50	Сорбитол Е420	Жергілікті	*	Жергілікті теріге реакциялары (жұқпалы дерматит)
		Ауыз арқылы парентеральді	*	Тұқым куалайтын фруктоза жакпаушылығы бар адамдарға қарсы көрсетілімдер бар
		Ауыз арқылы	10 г	Орташа босанытатын әсер; сорбитолдың калориясы - 2,6 ккал/г
51	Соя майы, гидрогенизделген соя майы	Барлық енгізу жолдары	*	Жергілікті теріге реакциялары (жұқпалы дерматит)
52	Стеарил спирті	Жергілікті	*	Жергілікті теріге реакциялары (жұқпалы дерматит)
		Ауыз арқылы	*	Тұқым куалайтын фруктоза жакпаушылығы, глюкоза-галактоза малъабсорбциясы бар, сукраза-изомальтаза ферменті тапшы адамдарға қарсы көрсетілімдер бар

53	Сукроза		5 г	Препараттың бір реттік дозасындағы сукрозаның грамм мөлшері көрсетіледі ; қант диабеті бар науқастарға абайлас тағайындау керек	
	I ш к е қабылдауға арналған ерітінді; соратын шайнайтын таблеткалар	*		Тісті закымдайтын әсер береді	Бұл ақпарат дәрілік препарат үзак уақыт (екі және одан астам апта) қолдануға арналған жағдайда нұсқаулыққа енгізілуі тиіс.
54	Сульфиттер, метабисульфит терді қоса алғанда: 1) күкірт диоксиді Е 220 2) натрий сульфиті Е 221 3) натрий бисульфиті Е 222 4) натрий метабисульфиті Е 223 5) калий метабисульфиті Е 224 6) калий бисульфиті Е 228	Ауыз арқылы; парентеральді ; ингаляциялық	*	Ауыр аллергиялық реакциялар және бронхтың туйилуі	
55	Бидай крахмалы	Ауыз арқылы	*	Бидай крахмалына аллергиялық реакциялары бар адамдарға карсы көрсетілімдер бар	Бидай крахмалының құрамында Глютен (белгілері) болуы мүмкін
56	Ксилитол	Ауыз арқылы	10 г	О р т а ш а босаңсытатын әсер; ксилитолдың калориясы - 2,4 ккал/г	

Пайдаланылатын қысқартулар:

МГ - МИЛЛИГРАМ;

КГ - КИЛОГРАММ;

МКГ - МИКРОГРАММ;

Г - ГРАММ;

ККАЛ - КИЛОКАЛОРИЙ;

ММОЛЬ-МИЛИМОЛЬ;

Л-ЛИТР.

Ескерту:

\* Қосымша заттардың сандық мөлшеріне қарамастан, 5-бағанда көрсетілген ақпарат медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықта көрсетіледі.

\*\* 6-бағанда көрсетілген ақпарат дәрілік затқа мамандандырылған сараптама жүргізетін сарашыларға арналған

## Дәрілік заттың тіркеу дерекнамасына енгізілетін өзгерістердің тізбесі

### A. Әкімшілік өзгерістер

	Шарттар	Күжаттар және деректер	Рәсім
A.1 Тіркеу куәлігі ұстаушысының атауы және (немесе) мекенжайының өзгеруі			
а) Тіркеу куәлігінің ұстаушысы өзгермейді	1	1, 2	IA
б) Тіркеу куәлігі ұстаушысының ауысуы		2,3,4	IB

#### Ш а р т т а р

1. Тіркеу куәлігінің ұстаушысы заңды тұлға болып табылады.

#### Қ ұ ж а т т а м а

1. Дерекнаманың тиісті бөлігін (терін) түзету.
2. Белсенді фармацевтикалық субстанция ерімеген күйде болатын жұмысқа және сұйық дәрілік түрге қатысты; морфологияның көзге көрінетін өзгерістерін тексеру мақсатында бөлшектер микроскопиясын қоса алғанда, тиісті өзгерістің бастапқы сараптамасы; тиісті тәсілмен алынған бөлшектер өлшемі бойынша (дисперстік) орналастыру туралы салыстырмалы деректер.
3. Қатты дәрілік түрлерге қатысты: алдыңғы процестің көмегімен өндірілген соңғы үш серияның салыстырмалы дерекнамасы және бір репрезентативтік өнеркәсіптік серияның еру бейінінің дерекнамасы. Сұрату бойынша келесі екі толық өнеркәсіптік сериялар бойынша деректер ұсыну қажет, егер нәтижелер спецификацияға сыймаса іс-кимылдар жоспарын ұсыну қажет. Дәрілік өсімдік препараттарына қатысты салыстырмалы ыдырау дерекнамасы жеткілікті.
4. Қазақстан Республикасының биоэквиваленттілік зерттеулерін жүргізу қафидаларына сәйкес биоэквиваленттілік жаңа зерттеулерінің нәтижелерін ұсынбау негізdemесі.
5. Дәрілік препараттың сапасына әсер етпейтін процесс параметрлері өзгерген жағдайда бұрын жүргізілген қауітерді мақұлданған бағалау барысында кол жеткізілгені туралы декларация.
6. Шығару және жарамдылық мерзімінің аяқталуына спецификациялар көшірмелері.
7. Мақұлданған және ұсынылған процестің көмегімен өндірілген кемінде бір серияның серияларды талдау дерекнамасы (салыстырмалы кесте форматында). Сұрату бойынша келесі екі толық өнеркәсіптік сериялар бойынша деректер ұсыну қажет; егер талдау нәтижелері спецификацияға сыймаса хабарлау қажет және іс - қимылдар жоспарын ұсыну керек.
8. Қазақстан Республикасының құжаттарына сәйкес (сериялар номірлерін көрсете отырып) тұрақтылықтың тиісті зерттеулері басталғанын және кемінде бір тәжірибелік-өнеркәсіптік немесе өнеркәсіптік серияда тұрақтылықтың қажетті параметрлері зерттелгенін және хабарлау сәтінде өтініш берушінің қаруында, кем дегенде, тұрақтылықты 3-айлық зерттеудің қанағаттанарлық нәтижелері бар екендігін білдіретін декларация. Зерттеулердің аяқталатынын растау және егер нәтижелер спецификацияда болмаса немесе жарамдылық мерзімі аяқталуына карай спецификацияда потенциалды болмаса, оларды ұсынылатын іс-кимылдар жоспарымен бірге дереу уәкілетті органға ұсынады.

	Шарттар	Талап етілетін құжаттама	Рәсім түрлері
Б.П.б.4 Дәрілік препарат сериясы (серия көлемі диапазондарын қоса алғанда) көлемінің өзгерісі			
а) Мақұлданғанмен салыстырғанда 10 есеге дейін ірілендіру	1, 2, 3, 4, 5, 7	1, 4	IA
б) 10 есеге дейін кішірейту	1, 2, 3, 4, 5, 6	1, 4	IA

в) Өзгеріс биологиялық/иммунологиялық дәрілік препараттың салыстырмалығын талдауды талап етеді немесе серия өлшемінің өзгеруі биоэквиваленттілігін жаңадан зерттеуді талап етеді			II
г) Өзгеріс кешенді өндірістік процестердің көмегімен өндірілген барлық қалған дәрілік түрлерді қозғайды			II
д) Тез босап шығатын дәрілік түр сериясының макұлданған өлшеммен салыстырғанда 10 еседен аса ірілendіру (ішке қабылдауға арналған)	1, 2, 3, 4, 5, 6	IV	
е) Биологиялық/иммунологиялық дәрілік препараттың өндіріс масштабы өндірістік процесті өзгертусіз ұлғайды/азайды (мысалы, желінінің қайталануы)	1, 2, 3, 4, 5, 6	IV	

### Ш а р т т а р

1. Өзгеріс дәрілік препараттың өнімділігі және (немесе) сапа тұрақтылығына әсер етпейді.
2. Өзгеріс дереу босап шығатын ішке қабылдауға арналған стандартты дәрілік түрге немесе стерильді емес сұйық дәрілік түрге әсер етеді.
3. Өндіріс әдістерінің және (немесе) өндірісшілік бақылаулардың кез келген өзгерістері серия өлшемін өзгерту үшін қажет , мысалы, басқа өлшемдегі жабдықты пайдалану.
4. Бастапқы сараптама сызбасы бар немесе ағымдағы хаттамага сәйкес қолданыстағы талаптарға сай жаңа өлшеммен кемінде үш өнеркәсіптік серияларда өндірістің бастапқы сараптамасы сәтті жүргізілді.
5. Қарастырылатын дәрілік препарат биологиялық/иммунологиялық емес.
6. Өзгеріс өндіру барысында туындаған күтпеген жағдайлар немесе тұрақтылықты өзгерту салдарлары болмауы тиіс .
7. Сериялар өлшемі тіркеу кезінде қарастырылған немесе IA типті өзгеріс болып табылмайтын кейінгі өзгерістен кейін 10 еселік диапазонға сәйкес келеді.

### Қ ұ ж а т т а м а

1. Дерекнаманың тиісті болігін(терін) түзету.
2. Тіркелген және ұсынылатын өлшемде өндірілген кемінде бір өнеркәсіптік серия бойынша сериялардың талдау дерекнамасы (салыстырмалы кесте форматында). Сұрату бойынша келесі екі толық өнеркәсіптік сериялар бойынша деректер ұсыну қажет; ТК ұстаушы егер талдау нәтижелері спецификацияға сыймаса хабарлауға міндettі және іс-қимылдар жоспарын ұсынуы тиіс.
3. Шығаруға және жарамдылық мерзімінің аяқталуына макұлданған спецификациялар көшірмелері.
4. Тиісті жағдайларда валидациялық зерттеуде пайдаланылған сериялардың өлшеміне және оларды өндіру күніне (3) сәйкес келетін сериялар нөмірін көрсету қажет немесе бастапқы сараптама хаттамасын (сyzбасын) ұсынуды тиіс .
5. Бастапқы сараптама нәтижелерін ұсыну қажет.
6. Кемінде үш айды қамтитын кемінде бір тәжірибелік немесе өнеркәсіптік серияның елеулі тұрақтылық параметрлері бойынша Қазақстан Республикасының құжаттарына сәйкес жүргізілген тұрақтылықты зерттеу нәтижелері; мұндай зерттеулер аяқталатынын растау және егер нәтижелер спецификацияда болмаса немесе жарамдылық мерзімі аяқталуына қарай спецификацияда әлеуетті болмаса, оларды ұсынылатын іс-қимылдар жоспарымен бірге дереу уәкілдетті органға ұсынады. Биологиялық/иммунологиялық дәрілерге қатысты: үйлесімділігін бағалау талап етілмейтіні туралы қажет еместігінің декларациясы.

Б.П.6.5 Дәрілік препаратты өндіру кезінде пайдаланылатын ішкі өндірістік сынақтар немесе жарамдылық өлшемшарттарының өзгерісі	Шарттар	Талап етілетін күжаттама	Рәсім түрлері
а) Жарамдылықтың ішкі өндірістік өлшемшарттарын күшейту	1, 2, 3, 4	1, 2	IA
б) Жаңа сынақтарды немесе жарамдылық өлшемшарттарын қосу	1, 2, 5, 6	1, 2, 3, 4, 5, 7	IA
в) Елеусіз ішкі өндірістік сынақтарды алып тастау	1, 2, 7	1, 2, 6	IA
г) Дәрілік препараттың жиынтық сапасына елеулі әсер ететін ішкі өндірістік сынақтарды алып тастау			II

д) Дәрілік препараттың жиынтық сапасына елеулі әсер ететін макұлданған ішкі өндірістік жарамдылық өлшемшарттарын кеңейту			II
е) Қауіпсіздік немесе сапа мәнінен ішкі өндірістік сынақтарды қосу немесе ауыстыру		1, 2, 3, 4, 5, 7	IV

### Ш а р т т а р

1. Өзгеріс спецификацияның (мысалы, тіркеу немесе II түрдегі өзгерістерді енгізу барысында) қолданылуының өлшемшарттарын талдау мақсатында бұрын жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша қабылданған қандай да бір міндеттің салдары болып табылмайды.
2. Өзгеріс өндіріс барысында пайда болған кездейсоқ жағдайлардың салдары болып табылмайды, мысалы, жаңа біліктілігі жок коспа, коспа жиынтығы мөлшері шегінің өзгерісі.
3. Кез келген өзгеріс жарамдылықтың ағымдағы макұлданған өлшемшарттарының диапазонына сәйкес к е л у і т и і с .
4. Талдамалық әдістеме өзгермейді немесе елеусіз өзгереді.
5. Бірде-бір жаңа сынақ әдісі жаңа стандартты емес әдіске немесе жаңадан пайдаланылатын стандартты ә д і с т е м е г е н .
6. Сынақтың жаңа әдісі биологиялық/иммунологиялық/иммундық химиялық немесе белсенді фармацевтикалық субстанция үшін биологиялық реактив пайдаланылатын әдіс болып табылмайды (стандартты фармакопеялық микробиологиялық әдістерден басқа).
7. Ишкі өндірістік сынақ күрделі параметрлерді бақылауды қозғамайды, мысалы: саңдық анықтамасы қоспалар (егер тек қана белгілі бір еріткіш өндірісте пайдаланылmasa) кез-келген қатер шегіндеғі физикалық сипаттама (бөлшек көлемі, тығызыдауға дейінгі және кейінгі сеппетиғи зұлдызы) және т . б . ) түпнұсқалық сынамасы (қолайлы баламалы бақылау жок болса) микробиологиялық бақылау (егер тек қана ол белгілі бір дәрілік түрге қатысты талап етілмese)

### Қ ұ ж а т т а м а

1. Дерекнаманың тиісті бөлігін(терін) түзету.
2. Ишкі өндірістік және жарамдылық өлшемшарттарының ағымдағы және ұсынылатын ерекшеліктердің салыстырмалы к е с т е с і .
3. Жаңа талдамалық әдістеменің егжей-тегжейлі сипаттамасы және бастапқы сараптама бойынша деректер (сәйкес жағдайларда).
4. Дәрілік препараттың барлық спецификациялық параметрлерінің екі өндірістік серияларды талдау дерекнамасы (биологиялық белсенді фармацевтикалық субстанция үшін қажетті негізdemе болмаса - үш с е р и я ) .
5. Тиісті жағдайларда ағымдағы және жаңа өндірісшілік сынақтарды пайдалана отырып өндірілген кемінде бір тәжірибелік-өнеркәсіптік серияларда дәрілік препараттың еру бейінінің салыстырмалы дерекнамасы. Дәрілік өсімдік препараттарына қатысты салыстырмалы ыдырау дерекнамасы жеткілікті болуы мүмкін .
6. Ишкі өндірістік сынақтарды растайтын негізdemе/қауіптерді бағалау елеусіз немесе ескірген болып та б ы л а д ы .
7. Жаңа ішкі өндірістік сынақтары және жарамдылық өлшемшарттарының негізdemесі.

### Б.П. в) Қосымша заттардың сапасын бақылау

Б.П.в.1 Қосымша заттардың спецификация параметрлерін және (немесе) тиімділік өлшемшарттарын өзгерту	Шарттар	Талап етілетін күжаттама	Рәсім түрлері
а) Жарамдылық спецификациясы өлшемшарттарын күшейту	1, 2, 3, 4	1, 2	IA
б) Жарамдылықтың жаңа спецификация параметрлерін және оған сәйкес келетін сынақтар әдістерін қосу	1, 2, 5, 6, 7	1, 2, 3, 4, 6, 8	IA
в) Елеусіз спецификация параметрін жокқа шығару (мысалыескірген параметрді алып тастау)	1, 2	1, 2, 7	IA

г) Спецификациялардың макұлданған жарамдылық өлшемшарттарынен шығатын өзгерістер			II
д) Дәрілік препараттың жынытық сапасына елеулі әсер ете алатын спецификация параметрін жоққа шығару			II
е) Қауіпсіздігі немесе сапасына қатысты оған сәйкес келетін сынақ әдісі мен спецификация параметрін қосу немесе алмастыру (биологиялық және иммунологиялық препаратты қоспағанда)	1, 2, 3, 4, 5, 6, 8		IB
ж) Егер қосымша затқа КР Мемлекеттік Фармакопеясы мақаласы болмаса, ресми емес фармакопеяға немесе үшінші елдің фармакопеясына спецификацияның өз дерекнамасының өзгерістері	1, 2, 3, 4, 5, 6, 8		IB

### Ш а р т т а р

1. Өзгеріс спецификация (мысалы, тіркеу немесе II түрдегі өзгерістерді енгізу барысында) жарамдылығы өлшемшарттарын талдау мақсатында бұрын жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша қабылданған қандай да бір міндеттемелердің салдары болып табылмайды.
2. Өзгеріс өндіріс барысында пайда болған кездейсоқ жағдайлардың салдары болып табылмайды, мысалы, жаңа біліктілігі жоқ қоспа, қоспа жынытығы мөлшері шегінің өзгерісі.
3. Кез-келген өзгеріс жарамдылықтың ағымдағы макұлданған өлшемшарттарының диапазонына сәйкес к е л у і т и і с .
4. Талдамалық әдістеме өзгермейді немесе елеусіз өзгереді.
5. Бірде-бір жаңа сынақ әдісі жаңа стандартты емес әдіске немесе жаңадан пайдаланылатын стандартты ә д і с т е м е г е н .
6. Сынақтың жаңа әдісі биологиялық/иммунологиялық/иммундық химиялық немесе белсенді фармацевтикалық субстанция үшін биологиялық реактив пайдаланылатын әдіс болып табылмайды (стандартты фармакопеялық микробиологиялық әдістерден қоспағанда).
7. Өзгерістің геноуытты қоспаға қатысты емес.

### Қ ұ ж а т т а м а

1. Дерекнаманың тиісті бөлігін(терін) түзету.
2. Ағымдағы және ұсынылатын спецификациялардың салыстырмалы кестесі.
3. Жаңа талдамалық әдістеменің егжей-тегжейлі сипаттамасы және бастапқы сараптама бойынша деректер (сәйкесінше жағдайларда) .
4. Спецификацияның барлық параметрлері бойынша қосымша заттың екі өнеркәсіптік серияларының талдау дерекнамасы (биологиялық белсенді фармацевтикалық субстанция үшін қажетті негіздеме болмаса - үш се р и я ) .
5. Тиісті жағдайларда ағымдағы және ұсынылатын спецификацияға сәйкес келетін құрамында қосымша заттар бар кемінде бір тәжірибелік-өнеркәсіптік сериялардың дәрілік препаратының салыстырмалы еру кинетикасының тест дерекнамасы. Дәрілік өсімдік препараттарына қатысты салыстырмалы ыдырау дерекнамасы жеткілікті болуы мүмкін .
6. КР биоэквиваленттілік зерттеулерін жүргізу қагидаларына сәйкес биоэквиваленттілік жаңа зерттеулері нәтижелерін үсінбау негізде месі .
7. Параметр елеусіз немесе ескіргенін раставтың негіздеме/қауіптерді бағалау.
8. Жаңа спецификация параметрінің және қолданылу өлшемшарттарының негіздемесі.

Б.П.в.2 Қосымша заттар үшін талдамалық әдістеменің өзгерісі	Шарттар	Талап етілетін күжаттама	Рәсім түрлері
а) Макұлданған талдамалық әдістеменің елеусіз өзгерісі	1, 2, 3, 4	1, 2	IA
б) Егер оған баламалы әдіс макұлданған болса талдамалық әдістемені алып тастау	5	1	IA
в) Биологиялық реактив пайдаланылатын әдісті немесе биологиялық/иммунологиялық/иммунохимиялық сынақ әдістерін ауыстыру			II
г) Талдамалық әдістеменің өзге өзгерістері (косуды немесе ауыстыруды қоса алғанда)		1, 2	IB

## Ш а р т т а р

- Тиісті құжаттарға сәйкес жаңартылған талдамалық әдістеме, кемінде алдындағыға эквивалентті екенін растайтын қажетті валидациялық зерттеу жүргізлді.
- Қоспа жынытығы мөлшерінің шегі өзгерген жоқ, жаңа біліктілігі жоқ қоспалар табылған жоқ.
- Талдау әдісі өзгерген жоқ (мысалы, бағана немесе температура ұзындығының өзгеруі, бірақ бағананың немесе әдістің басқа түрі емес).
- Жаңа сынақ әдісі биологиялық/иммунологиялық/ иммунохимиялық немесе биологиялық реактив пайдаланылатын әдіс болып табылмайды (стандартты фармакопеялық микробиологиялық әдістердің оспағанда).
- Спецификация параметрі үшін баламалы талдамалық әдістеме мақұлданды, бұл ретте мұндай әдістеме IA-хабарлама арқылы қосылмаган.

## Қ ұ ж а т т а м а

- Талдамалық әдіснаманың сипаттамасын, бастапқы сараптама дерекнамасының түйіндемесін, қоспаларға қарастырылған ерекшеліктерді (егер қолданылса) қоса алғанда дерекнаманың тиісті бөліміне (бөлімдеріне) түзету.
- Бастапқы сараптаманың салыстырмалы нәтижелері, немесе негізде болған жағдайда ағымдағы және ұсынылатын сынақтар эквивалентті екенін растайтын салыстырмалы талдау нәтижелері. Егер жаңа талдамалық әдістеме қосылатын болса, осы талап қолданылмайды.

Б.П.в.3 Қосымша затты немесе ТКЭ қаупімен реактивті алу көзінің өзгерісі	Шарттар	Талап етілетін құжаттама	Рәсім түрлері
а) ТКЭ қаупі бар материалдан өсімдік текстес немесе шығу тегі синтетикалық материалга			
1. Биологиялық/иммунологиялық белсенді фармацевтикалық субстанция немесе биологиялық/ иммунологиялық дәрілік препарат өндірісінде пайдаланылмайтын қосымша заттар немесе реактивтер үшін	1	1	IA
2. Биологиялық/иммунологиялық белсенді фармацевтикалық субстанция немесе биологиялық/ иммунологиялық дәрілік препарат өндірісінде пайдаланылған қосымша заттар немесе реактивтер үшін		1, 2	IB
б) ТКЭ қаупімен материалдың өзгерісі немесе енгізу немесе ТКЭ қаупімен материалды ТКЭ бойынша сәйкестік сертификаты жоқ ТКЭ қаупімен басқа материалга аудистыру			II

## Ш а р т т а р

- Қосымша заттар және дәрілік препараттың шығаруға және жарамдылық мерзімінің аяқталуына спецификациялар өзгермейді.

## Қ ұ ж а т т а м а

- Толығымен өсімдік текстес немесе шығу тегі синтетикалық материалды өндірушінің немесе тіркеу күнделігін ұстаушысының декларациясы.
- Материалдардың эквиваленттілігін зерттеу және дайын материал өндірісіне әсері және дәрілік препараттың сипаттамасына (мысалы, еру сипаттамасы) әсері.

Б.П.в.4 Фармакопеялық емес қосымша заттардың (егер ол тіркеу дерекнамасында сипатталған болса) немесе жаңа қосымша заттың синтезінің немесе алының өзгерісі	Шарттар	Талап етілетін құжаттама	Рәсім түрлері
а) Фармакопеялық емес қосымша заттардың немесе жаңа қосымша заттың синтезінің немесе алының өлеусіз өзгерісі	1, 2	1, 2, 3, 4	IA
б) Спецификациялар өзгереді немесе дәрілік препараттың сапасына әсер ететін алатын қосымша заттардың физика-химиялық қасиеттерінің өзгерісі бар			II
в) Қосымша зат - биологиялық/иммунологиялық зат			II

## Ш а р т т а р

- Синтез тәсілі және спецификациялар бірдей және қоспалар бейінінің сандық және сапалық өзгерістері

немесе физика-химиялық қасиеттері жок (калдық еріткіштерді қоспағанда, оларды бакылау КР құжаттарында көрсетілген шеткі құрамға сәйкес жүзеге асырылады).

2. Адыюанттарды қоспағанда.

#### К ұ ж а т т а м а

1. Дерекнаманың тиісті бөлігін(терін) түзету.
2. Ескі және жаңа процестердің көмегімен өндірілген қосымша заттардың кемінде екі серия бойынша (кемінде тәжірибелік-өнеркәсіптік) сериялардың талдау дерекнамасы (салыстырмалы кесте форматында).
3. Тиісті жағдайларда кемінде екі серияның (кемінде тәжірибелік-өнеркәсіптік) дәрілік препараттының салыстырмалы еру кинетикасының тест дерекнамасы. Дәрілік өсімдік препараттарына қатысты салыстырмалы ыдырау дерекнамасы жеткілікті болуы мүмкін.
4. Қосымша заттардың макұлданған және жаңа (егер қолданылса) спецификацияларының көшірмесі.

#### Б.П. г) Дәрілік препараттың сапасын бақылау

Б.П.г.1 Дәрілік препараттың спецификация параметрлерінің және (немесе) жарамдылық өлшемшарттарының өзгерісі	Шарттар	Талап етілетін құжаттама	Рәсім түрлері
а) Спецификацияның қолданылу өлшемшарттарын қүшейту	1, 2, 3, 4	1, 2	IA
б) Ресми бақылау органымен серияны шығаруға жататын дәрілік препараттардың спецификациясының қолданылу өлшемшарттарын қүшейту	1, 2, 3, 4	1, 2	IA
в) Спецификацияға жаңа параметрді және оған сәйкес келетін сынақ әдісін қосу	1, 2, 5, 6, 7	1, 2,3, 4, 5, 7	IA
г) Елеусіз спецификация параметрін алып тастау (мысалы, ескірген параметрді алып тастау)	1, 2	1, 2, 6	IA
д) Спецификациялардың макұлданған жарамдылық өлшемшарттарынен тыс өзгерістер			II
е)Дәрілік препараттың жиынтық сапасына елеулі әсер ете алатын спецификация параметрін алып тастау			II
ж) Кауіпсіздігі немесе сапасына қатысты спецификация параметрін және оған сәйкес келетін сынақтар әдісін қосу немесе алмастыру (биологиялық және иммунологиялық препаратты қоспағанда)		1, 2, 3, 4, 5, 7	IB
з) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Фармакопеясының жаңартылған жалпы бабының ережесіне сәйкес келтіру мақсатында дәрілік препаратқа дерекнаманы жаңарту (*)	1, 2, 3,4, 7, 8	1,2	IA
и) Ағымдағы тіркелген әдістемесін ауыстыру мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Фармакопеясының "Дозалаудың біртектілігі ", не Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Фармакопеясының "Салмағының біртектілігі" не "Құрамының біртектілігі" мақаласы енгізіледі	1, 2, 10	1, 2, 4	IA

## Ш а р т т а р

- Спецификацияны қолдану өлшемшарттарын (мысалы, дәрілік препаратты тіркеу немесе II түрдегі өзгерістерді енгізу барысында) талдау мақсатында бұрын жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша қабылданған қандай да бір міндеттемелердің салдары болып табылмайды.
- Өзгеріс өндіріс барысында туындаған, мысалы, жаңа біліктілігі жоқ коспа, коспа жиынтықтары құрамы шегін өзгерту күтпеген жағдайлардың салдары болып табылмайды.
- Кез келген өзгеріс жарамдылықтың ағымдағы мақұлданған өлшемшарттар диапазонына сәйкес келуі тиис.

- Талдамалық әдістеме өзгермейді немесе елеусіз өзгереді.
- Сынақтың бір де бір әдісі жаңа стандартты емес әдістемеге немесе жаңадан пайдаланылатын стандартты әдістемеге негізделмеген.
- Сынақтың жаңа әдісі биологиялық/иммунологиялық/иммунохимиялық немесе белсенді фармацевтикалық субстанция үшін биологиялық реактив пайдаланылатын әдіс болып табылмайды (стандартты фармакопеялық микробиологиялық әдістерді қоспағанда).
- Өзгеріс қандай да бір коспаларды (геноуттыны қоса) немесе ерітуді қозғамайды.
- Өзгеріс қолданыстағы Фармакопеяға сәйкес келтіру мақсатында микробиологиялық бақылаулардың жарамдылық өлшемшарттарын жаңартуды қозғайды, ал бұрын тіркелген микробиологиялық бақылаулардың жарамдылық өлшемшарттары белгілі бір дәрілік түрге қатысты фармакопеялық талаптардан бөлек спецификацияға кірген қандай да бір қосымша бақылауларды қамтymайды.
- Ішкі өндірістік сынақ қатер шегіндегі параметрлерді қозғамайды, мысалы: сандық анықтамасы қоспалар (егер тек қана белгілі бір еріткіш өндірісте пайдаланылmasa) кез-келген қатер шегіндегі физикалық сипаттама (бөлшек көлемі, тығызыдауга дейінгі және кейінгі сеппеттығыздылығы және т.б.)

- сынамадан откізуғе кез келген сұраным.
- Ұсынылатын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Фармакопеясы мақаласының кестесіне толық сәйкес келеді және егер соңғысы мақалада көрсетілсе, салмағының немесе ішіндегісінің біртектілігі құбылуы көмегімен дозалау біртектілігі сынамасының баламалы ұсыныстарын қамтymайды.

## Құжаттама

- Дерекнаманың тиісті бөлігін(терін) түзету.
- Ағымдағы және ұсынылатын спецификациялардың салыстырмалы кестесі.
- Жаңа талдамалық әдістемеде кез келгенін толық сипаттау және бастапқы бойынша деректер (сәйкес жағдайларда)
- Спецификацияның барлық параметрлері бойынша дәрілік препараттың екі өнеркәсіптік серияларының талдау дерекнамасы (биологиялық белсенді фармацевтикалық субстанциялар үшін қажетті негізде мөрдің болмадау )
- Тиісті жағдайларда ағымдағы және ұсынылатын спецификацияға сәйкес келетін кемінде бір тәжірибелік-өнеркәсіптік сериялардың дәрілік препараттың салыстырмалы еру кинетикасының тест дерекнамасы. Дәрілік өсімдік препараттарына қатысты салыстырмалы ыдырау дерекнамасы жеткілікті болуы мүмкін.
- Параметр елеусіз болып табылатынын растайтын негізде/қауіптерді бағалау параметрі.
- Жаңа спецификация параметрлерінің және жарамдылық өлшемшарттарының негізdemесі.

(*) Ескерту	егер тіркелген дәрілік препараттың дерекнамасында "ағымдағы басылым" айтылса, КР Мемлекеттік Фармакопеясының жаңартылған мақаласы туралы уәкілетті органдарға хабарлау қажет. Осыған байланысты мұндай өзгеріс техникалық дерекнамада жаңартылған фармакопеялық мақала жайлы айтылмағанда қолданылады, ал өзгеріс жаңартылған нұсқауға қосу мақсатында іске асырылады.		
Б.И.г.2 Дәрілік препараттың талдамалық әдістемесінің өзгерісі	Шарттар	Талап етілетін күжаттама	Рәсім түрлері

а) Бекітілген талдамалық әдістеменің елеусіз өзгерістері	1, 2, 3, 4	1, 2	IA
б) Егер бұған баламалы әдістеме мақұлданған болса, талдамалық әдістеменің болмауы	4	1	IA
в) Биологиялық/ иммунологиялық/ иммунохимиялық сынақты немесе биологиялық реактив немесе бекітілген хаттамамен қамтылмаған биологиялық салыстыру препаратты алмастыру пайдаланылатын әдісті өзгерту (ауыстыру)			II
г) Талдамалық әдістеменің өзге өзгерістері (қосуды немесе ауыстыруды қоса)		1, 2	IB
д) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Фармакопеясының жаңартылған жалпы мақаласына сәйкес келу максатында талдамалық әдістемені жаңарту	2, 3, 4, 5	1	IA
е) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Фармакопеясына сәйкестігін көрсете және ескірген өзінің талдамалық әдістемесін және оның номірін алып тастау мақсатында (*)	2, 3, 4, 5	1	IA

### Ш а р т т а р

1. Тиісті құжаттарға сәйкес жаңартылған талдамалық әдістеме кемінде алдыңғыға эквивалентті екенін растайтын қажетті валидациялық зерттеулер жүргізілді.
2. Қоспа жиынтығы құрамының шектері өзгерген жок, жаңа біліктілігі жок қоспалар табылған жоқ.
3. Талдау әдісі өзгерген жок (мысалы, бағана ұзындығының немесе температуралың өзгеруі, бірақ бағананың немесе әдістің басқа түрі емес).
4. Жаңа сынақ әдісі биологиялық/иммунологиялық/иммунохимиялық сынақ әдісі немесе биологиялық реактив пайдаланылатын әдіс болып табылмайды (стандартты фармакопеялық микробиологиялық әдістере ді).  
қоспағанда .
5. Тіркелген талдамалық әдістеме Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясының жалпы мақаласына сілтеме береді, ал кез келген өзгерістер елеусіз болып табылады және техникалық дерекнаманың жаңартылуын талап етеді.

### Қ ұ ж а т т а м а

1. Талдамалық әдістеменің сипаттамасын, бастапқы сараптама дерекнамасының түйіндемесін, қоспаларға қарастырылған спецификацияларды (егер қолданылса) қоса алғанда, дерекнаманың тиісті бөліміне түзету енгізу .
2. Бастапқы сараптаманың салыстырмасын, немесе негіздеме болған жағдайда ағымдағы және ұсынылатын сынақтар эквивалентті екенін растайтын салыстырмалы талдау нәтижелері. Егер жаңа талдамалық әдістеме қосылатын болса, осы талап колданылмайды.

(*) Ескерту	егер тіркелген дәрілік препараттың дерекнамасында "ағымдағы басылым" туралы айтылса, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Фармакопеясының жаңартылған мақаласы туралы уәкілдеп органдарға хабарлау қажет.		
Б.П.г.3 Дәрілік препаратты өндірген кезде параметрлер бойынша шығару немесе нақты уақытта шығаруды енгізуі қозғайтын өзгерістер	Шарттар	Талап етілетін құжаттама	Рәсім түрлері

### Б.П. д) Қаптау-тығындау жүйесі

Б.П.д.1 Дәрілік препараттың бастапқы қаптамасының өзгерісі	Шарттар	Талап етілетін құжаттама	Рәсім түрлері
а) Сапалық және сандық құрамы			
1. Катты дәрілік түрлер	1, 2, 3	1, 2, 3, 4, 6	IA
2. Жұмсақ және стерильді емес сұйық дәрілік түрлер		1, 2, 3, 5, 6	IB
3. Стерильді дәрілік препараттар және биологиялық/иммунологиялық дәрілік препараттар			II
4. Өзгеріс бір мезгілде сактау шарттары және (немесе) жарамдылық мерзімін қысқарту өзгерістері барысында қорғаныс қасиеттері төмен қаптаманы қозгайды			II
б) Контейнер түрін өзгерту немесе жаңа контейнерді қосу			
1. Катты, жұмсақ және стерильді емес сұйық дәрілік түрлер		1, 2, 3, 5, 6, 7	IB
2. Стерильді дәрілік препараттар және биологиялық/иммунологиялық дәрілік препараттар			II
3. Дозалауды немесе дәрілік түрді толық жоққа шығаруға әкелмейтін бастапқы қаптамадан контейнерді алып тастау	4	1, 8	IA

### Ш а р т т а р

1. Өзгеріс тек қана қаптамасын/контейнердің бір түріне әсер етеді (мысалы, блистерді блистерге өзгерту).
2. Елеулі қасиеттер бойынша ұсынылатын қаптамалық материал мақұлданғанға кемінде эквиваленттілігі.
3. Белгіленген талаптарға сәйкес тұрақтылықтың тиісті зерттеулері басталды және өтініш беруші өзгерістерді енгізу сәтінде тұрақтылықтың тиісті параметрлері кемінде екі тәжірибелік-өнеркәсіптік немесе өнеркәсіптік серияларға талданған, оның қарауында қанағаттанарлық нәтижелер, кеміндегі тұрақтылықтың 3-айлық зерттеуі бар. Алайда егер ұсынылатын қаптама мақұлданғанмен салыстырғанда тұрақтырақ болса, онда тұрақтылық бойынша үш айлық деректер талап етілмейді. Мұндай зерттеулерді аяқтағаннан кейін егер нәтижелері спецификацияға кіrmесе немесе әлеуетті жарамдылық мерзімінің/кайта сынау кезеңінің соына кіrmесе, оларды дереу әрекет ету жоспарымен қатар уәкілдеп дозалау және емдеу ұзақтығы бойынша ұсынымдарды орындау үшін жеткілікті болуы тиіс.

### Қ ұ ж а т т а м а

1. Дерекнаманың тиісті бөлігін түзету.
2. Жаңа қаптама туралы қажетті деректер (мысалы, өткізгіштігі бойынша салыстырмалы деректер, мысалы, О2, СО2, ылғал және т.б. үшін).
3. Тиісті жағдайларда материалдың тағамдық өнімдермен жанасатын пластикалық материалдар және нысадар туралы тиісті фармакопеялық талаптарға немесе ҚР заңнамасына сәйкестігін растауды қоса, ішіндеңі мен қаптама материалының арасында өзара әрекеттесу жок екендігін (мысалы, ұсынылатын материалдың оның ішіндеңісімен компоненттердің алмасуының болмауы, дәрілік препараттың компоненттері қаптамаға отпейді) растау қажет.
4. ҚР құжаттарына сәйкес (сериялар нөмірін көрсете отырып) тұрақтылықтың тиісті зерттеулері басталғанын және өзгерістерді енгізу сәтінде өтініш берушінің қарауында тұрақтылық бойынша ең төменгі қанағаттанарлық деректер болғандығын; және қолда бар деректердің қандай да бір мәселе туындағанын күәландырмайтыны туралы декларация. Сондай-ақ, зерттеудің аяқталатынын растау қажет және егер нәтижелер спецификацияға кіrmесе немесе жарамдылық мерзімінің соына қарай спецификацияда болмаса, оларды ұсынылатын іс-кимылдар жоспарымен бірге уәкілдепті органға ұсынады.
5. ҚР құжаттарына сәйкес жүргізілген тұрақтылық зерттеулері нәтижелері тұрақтылықтың маңызды параметрлері бойынша кемінде 3 айды қамтитын кемінде екі тәжірибелік-өнеркәсіптік немесе өнеркәсіптік серияларда және көрсетілген зерттеулердің аяқталатынын растау және егер нәтижелер спецификацияға кіrmесе немесе жарамдылық мерзімінің соына қарай спецификацияда болмаса, оларды ұсынылатын іс-кимылдар жоспарымен бірге уәкілдепті органға ұсынады.
6. Бастапқы қаптамасын (егер қажет болса) ағымдағы және ұсынылатын спецификацияларын салыстыру.
7. Тиісті жағдайларда жаңа контейнердін/тығындаудың

8. Каптаманың қалған өлшемі (дері) дозалау режиміне және емдеу ұзактығына сәйкес келетінін білдіретін декларация және дәрілік препараттың жалпы сипаттамасында көлтірілген дозалау бойынша ұсыныстарды орындау үшін жеткілікті.

Ескерту	Б.П.Д.1.б) үшін - егер өзгеріс "жаңа дәрілік түрдің қалыптасуына" әкелсе, онда мұндай өзгеріс тіркеуді кеңейту туралы өтініш беруді талап етеді.		
Б.П.д.2 Дәрілік препараттың бастапқы қаптамасының спецификация параметрлерінің және (немесе) жарамдылық өлшемшарттарының өзгерісі	Шарттар	Талап етілетін құжаттама	Рәсім түрлері
а) Өзіндік ерекшеліктің жарамдылық өлшемшарттарын күшейту	1, 2, 3, 4	1, 2	IA
б) Өзіндік ерекшелікке жаңа параметрді және оған сәйкес келетін талдамалық әдістемені қосу	1, 2, 5	1, 2, 3, 4, 6	IA
в) Өзіндік ерекшеліктің елеусіз параметрін алып тастау (мысалы, ескірген параметрді алып тастау)	1, 2	1, 2, 5	IA
г) Қауіпсіздігі немесе сапасы тұрғысынан спецификация параметрін қосу немесе алмастыру		1, 2, 3, 4, 6	IB

### Ш а р т т а р

1. Өзгеріс ерекшелігі (мысалы, тіркеу немесе II түрдегі өзгерістерді енгізу барысында) жарамдылығы өлшемшарттарын талдау мақсатында бұрын жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша қабылданған қандай да бір міндеттің салдары болып табылмайды.
2. Өзгеріс өндіріс барысында пайда болған кездейсоқ жағдайлардың салдары болып табылмайды.
3. Кез-келген өзгеріс жарамдылықтың ағымдағы макұлданған өлшемшарттарының диапазонына кіруі к е р е к .
4. Талдамалық әдістеме өзгермейді немесе елеусіз өзгереді.
5. Бірде-бір жаңа сынақ әдісі жаңа стандартты емес әдіске немесе жаңадан пайдаланылатын стандартты әдістемеге н е г і з д е л м е г е н .

### Қ ұ ж а т т а м а

1. Дерекнаманың тиісті бөлігін (терін) түзету.
2. Ағымдағы және ұсынылатын спецификациялардың салыстырмалы кестесі.
3. Жаңа талдамалық әдістеменің егжей-тегжейлі сипаттамасы және валидация бойынша деректер (тиісті жағдайларда).
4. Спецификацияның барлық параметрі (көрсеткіші) бойынша қаптама материалының екі сериясының талдау д е р е к н а м а с ы .
5. Параметр елеусіз болып табылатынын растайтын негіздеме/қауіптерді бағалау.
6. Жаңа ерекшелік параметрінің және жарамдылық өлшемшарттарының негіздемесі.

Б.П.д.3 Дәрілік препараттың бастапқы қаптамасы үшін талдамалық әдістеме өзгерісі	Шарттар	Талап етілетін құжаттама	Рәсім түрлері
а) макұлданған талдамалық әдістеменің елеусіз өзгерістері	1, 2, 3	1, 2	IA
б) Талдамалық әдістеменің басқа да өзгерістері (алмастыру немесе қосуды қоса)	1, 3, 4	1, 2	IA
в) Егер оған баламалы әдістеме бұрын макұлданған болса, талдамалық әдістемені жоққа шығару	5	1	IA

### Ш а р т т а р

1. Жаңартылған талдамалық әдістеме, кем дегенде, алдындағыға эквивалентті екенін растайтын қажетті бастапқы сараптама жүргізді .
2. Талдау әдісі өзгерген жоқ (мысалы, бағана ұзындығының немесе температуралың өзгеруі, бірақ бағананың немесе әдістің басқа түрі емес).
3. Бір де бір жаңа сынақ әдісі жаңа стандартты емес әдістемеге немесе жаңадан пайдаланылатын стандартты әдістемеге негізделмеген .
4. Белсенді фармацевтикалық субстанция /дәрілік препарат биологиялық/иммунологиялық емес.

5. Ерекшелігі параметрі үшін баламалы талдамалық әдістеме макұлданды, бұл ретте мұндай әдістеме IA-хабарлама арқылы қосылмаған.

#### Қ ұ ж а т т а м а

1. Дерекнаманың тиісті бөлігін түзету.

2. Бастапқы сараптаманың салыстырмалы нәтижелері, немесе негіздеме болса, ағымдағы және ұсынылатын сынақтар баламалы екенін растайтын салыстырмалы талдау нәтижелері. Егер жаңа талдамалық әдістеме қосылатын болса, осы талап қолданылмайды.

Б.П.д.4 Бастапқы қаптама немесе тығындаудың (бастапқы қаптаманың) түрінің немесе көлемінің өзгерісі	Шарттар	Талап етілетін құжаттама	Рәсім түрлері
а) Стерильді емес дәрілік препараттар	1, 2, 3	1, 2, 4	IA
б) Пішінінің немесе өлшемінің өзгеруі жеткізуге, қолдануға, қауіпсіздікке немесе дәрілік препараттың тұрақтылығына әсер ете алатын қаптама материалдарының негізгі көрсеткіштеріне әсер етеді			II
в) Стерильді дәрілік препараттар		1, 2, 3, 4	IB

#### Ш а р т т а р

1. Бастапқы қаптаманың сандық және сапалық құрамы өзгерген жок.

2. Өзгеріс жеткізуге, қолдануға, қауіпсіздікке немесе дәрілік препараттың тұрақтылығына әсер ете алатын қаптама материалдарының негізгі көрсеткіштеріне әсер етпейді.

3. Бос кеңістікті немесе КР құжаттарына сәйкес тұрақтылығы бойынша үстінгі бетін/көлемін өзгертуken кезде тұрақтылықтың тиісті зерттеулері басталды; және екеуден кем емес тәжірибелік-өнеркәсіптік (биологиялық/иммунологиялық дәрілік препараттар үшін - үш серияда) немесе өнеркәсіптік серияларда тиісті тұрақтылық параметрлері талданды; өтініш берушінің қарауында қанағаттанарлық нәтижелер, кем дегенде, тұрақтылықты (биологиялық/иммунологиялық дәрілік препараттар үшін - алты айлық) 3 айлық зерттеуі бар. Сондай-ақ, зерттеудің аяқталатынын растау қажет және егер нәтижелер спецификацияға кірмese немесе жарамдылық мерзімінің соына қарай спецификацияда болмаса, оларды ұсынылатын іс-кимылдар жоспарымен бірге уәкілетті органға ұсынады.

#### Қ ұ ж а т т а м а

1. Контеинер немесе тығында материалының сипаттамасын, толық сыйзбасын және құрамын қоса алғанда, дерекнаманың тиісті бөлімін түзету, сондай-ақ дәрілік препарат туралы акпаратты қайта қарau.

2. Тиісті жағдайларда жаңа контейнер/тығында үлгілері.

3. Терминалды стерилизациялауға ұшыраған стерильді препараттарға қайта бастапқы сараптама зерттеулер жүргізілді. Тиісті жағдайларда бастапқы сараптама зерттеулерде пайдаланылған сериялар нөмірін көрсетеу көреек.

4. Бос кеңістікті немесе көлемге үстінгі бетіне қатысты белгінген талаптарға сәйкес тұрақтылық зерттеуді талапт ету басталғаны (сериялардың нөмірлері көрсетілген) және (тиісті жағдайларда) IA типті өзгеріс туралы хабарлама тарату және IB типті өзгеріс туралы хабарлама беру сәтінде оның қарауында тұрақтылықты зерттеудің қанағаттанарлық нәтижелер болатынын; колда бар деректердің қандай да бір мәселені көрсетпейтін туралы декларация. Сондай-ақ, зерттеудің аяқталатынын растау қажет және егер нәтижелер ерешелігіне кірмese немесе жарамдылық мерзімінің соына қарай спецификацияда болмаса, оларды ұсынылатын іс-кимылдар жоспарымен бірге уәкілетті органға ұсынады.

Б.П.д.5 Дәрілік препарат қаптамасының көлемінің өзгеруі	Шарттар	Талап етілетін құжаттама	Рәсім түрлері
а) Қаптамадағы дәрілік түр бірлігі санының өзгерісі (мысалы, таблеткалар, ампулалар және т.б.)			
1. Өзгеріс қаптама мөлшерінің макұлданған диапазонына орналасады	1, 2	1, 3	IAНУ
2. Өзгеріс қаптама мөлшерінің макұлданған диапазонына орналаспайды		1, 2, 3	IB
б) Қаптама өлшемінің өзгерісі	3	1, 2	IA

в) Стерильді көп дозалы (немесе ішінара шығарумен бір дозалы) парентеральді дәрілік препараттардың және биологиялық/иммунологиялық көп дозалы парентеральді дәрілік препараттардың номиналдық массасының/ номиналдық көлемінің өзгеруі			II
--	--	--	----

г) Парентальді емес көп дозалы (немесе ішінара шығарумен бір дозалы) дәрілік препараттардың номиналдық массасының/ номиналдық көлемінің өзгеруі	1, 2, 3	IV
---	---------	----

### Ш а р т т а р

1. Қаптаманың жаңа өлшемі дәрілік препараттың жалпы сипаттамасында көрсетілген дозалау режиміне және емдеу ұзактығына сәйкес болуы тиіс.  
 2. Бастапқы қаптама материалы өзгерген жок.  
 3. Қалған шығару түрлері дәрілік препараттың жалпы сипаттамасында көрсетілген дозалау режиміне және емдеу ұзактығы бойынша ұсынымдарды орындауға мүмкіндік береді.

### Қ ұ ж а т т а м а

1. Дәрілік препарат туралы ақпаратты қайта қарастыруды қоса, дерекнаманың тиісті бөлігін түзету.  
 2. Қаптаманың жаңа/қалған өлшемдері дәрілік препараттың жалпы сипаттамасында көрсетілген дозалау режиміне және емдеу ұзактығына сәйкес келетінін білдіретін негіздеме.  
 3. ҚР тиісті құжаттарына сәйкес тұрақтылыққа әсер етуі күтілетін болса, тұрақтылық зерттеулері басталатындығы туралы декларация. Деректерді (ұсынылған іс-қимылдар жоспарымен), тек олар спецификацияға кірмese ұсыну қажет.

Ескерту:	Б.П.д.5.в) және г) үшін - егер өзгеріс дәрілік препарат "дозасының" өзгеруіне әкелсе, онда мұнданай өзгеріс кеңейту туралы өтініш беруді талап етеді.		
----------	---	--	--

Б.П.д.6 дәрілік препаратқа тікелей әсер етпейтін (мысалы, алмалы-салмалы қалпақшалар түсі, ампуладағы түсті кодтық сақиналар, инені корғайтын қақпақшаны өзгерту (басқа пластикті пайдалану)) қаптаманың қандай да бір бөлшегінің (бастапқы) өзгерісі	Шарттар	Талап етілетін күжаттама	Рәсім түрлері
---	---------	--------------------------	---------------

а) Дәрілік препарат туралы ақпаратқа қатысты өзгеріс	1	1	IAHU
б) Дәрілік препарат туралы ақпаратқа қатысты емес өзгеріс	1	1	IA

### Ш а р т т а р

1. Өзгеріс жеткізуге, қолдануға, қауіпсіздікке немесе дәрілік препараттың тұрақтылығына әсер ете алатын қаптама материалдарының бір бөлігіне әсер етпейді.

### Қ ұ ж а т т а м а

1. Дәрілік препарат туралы ақпаратты қайта қарастыруды қоса, дерекнаманың тиісті бөлігін түзету.

Б.П.д.7 Қаптама немесе құрылғы компоненттерінің жеткізушісін өзгерту (егер дерекнамада көрсетілсе)	Шарттар	Талап етілетін күжаттама	Рәсім түрлері
а) Жеткізушіні алып тастау	1	1	IA
б) Жеткізушіні ауыстыру немесе қосу	1, 2, 3, 4	1, 2, 3	IA
в) Дозаланған ингаляторлар спейсерлерін жеткізушілердің кез келген өзгеруі			II

### Ш а р т т а р

1. Қаптама компонентін немесе бұйым алып тасталмайды.  
 2. Қаптама компоненттерінің сапалық және сандық құрамы/эскиздің бұйымдары мен ерекшеліктері өзгермейді.  
 3. Сапаны бақылау спецификациялары мен әдістері, кемінде эквивалентті.  
 4. Стерильдеу әдісі және оның шарттары өзгермейді (егер қолданылса).

**Құжаттама**

1. Дерекнаманың тиісті бөлігін түзету.  
 2. Дәрілік препаратқа коса берілетін медициналық бұйымдарға қатысты Қазақстан Республикасында медициналық бұйымдардың тіркелуін растау  
 3. Ағымдағы және ұсынылатын спецификациялардың салыстырмасы кестесі (егер қолданылса).

Б.П.д.8 Бастапқы және қайталама қаптаманың таңбалану дизайнның өзгерту	Шарттар	Талап етілетін құжаттама	Рәсім түрлері
	1	1,2	IA

**Шарттап**

1. Қаптама компоненттерінің сапалық және сандық құрамы/эскиздің бұйымдары мен ерекшелігі өзгермейді.

**Құжаттама**

1. Дерекнаманың тиісті бөлігін(терін) түзету.  
 2. Қаптама макеттері ескі дизайнында.

**Б.П. е) Тұрақтылығы**

Б.П.е.1 Дәрілік препараттың жарамдылық мерзімінің немесе сақтау шарттарының өзгерісі	Шарттар	Талап етілетін құжаттама	Рәсім түрлері
а) Дәрілік препараттың жарамдылық мерзімін қысқарту			
1. Коммерциялық қаптамаға қапталған	1	1, 2, 3	IA
2. Алғаш ашқаннан кейін	1	1, 2, 3	IA
3. Сұйылтқаннан кейін немесе қалпына келтіргеннен кейін	1	1, 2, 3	IA
б) Дәрілік препараттың жарамдылық мерзімін ұзарту			
1. Коммерциялық қаптамаға қапталған (нақты уақытта деректермен расталған)		1, 2, 3	IB
2. Алғаш ашқаннан кейін (нақты уақытта деректермен расталған)		1, 2, 3	IB
3. Сұйылтқаннан кейін немесе қалпына келтіргеннен кейін (нақты уақытта деректермен расталған)		1, 2, 3	IB
4. Қазақстан Республикасының құжаттарына сәйкес келмейтін тұрақтылық бойынша деректер экстраполяциясы жолымен жарамдылық мерзімін арттыру (*)			II
5. Тұрақтылықты зерттеудің макұлданған бағдарламасына сәйкес биологиялық/иммунологиялық дәрілік препаратты сақтау кезеңін арттыру		1, 2, 3	IB
в) Егер тұрақтылықты зерттеу тұрақтылықты зерттеудің ағымдағы макұлданған бағдарламасына сәйкес жүргізілмесе, биологиялық/иммунологиялық дәрілік препаратты сақтау кезеңінің өзгерісі			II
г) Дәрілік препаратты сақтау шарттарының немесе дәрілік препаратты сұйылтқаннан кейінгі/қалпына келтіргеннен кейінгі өзгерістер		1, 2, 3	IB
д) Тұрақтылықтың макұлданған хаттамасының өзгерісі	1, 2	1, 4	IA

**Шарттап**

1. Өзгеріс өндіріс барысында туындаған кездейсоқ жағдайлардың немесе тұрақтылықтың өзгеруінің

салдары

б о л м а у

ти іс.

2. Өзгеріс сыйалатын параметрлердің жарамдылық өлшемшарттарының кеңеюіне, тұрақтылық параметрін алып тастау немесе сыйнақ жиілігінің төмендеуіне әкелмейді.

Құжаттама

1. Дерекнаманың тиісті бөлігін (терін) түзету. Оның құрамында тіркелген қаптау материалының көмегімен және (немесе) тиісінше бірінші ашқаннан кейін немесе сұйылтқаннан кейін қапталған дәрілік препараттың тәжірибелік-өнеркәсіптік кемінде екі сериясында (1) ҚР тиісті құжаттарына сәйкес жүргізілген нақты уақытта (жарамдылық мерзімін тұтас қамтитын) тиісті тұрақтылық зерттеу нәтижелері болуы тиіс; тиісті жағдайларда микробиологиялық сыйнақ нәтижелерін ұсыну қажет.
2. Дәрілік препарат туралы қайта қарастырылған ақпарат.
3. Жарамдылық мерзімінің аяқталуына қарай бекітілген спецификациялар көшірмелері және егер қажет болса, сұйылту/қалпына келтіру немесе алғаш ашқаннан кейінгі спецификациялар.
4. Ұсынылатын өзгерістердің негіздемесі.

(*) Ескерту:	Биологиялық/иммунологиялық дәрілік препаратқа қатысты экстраполяция колданылмайды.
(1)	Міндеттемелер болса өнеркәсіптік серияларға жарамдылық мерзімін тексеру тәжірибелік-өнеркәсіптік серияларда жол беріледі.

### Б.П. 3) Бөгде агенттерге қатысты қауіпсіздік

Б.П.3.1 "Бөгде агенттерге қатысты қауіпсіздікті бағалау" ақпаратын жаңарту (тіркеу дерекнамасының 3.2.A.2-бөлімі)	Шарттар	Талап етілетін құжаттама	Рәсім түрлері
а) Бір немесе одан да көп бөгде агенттерге алғаш зерттелген өндірістік кезеңдерді қозгайтын зерттеулер			II
б) Бұрын дерекнамаға қосылған өндірістік кезеңдерді және бөгде агенттерді қозгайтын ескірген зерттеулерді ауыстыру			
1. қауіптерді бағалауды өзгертумен			II
2. қауіптерді бағалауды өзгертусіз		1, 2, 3	IV

Құжаттама

1. Бөгде агенттердің белсенділігін жою/элиминациялау өндірістік кезеңдерінің қабілетін зерттеуге бағытталған жаңа зерттеулерді енгізуі қоса, дерекнаманың тиісті бөлігін түзету.
2. Зерттеулер қауіптерді бағалауды өзгертпейтіндігінің негіздемесі.
3. Дәрілік препарат туралы ақпаратқа түзету (егер колданылса).

### Б. IV Медициналық бұйымдар

Б.ИV.1 Өлшейтін бұйымның немесе енгізуге арналған бұйымның өзгерісі	Шарттар	Талап етілетін құжаттама	Рәсім түрлері
а) Бастанық қаптаманың бөлігі болып табылмайтын бұйымды косу немесе ауыстыру			
1. ҚР-да тіркелген медициналық бұйымдар	1, 2, 3, 5, 6	1, 2, 3	ІАНУ
2. Препараттың фармацевтикалық субстанциясын (мысалы, небулайзер) жеткізіп беруге елеулі әсер етуі мүмкін дозаланған ингалятордың немесе басқа құрылғының спейсерлері			II
б) Бұйымдарды алып тастау	4	1, 4	ІАНУ
в) Бастанық қаптаманың бөлігі болып табылатын бұйымды косу немесе ауыстыру			II

### Ш а р т т а р

- |    |  |
|----|--|
| 1. | Ұсынылатын өлшектің бұйым макұлданған қолдану тәсіліне сәйкес қаралатын дәрілік препараттың қажетті дозасын дәл өлшеу қажет. |
| 2. | Дәрілік препаратпен бірлескен жаңа бұйым.  |
| 3. | Өзгеріс дәрілік препарат туралы ақпаратты айтарлықтай өзгертпеуі қажет.  |
| 4. | Дәрілік препаратты нақты дозалауды жалғастыруға болады.  |
| 5. | Медициналық бұйым дәрілік препаратты ерітуші ретінде пайдаланылмайды.  |
| 6. | Егер өлшеу функциясы қаралған болса, ол сол бұйымның дерекнамасына енгізуі қажет.  |

### Қ ұ ж а т т а м а

- |    |   |
|----|---|
| 1. | Нақты эскиз және бұйым материалының құрамы мен өнім берушіні қоса алғанда, егер қолданылса, дерекнаманың тиісті бөлігіне түзету жасау, сондай-ақ дәрілік препарат туралы ақпаратты тиісті түрде қайта қаралу. |
| 2. | Медициналық бұйымның Қазақстан Республикасында тіркелгендігін растау.   |
| 3. | Жаңа бұйымның үлгілері қолданылатын болса.  |
| 4. | Бұйымды алып тастауға негіздеме.  |

Ескерту:

Б.IV.1.в) үшін - егер өзгерістер "жаңа дәрілік нысанның пайда болуына" алып келсе, онда мұндай өзгеріс тіркеуді кеңейту туралы өтініш беруді талап етеді.

## Б. V Өзге реттеуші рәсімдермен негізделген тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу

### Б.V. а) ПФМ/МФВА

Б.V.a.1 Дәрілік препараттың тіркеу дерекнамасына жаңа, жаңартылған немесе түзетілген плазманың мастер-файлын (2-кезеңдегі ПФМ рәсімі) қосу	Шарттар	Талап етілетін құжаттама	Рәсімлар түрі
а) Дәрілік препараттың қасиетіне әсер ететін плазманың жаңа мастер-файлын бірінші қосу			II
б) Дәрілік препараттың қасиетіне әсер етпейтін плазманың жаңа мастер-файлын бірінші қосу		1, 2, 3, 4	IB
в) Плазманың жаңартылған/түзетілген мастер-файлын қосу: өзгерістер дәрілік препараттың қасиетіне әсер етеді		1, 2, 3, 4	IB
г) Плазманың жаңартылған/түзетілген мастер-файлын қосу: өзгерістер дәрілік препараттың қасиетіне әсер етпейді	1	1, 2, 3, 4	IAHU

### Ш а р т т а р

- Жаңартылған немесе өзгерілген ПМФ-га Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігіне сертификат берілді.

### Қ ұ ж а т т а м а

- ПМФ сертификаты және сараптама есебі тіркелген дәрілік препаратқа толығымен қолданылатындығына декларация, ПМФ ұстаушысы ТК ұстаушысына (егер ТК ұстаушысы мен ПМФ ұстаушысы бір адам болмаса) ПМФ сертификаты, сараптама есебі және ПМФ дерекнамасы, ПМФ сертификаты және сараптама есебі осы дәрілік препарат үшін бұдан бұрынғы ПМФ құжаттамасын ауыстырады.
- ПМФ сертификаты және сараптама есебі.
- Сертификатталған ПМФ арқылы барлық енгізілетін өзгерістерді сипаттайтын және ерекше қауіптер өнімін бағалауды қосқанда дәрілік препараттың әлеуетті әсерін бағалайтын сарапшы декларациясы.
- Өзгерістер енгізу туралы өтініш нысанында тіркеу дерекнамасындағы ПМФ-ның (код нөмірі) "қолданыстағы" және "ұсынылатын" сертификатын айқын сипаттау қажет. Егер қолданылса, өзгерістер енгізу туралы өтініш нысанында тіпті өтініш мәні болып табылмаса да, дәрілік препаратқа сілтейтін барлық басқа ПМФ-ны айқын атап көрсеткен қажет.

	Шарттар	Талап етілетін құжаттама	Рәсім түрі
Б.V.a.2 Дәрілік препараттың тіркеу дерекнамасына жаңа, жаңартылған немесе түзетілген вакцина антигеннің мастер-файлын (2-кезеңдегі ПФМ рәсімін) қосу			
а) Вакцина антигеннің жаңа мастер-файлын бірінші қосу			II
б) Вакцина антигеннің жаңартылған/түзетілген мастер-файлын қосу: өзгерістер дәрілік препараттың қасиетіне әсер етеді		1, 2, 3, 4	IB
в) Вакциналық антигеннің жаңартылған/түзетілген мастер-файлын қосу: өзгерістер дәрілік препараттың қасиетіне әсер етпейді	1	1, 2, 3, 4	IA

#### Ш а р т т а р

1. Жаңартылан немесе өзгерілген ПМФ-га Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігіне сертификат берілді.

#### Қ ұ ж а т т а м а

1. МФВА сертификаты және сараптама есебі тіркелген дәрілік препаратта толығымен қолданылатындығына декларация, МФВА ұстаушысы ТК ұстаушысына (егер ТК ұстаушысы мен МФВА ұстаушысы бір адам болмаса) МФВА сертификаты, сараптама есебі және МФВА дерекнамасы, МФВА сертификаты және сараптама есебі осы дәрілік препарат үшін бұдан бұрынғы МФВА құжаттамасын ауыстырады.

2. МФВА сертификаты және сараптама есебі.

3. Сертификатталған МФВА арқылы барлық енгізілетін өзгерістерді сипаттайтын және ерекше қауіптер өнімін бағалауды қосқанда дәрілік препараттың әлеуетті әсерін бағалайтын сарапшы декларациясы.

4. Өзгерістер енгізу туралы өтініш нысанында тіркеу дерекнамасындағы МФВА-ның (код нөмірі) "қолданыстағы" және "ұсынылатын" сертификатын айқын сипаттау қажет. Егер қолданылса, өзгерістер енгізу туралы өтініш нысанында тіпті өтініш мәні болып табылмаса да, дәрілік препарат сілтеме жасайтын барлық басқа МФВА анық санамаланған.

#### Б. V. б) Сараптама комитетіне жүгіну

	Шарттар	Талап етілетін құжаттамалар	Рәсім түрі
Б.V.б.1 Сараптама комитетінің қорытындысын жүзеге асыруға бағытталған сапа жөніндегі құжаттаманы жаңарту			
а) Өзгерістер сараптама комитетінің қорытындысын жүзеге асырады	1	1, 2	IA
б) Сапа жөніндегі құжаттаманы үйлестіру сараптама комитеті қорытындысының бөлігі болмаған және жаңарту оны үйлестіруге бағытталған			II

#### Ш а р т т а р

1. Нәтиже одан арғы сараптаманы талап етпейді.

#### Қ ұ ж а т т а м а

1. Қоса беріліп отырган ілесспе хатқа өзгерістер енгізу туралы өтініш: сараптама комитетінде қаралатын қорытындыға сілтеме.

2. Құжаттамада сараптама комитетіне жүгіну рәсімі барысында енгізілген өзгерістерді нақты белгілеу қажет.

#### В. Қауіпсіздік, тиімділік және фармакологиялық қадағалау өзгерістері

#### В.I Медициналық қолдануға арналған дәрілік препараттар

	Шарттар	Талап етілетін құжаттамалар	Рәсім түрі
В.I.1 Сараптама комитетінің қорытындысын жүзеге асыруға бағытталған дәрілік препарат жалпы сипаттамасының, белгіленуінің өзгеруі			
а) Дәрілік препарат сараптама комитетіне жүгіну рәсімін қамтиды	1	1, 2, 3	IA
б) Дәрілік препарат сараптама комитетіне жүгіну рәсімін қамтымайды, алайда өзгерістер сараптама комитетінің			IB

қорытындысын жүзеге асырады, ТК ұстаушының жаңа, қосымша мәліметтері		1, 2, 3	
в) Дәрілік препарат сараптама комитетіне жүгіну рәсімімен қамтылмады, алайда өзгерістер сараптама комитетінің қорытындысын жүзеге асырады, ТК ұстаушы жаңа, қосымша мәліметтерді ұсынды		1, 3	II

### Ш а р т т а р

3. Өзгерістер үәкілдепті орган талап еткен тұжырымдаманы жүзеге асырады және қосымша мәліметтер беруді және (немесе) бұдан кейін сараптама жүргізуі талап етпейді.

### Қ ұ ж а т т а м а

- Қоса беріліп отырған ілеспе хатқа өзгерістер енгізу туралы өтініш: дәрілік препараттың, белгіленуі немесе қосымша бетке арналған жалпы сипаттамасы бірге тігілген сараптама комитетінің қорытындысын қарастауға
- Дәрілік препараттың, белгілеу және қоса беріліп отырған жалпы сипаттамасының тиісті бөлімдері сараптама комитетінің қорытындысына бірге тігілгендерге ұқсастығына декларация.
- Дәрілік препарат туралы акпаратты қайта қарастауға

B.I.2 Дәл сол референттік дәрілік препараттың өзгерісін бағалағаннан кейін жанадан өндірілген/гибридті/биоұқсас дәрілік препараттың, белгілеу жалпы сипаттамасын өзгерту	Шарттар	Талап етілетін құжаттамалар	Рәсім түрі
а) ТК ұстаушыдан жаңа қосымша мәліметтерді талап етпейтін өзгерістерді жүзеге асыру		1, 2	IB
б) Мынадай өзгерістерді негіздейтін ТК ұстаушыдан жаңа қосымша деректерді ұсынуды қажет ететін өзгерістерді жүзеге асыру (мысалы, салыстыру)			II

### Қ ұ ж а т т а м а

- Ілеспе хатқа қоса беріліп отырған өзгерістер енгізу туралы өтініш: ұлттық үәкілдепті органның сұранысы (егер
- Дәрілік препарат туралы акпаратты қайта қарастауға.

B.I.3 ТК немесе тіркеуден кейін қауіпсіздікті зерттеуге әсер ететін рәсім нәтижесін жүзеге асыруға бағытталған медициналық қолдануға арналған дәрілік препараттың, дәрілік препараттың белгіленуінің жалпы сипаттамасын өзгерту	Шарттар	Талап етілетін құжаттамалар	Рәсім түрі
а) Үәкілдепті орган мақұлдаған тұжырымды енгізу	1	1, 2	IA
б) Мынадай өзгерістерді дәлелдейтін ТК ұстаушының жаңа қосымша деректерді ұсынуды талап ететін өзгерістерді енгізу		2	II

### Ш а р т т а р

3. Өзгерістер үәкілдепті орган талап еткен тұжырымды жүзеге асырады және қосымша мәліметтер және/ немесе бұдан кейін сараптаманы талап етпейді.

### Қ ұ ж а т т а м а

- Ілеспе хатқа қоса беріліп отырған өзгерістер енгізу туралы өтініш: үәкілдепті органның мақұлдауына/

## 2. Дәрілік препарат туралы қайта қаралған ақпарат.

B.I.4 Сапа, клиникалық дейінгі, клиникалық немесе фармакологиялық қадағалау дерекнамасы бойынша жаңа деректер болғандықтан (салдарынан) дәрілік препараттың жалпы сипаттамасының айтарлықтай өзгерісінен тұжырымдалған өзгерістер	Шарттар	Талап етілетін құжаттамалар	Рәсім түрі
			II

Ескерту	Егер жаңа деректер B.I.13 өзгерісіне сәйкес берілсе, бұл өзгерістер қолданылмайды. Осындай жағдайларда дәрілік препараттың, белгілеудің жалпы сипаттамасының өзгеруі B.I.13 өзгерісін қолдану саласына туследі.		
---------	---	--	--

B.I.5 Дәрілік препараттың босатылу шарттарын өзгерту	Шарттар	Талап етілетін құжаттамалар	Рәсім түрі
a) Референтті дәрілік препараттың босатылу шарттарын өзерткеннен кейін жаңадан өндірілген/гибридті/биоаналог дәрілік препараттар.		1, 2	IB
б) Босатылу шарттарын өзгертудің өзге себептері			II

## Қ ұ ж а т т а м а

1. Өзгерістер енгізу туралы өтініштің ілеспе хатына беріліп отырған референтті дәрілік препараттың босатылу шарттарын өзгерісті растау.
2. Дәрілік препарат туралы қайта қаралған ақпарат.

B.I.6 Қолданылу көрсетілімдерінің өзгерісі	Шарттар	Талап етілетін құжаттамалар	Рәсім түрі
a) Қолдануға жаңа көрсетілімді енгізу немесе бұдан бүрын мақұлданғанды өзгерту			II
б) Қолдануға көрсетілімдерді алып тастау			IB

Ескерту	егер қолданылуын қосу немесе өзгерту сараптама комитетінің қорытындысын жүзеге асыру немесе сол референтті дәрілік препараттың өзгерсіне сараптама жасағаннан кейін жаңадан өндірілген/гибридті/биоұқсас дәрілік препарат туралы ақпаратты өзерткеннен кейін болса, сәйкесінше B.I.1 және B.I.2 өзгерістері қолданылады.		
---------	--	--	--

B.I.7 Алып тастау:	Шарттар	Талап етілетін құжаттамалар	Рәсім түрі
а) дәрілік түрінің		1, 2	IB
б) дозаның		1, 2	IB

## Қ ұ ж а т т а м а

1. Шығарылымның қалған түрі дәрілік препараттың жалпы сипаттамасында сипатталған дозалau және емдеу ұзактығы бойынша ұсынымдарды орындауға арналған декларация.
2. Дәрілік препарат туралы қайта қаралған ақпарат.

Ескерту	егер қаралатын дәрілік түрі немесе дозалau жекелеген дәрілік препарат түрінде тіркелген болса, онда осындай дәрілік түрдің немесе дозаны алып тастау өзгеріс енгізу емес, өтініштен алып тастау болып есептеледі.		
---------	---	--	--

Шарттар	Талап етілетін құжаттамалар	Рәсім түрі
a) Фармакологиялық қадағалау жүйесіне түйіндеме енгізу, фармакологиялық қадағалау жөніндегі білікті маманның өзгеруі (байланыс ақпараттын қосқанда) және (немесе) фармакологиялық қадағалау жүйесі мастер-файллының (ФЖМФ) орналасуын өзгерту		IA

#### Қ ұ ж а т т а м а

1. Фармакологиялық қадағалау жүйесінің түйіндемесі немесе маңызды элементтерді жаңарту (сөйкесінше ) :

Өтініш беруші өзінің құзіретінде фармакологиялық қадағалауға жауапты білікті маман бар екендігін растайтын және КР фармакологиялық қадағалаудың тиісті тәжірибесіндегі қағидаларда айтылған мақсаттар мен міндеттерді орындауда қажетті тәсілдерді менгергендігі туралы өтініш беруші қол қойған бекітүі .

КР фармакологиялық қадағалау жөніндегі білікті тұлға туралы байланыс ақпараты, онда фармакологиялық қадағалау жөніндегі білікті тұлға орналастырылады және өзінің міндеттерін орындауды .

Ф Ж М Ф

орналасу

орны .

2. ФЖМФ нөмірі (бар болса)

Ескерту	осы өзгеріс фармакологиялық қадағалау жүйесін нақтырақ сипаттайтын тіркеу дерекнамасының техникалық болілігінде болуына қарамастан, ФЖМФ-ны енгізуі қамтиды. Байланыс ақпаратын (телефон және факс нөмірлері, пошта және электрондық пошта мекенжайы) және ФЖМФ-ның орналасу орнын (көше, қала, индекс, ел) қосқанда фармакологиялық қадағалау жөніндегі байланысуышы тұлғаның өзгеруі тек КР Тізілімі арқылы ғана жаңартуға жол беріледі (өзгерістерді енгізу қажетінсіз). егер ТК ұстаушы жоғарыда аталған ақпаратты Қазақстан Республикасының Тізілімі арқылы жаңарту мүмкіндігіне жүгінсе, ол тіркеу дерекнамасында бұл деректердің жаңартылған ақпараты Қазақстан Республикасының Тізіліміне енгізілгендейін көрсетуі қажет.
---------	---

Шарттар	Талап етілетін құжаттамалар	Рәсім түрі	
a) Фармакологиялық қадағалау жөніндегі білікті тұлғаны және (немесе) байланыс ақпаратын және (немесе) резервтеу шарасын өзгерту	1	1	IA
б) Фармакологиялық қадағалауды орындау мақсатында қауіпсіздіктің деректер қоры мен (немесе) негізгі келісімшартты өзгерту және (немесе) фармакологиялық қадағалауды жүргізу орнының өзгеруі	1, 2, 3	1	IA
в) Фармакологиялық қадағалау жүйесінің қызметіне әсер етпейтін ФЖТС-ның басқа да			

өзгерістері (мысалы, негізгі сактау орны/ мұрагаттың орналасу орнының өзгеруі, әкімшілік өзгерістер)	1	1	IA
г) Сол ТК ұстаушысының басқа дәрілік препаратының ФЖТС сараптама нәтижелері бойынша ФЖТС-ға өзгерістер енгізу	4	1, 2	IA

### Ш а р т т а р

1. Фармакологиялық қадағалау жүйесінің өзі өзгермейді.
2. Деректер қоры жүйесі валидациядан өтті (егер қажет болса).
3. Деректерді басқа бір деректер қоры жүйесінен ауыстыру валидацияланды (егер колданылса).
4. ФЖТС-дағы тұра сол өзгерістер тұра сол ТК ұстаушысының барлық дәрілік препараттары үшін енгізілген (ФЖТС-тың бірдей соңғы нұсқасы).

### Қ ұ ж а т т а м а

1. ФЖМЖ-ның соңғы нұсқасы және егер, колданылса, спецификалық толықтыру препараттың соңғы нұсқасы. Фармакологиялық қадағалау жөніндегі білікті тұлғаның өзгеруіне қатысты оларға мыналар кіруі тиіс: а) фармакологиялық қадағалау жөніндегі жаңа білікті маманның қысқаша өмірбаяны; б) фармакологиялық қадағалау жөніндегі жаңа білікті маман және ұстаушы қол қойған олардың қабілеттері және жағымсыз реакциялар туралы хабарлау жолдары туралы және осыдан шығатын қалған өзгерістерді сипаттайтын, мысалы, ұйымдастырушылық сыйзбадағы фармакологиялық қадағалау жөніндегі жаңа білікті маман мен ұстаушы туралы ереже.

Егер фармакологиялық қадағалау жөніндегі білікті маман және (немесе) фармакологиялық қадағалау жөніндегі байланыс ақпараты ең басында ФЖТС-ға енгізілмеген немесе ФЖТС-да болмаған болса, қайта қаралған ФЖТС-ны беру талап етілмейді, тек өтініш нысанынға ұсыну қажет.

2. Өзгерістер макұлданған өтініш/рәсім және дәрілік препаратқа сілтеме

В.I.10 Медициналық қолдануға арналған дәрілік препараттардың қауіпсіздігі жөніндегі мерзімді есебін (КМЕ) беру жиілігі және (немесе) күнін өзгерту	Шарттар	Талап етілетін құжаттамалар	Рәсім түрі
	1	1, 2	IA

### Ш а р т т а р

1. КМЕ-ні берудің жиілігі және (немесе) күнін өзгерту Ұлттық уәкілетті органмен макұлданады.

### Қ ұ ж а т т а м а

1. Илеспе хатқа қоса беріліп отырған өзгерістер енгізу туралы өтініш: уәкілетті органның макұлдауына сілтеме.
2. КМЕ-ні берудің қайта қаралған жиілігі және (немесе) күні.

Ескерту	бұл өзгеріс КМЕ циклі есепті күндер тізбесіне көрсетілген сілтемені ұздық көрсету арқылы және КМЕ-ні беру қажеттілігі кезінде тіркеу дерекнамасында көрсетілген болсағана қолданылады.
---------	--

В.I.11 Қауіптерді басқару жоспарын қосқанда тіркеу міндеттемелері мен шарттарын енгізу немесе өзгерту	Шарттар	Талап етілетін құжаттамалар	Рәсім түрі
а) Уәкілетті орган макұлдаған тұжырымды жүзеге асыру	1	1, 2	IA
б) Уәкілетті органның сараптамасын қажет ететін ТК ұстаушысының жаңа қосымша			II

деректер ұсынуды талап ететін өзгерістерді жүзеге асыру (\*)

### Ш а р т т а р

1. Өзгеріс үекілетті орган талап еткен әрекетті жүзеге асырады және қосымша мәліметтер беруді және (немесе) алдағы уақытта сараптама жасауды талап етпейді.

### Қ ұ ж а т т а м а

1. Илеспе хатқа қоса беріліп отырған өзгерістер енгізу туралы өтініш: үекілетті органның тиісті шешіміне сілтеме.

2. Дәрілік препарат туралы қайта қаралған акпарат.

Ескерту	бұл өзгеріс енгізілетін өзгеріс қауіптерді басқару жоспарын қосқанда тек шарттар және (немесе) тіркеу міндеттемелерін және ерекше жағдайлар мен шартты тіркеу кезіндегі шарттар мен (немесе) тіркеу міндеттемелеріне әсер еткен жағдайдаған қамтиды.		
(*)	үекілетті орган талап еткен қауіптерді басқару жоспарын енгізу үнемі маңызды сараптаманы талап етеді.		
В.I.12 Қосымша мониторинг жүргізуге жататын дәрілік препараттар тізбесіне кіретін дәрілік препараттарға қатысты қара белгіні немесе түсіндірме нұсқауларды қосу немесе алып тастау.	Шарттар	Талап етілетін құжаттамалар	Рәсім түрі
	1	1, 2	IA

### Ш а р т т а р

1. Дәрілік препарат қосымша мониторинг жүргізуге жататын (сәйкесінше) дәрілік препараттар тізбесіне қосылды немесе алып тасталды.

### Қ ұ ж а т т а м а

1. Илеспе хатқа қоса беріліп отырған өзгерістер енгізу туралы өтініш: қосымша мониторинг жүргізуге жататын дәрілік препараттар тізбесіне сілтеме.

2. Дәрілік препарат туралы қайта қаралған акпарат.

Ескерту	бұл өзгеріс қара белгіні немесе түсіндірме нұсқауларды қосу немесе алып тастау басқа реттеуші рәсім шенберінде жасалмаған жағдайды қамтиды (мысалы, дәрілік препарат туралы акпаратқа әсер ететін ұзарту немесе өзгерту рәсімі).		
В.I.13 Үекілетті органның зерттеуіне беруді қосатын осы Толықтырулардың басқа бөлімдерінде сипатталмаған басқа өзгерістер (*)	Шарттар	Талап етілетін құжаттамалар	Рәсім түрі
Ескерту	егер үекілетті орган берілген деректерге жүргізген сараптаманы дәрілік препарат, белгілеудің жалпы сипаттамасының өзгеруіне алып келсе, бұл өзгерістер дәрілік препараттың, белгілеудің жалпы сипаттамасына тиісті түзетулерді қамтиды.		
(*)	оны өзгерістер осы Толықтырулардың басқа кез-келген бөліміне сәйкес әдette IB түріндегі өзгерістер ретінде қабылдануы мүмкін болатын өзгерістерге қолданылмайды.		

2020 жылғы 21 наурыздағы

№ КР ДСМ - 19/2020

бұйрығына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сактау министрінің

2009 жылғы 18 қарашадағы

№ 736 бұйрығымен

бекітілген

## **Медициналық бұйымдарға сараптама жүргізу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы медициналық бұйымдарға сараптама жүргізу қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 63-бабына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес өзірленді және медициналық бұйымдарға сараптама жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Медициналық бұйымдардың сараптамасын Кодекстің 63-бабының 2-тармағына сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымы (бұдан әрі - мемлекеттік сараптама ұйымы) өтініш берушімен жасалған медициналық бұйымға сараптама жүргізуге арналған шарт негізінде жүргізеді.

Медициналық бұйымның сараптама құнын төлеу "Мемлекеттік монополия субъектісі іске асыратын қызметтерге бағаларды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 31 тамыздағы № 671 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16002 болып тіркелген) бекітілген преискурантқа сәйкес жүзеге асырылады.

3. Сараптамаға Қазақстан Республикасында өндірілген, сондай-ақ оның аумағына әкелінетін медициналық бұйымдар жатады.

4. Медициналық бұйымды сараптауға өтініш бергенге дейін өтініш беруші өз бастамасы бойынша мемлекеттік сараптама ұйымында медициналық бұйымға сараптама жүргізуге байланысты мәселелер бойынша шарттық негізде ғылыми және тіркеу алдындағы консультацияны алады.

5. Қан қызметінде қолданылатын медициналық бұйымдарға сараптама жүргізу үшін мемлекеттік сараптама ұйымы қан қызметі саласында қызметті жүзеге асыратын бейінді ұйымдардан мамандарды тартады.

6. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) *in vitro* диагностикасына арналған медициналық бұйымдар – медициналық мақсатта жеке немесе бір-бірімен үйлескен, сондай-ақ арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді қоса алғанда, мақсаты бойынша көрсетілген бұйымдарды қолдану үшін қажетті керек-жарақтармен бірге қолданылатын және медициналық бұйымды өндірушінің физиологиялық немесе патологиялық жай-күйіне, тау біткен патологияға қатысты ақпарат алу үшін адамның биологиялық материалдарының *invitro* зерттеулерінде қолдануға арналған кез келген құралдар, аппараттар, аспаптар, жабдықтар, Материалдар, реагенттер, калибраторлар, бақылау материалдары және өзге де бұйымдар, белгілі бір клиникалық жағдайға немесе ауруға бейімділігі, тіндердің әлеуетті реципиентпен үйлесімділігі, терапевтік әсерге реакцияларды болжау, терапевтік құралдарды таңдау және (немесе) емдеуді бақылау;

2) медициналық бұйымның атавы – медициналық бұйымның үлгісін, түрін, модификациясын, түрін анықтайтын сөздік белгісі;

3) медициналық бұйымдарға жиынтықтаушы – медициналық бұйым немесе оларға керек-жарақтар болып табылмайтын бұйым, оның ішінде пайдалану құжатына және медициналық бұйымды өндірушінің сервистік құжаттамасына сәйкес медициналық бұйымның құрамдас бөлігі немесе ажырамас компоненті ретінде қолдануға арналған блоктар, бөліктер, бұйым элементтері, материалдар, қосалқы бөлшектер;

4) медициналық бұйымдардың жиынтығы (жиынтығы) - көрсетілген медициналық бұйымдардың тізбесін көрсете отырып, бірыңғай мақсаты және таңбасы бар медициналық бұйымдардың жиынтығы.

5) медициналық бұйымдарға тиістілік – медициналық бұйым болып табылмайтын, өндіруші бір немесе бірнеше медициналық бұйымдармен олардың мақсатына сәйкес пайдалану үшін бірлесіп қолдануға арналған бұйым;

6) медициналық бұйымның қауіпсіздігі – медициналық бұйымды пайдалану кезінде адамның өміріне, денсаулығына, сондай-ақ қоршаған ортаға зиян келтірумен байланысты жол берілмейтін тәуекелдің болмауы;

7) медициналық бұйымның қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытынды – мәлімделген медициналық бұйымдар сараптамасының нәтижелерін қамтитын құжат;

8) медициналық бұйымдарға арналған шығыс материалы – медициналық бұйымның функционалдық мақсатына сәйкес манипуляция жүргізуі қамтамасыз ететін медициналық бұйымдарды пайдалану кезінде жұмсалатын бұйымдар мен материалдар;

9) медициналық бұйымды өндіруші – медициналық бұйымды әзірлеуге және дайындауға жауапты, оны осы тұлға немесе оның атынан басқа тұлға (адамдар) әзірлегеніне және (немесе) дайындағанына қарамастан, өз атынан пайдалану

үшін қолжетімді ететін және оның қауіпсіздігі, сапасы мен тиімділігі үшін жауапты дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъект;

10) медициналық бұйымның сапасы – медициналық бұйымның қасиеттері мен сипаттамалары жиынтығының оны пайдалануға арналған мақсаттарға сәйкестігі дәрежесі;

11) медициналық бұйымның сапасы жөніндегі нормативтік құжат (бұдан әрі – нормативтік құжат) – медициналық бұйымдардың сапасына, қауіпсіздігіне, оларды тасымалдауға және сақтауға, сондай-ақ сынақ әдістемелеріне қойылатын талаптар кешенін белгілейтін құжаттар (халықаралық, өнірлік), ұлттық стандарттар, ұйымның стандарттары;

12) медициналық бұйымның тиімділігі – медициналық бұйымды өндіруші белгілеген және оны пайдалану практикасымен расталған мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін медициналық бұйымның қасиеттері мен сипаттамаларының жиынтығы;

13) Мемлекеттік сараптама ұйымының сараптама кеңесі (бұдан әрі – Сараптама кеңесі) - мемлекеттік сараптама ұйымында сараптама нәтижесіндегі даулы мәселелерді, дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі, сапасы мен тиімділігі туралы теріс қорытынды берудің негіздерін ( себептерін) қарау және соңғы шешім қабылдау бойынша құрылатын алқалы орган;

14) модель - белгілі бір әріптік, цифрлық немесе әріптік-цифрлық белгімен медициналық бұйымды өндіруші сәйкестендірген медициналық бұйымның дербес бірлігі;

15) медициналық бұйымның модификациясы – негізгі медициналық бұйыммен ортақ конструктивтік, технологиялық белгілері бар, оны жетілдіру, функционалдық мақсатын кеңейту, қолдану не медициналық мақсатта мамандандыру мақсатында негізгі бұйым базасында әзірленген медициналық бұйымның бір түрі;

16) өндірістік алаң – медициналық бұйымдарды өндірудің бүкіл процесін немесе оның белгілі бір сатыларын орындауға арналған медициналық бұйымдарды өндірушінің аумақтық оқшауланған кешені;

17) өндірушінің уәкілетті өкілі – Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, медициналық бұйымды өндірушінің сенімхатымен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында медициналық бұйымның айналысы мәселелері бойынша оның мұдделерін білдіруге уәкілетті дара кәсіпкер ретінде тіркелген заңды немесе жеке тұлға;

18) өтініш беруші-тіркеу, қайта тіркеу, тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу үшін медициналық бұйымға сараптама жүргізуге өтініш, құжаттар мен материалдарды беруге уәкілетті өндіруші (дайындаушы) немесе олардың өкілі;

19) үлгілік өлшемдік қатар – Бірыңғай конструкциясы, жалпы технологиялық процесі, жалпы функционалдық мақсаты бар, өлшемдері, диаметрі, терендігі, салмағы, көлемі, түсі және пішіні ерекшеленетін біртекtes материалдан жасалған бұйымдар қатары;

20) тіркеу дерекнамасы – медициналық бұйымды сараптауға өтінішке ұсынылатын белгіленген мазмұндағы құжаттар мен материалдардың жиынтығы;

21) тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу – тіркеу куәлігінің қолданысы ішінде өтініш беруші тіркеу дерекнамасына енгізетін, қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне және медициналық бұйымға әсер етпейтін және осы Қағидаларға сәйкес сараптауға жататын өзгерістер.

## **2-тaraу. Медициналық бұйымға сараптама жүргізу үшін тіркеу дерекнамасын ұсыну тәртібі**

7. Медициналық бұйымға сараптама жүргізу және "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) алу үшін өтініш беруші мемлекеттік сараптама ұйымының өтініш берушілерге қызмет көрсету орталығына (бұдан әрі – ӨҚО) мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық және қағаз жеткізгіштерде медициналық бұйымға сараптама жүргізуге өтініш;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес электрондық жеткізгіштегі медициналық бұйымды сараптау үшін тіркеу дерекнамасы құжаттарының тізбесін қамтитын тіркеу дерекнамасы;

3) өтініш берушінің сараптама жүргізу үшін соманы мемлекеттік сараптама ұйымының есеп айырысу шотына төлегенін растайтын мәліметтер.

4) медициналық бұйымның үлгілері (аппараттар, аспаптар, жабдықтар болып табылатын, жиынтықтаушы, керек-жараптары, шығыс материалдары бар медициналық бұйымдарды қоспағанда), химиялық заттардың стандартты үлгілері, микроорганизмдердің тест-штаммдарының, жасушалар өсінділерінің, ерекше реагенттердің, сақтау және тасымалдау шарттарын сақтай отырып, кемінде алты ай қалдық жарамдылық мерзімімен үш есе сынауға жеткілікті мөлшерде медициналық бұйымды зертханалық сынау әдістемелерін қайта жаңартуға қажетті шығыс материалдары;

8. Бір уақытта сараптамаға медициналық бұйымның бір түріне және бір өндіруші дайындаған, жұмыс қағидаты мен функционалдық тағайындалуына өсер етпейтін жиынтықтаудың және (немесе) техникалық параметрлердің өзгерістерімен ерекшеленетін қолданудың әлеуетті қаупінің бір класына жататын медициналық бұйымның бірнеше модификациясын берген кезде өтініш беруші 1 өтінішті және 1 тіркеу дерекнамасын ұсынады. Егер ұсынылған модификациялар қолданудың әлеуетті қаупінің түрлі класстарына жататын болса, әрбір модификацияға жеке тіркеу дерекнамасы ұсынылады.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі, сапасы мен тиімділігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі-стандарт) келтірлген.

10. ӨҚО маманы осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген құжаттарды қабылдағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде:

- 1) мемлекеттік сараптама ұйымының ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) өтінішті тіркеуді жүзеге асырады;
- 2) ақпараттық жүйеге электрондық тіркеу дерекнамасының жүктелуін жүзеге асырады;
- 3) медициналық бұйым үлгілерінің, химиялық заттардың стандартты үлгілерінің, микроорганизмдердің тест-штаммдарының, жасушалардың есінділерінің, арнайы реагенттердің, медициналық бұйымды зертханалық сынау әдістемелерін жаңғырту үшін қажетті шығыс материалдарының қалдық жарамдылық мерзімін тексереді және деректерді ақпараттық жүйеге енгізеді.

Өтініштің қабылданғанын растау оның көшірмесіндегі құжаттар пакетін қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып, ӨҚО-да тіркелгені туралы белгі болып табылады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, өтініш берушіні дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы күәлікті мемлекеттік сараптама ұйымы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

11. Осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген шарттар сақталмаған жағдайда ӨҚО маманы өтінішті қабылдаудан бас тартады.

12. Мемлекеттік сараптама ұйымы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің

ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізу қағидаларына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізу ді қамтамасыз етеді.

### **3-тарау. Медициналық бұйымға сараптама жүргізу тәртібі**

#### **1-параграф. Медициналық бұйымға сараптама жүргізу кезеңдері**

13. Медициналық бұйымның сараптамасы мынадай кезеңдерден тұрады:

- 1) бастапқы сараптама (тіркеу дерекнамасының валидациясы);  
2) мамандандырылған сараптама;

3) медициналық бұйымды (жынтықтаушы құралдары, шығыс материалдары бар аппараттар, аспаптар немесе жабдықтар болып табылатын медициналық бұйымдарды қоспағанда) зертханалық сынау;

14. Сараптама Денсаулық сактаудың бірыңғай ақпараттық жүйесінің "Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді басқару жүйесінің" бірыңғай дерекқорымен интеграцияланған мемлекеттік сараптама ұйымының ақпараттық жүйесі бағдарламасын пайдаланып жүргізеді.

Өтініш беруші Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік сараптама ұйымының ақпараттық жүйесінің "жеке кабинеті" арқылы алады.

#### **2-параграф. Медициналық бұйымның бастапқы сараптамасын (тіркеу дерекнамасының валидациясын) жүргізу тәртібі**

15. Өтінішті тіркегеннен кейін сарапшы осы Қағидалардың 6-тарауында көзделген мерзімде медициналық бұйымға бастапқы сараптама (тіркеу дерекнамасының валидациясы) жүргізеді.

16. Медициналық бұйымның бастапқы сараптамасы (тіркеу дерекнамасының валидациясы) кезінде медициналық бұйымның қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі дәлелдемелеріне қатысты өтініш беруші тіркеу дерекнамасында ұсынған тіркеу дерекнамалары құжаттарының толықтығын, жинақтылығын және қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестігін бағалау, сондай-ақ медициналық бұйымның үлгілерін және медициналық бұйымның талаптарына сәйкестігіне зертханалық сынақтар жүргізу үшін стандартты үлгілерді тексеру жүргізіледі, медициналық бұйымның үлгілеріне қойылатын талаптар осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

17. Тіркеу дерекнамасында ескертулер болған жағдайда өтініш берушіге ақпараттық жүйе арқылы анықталған ескертулерді және оларды күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімде толық көлемде жою қажеттігін көрсете отырып, бір рет электрондық-цифрлық қолтаңбамен қуәландырылған хат жіберіледі.

18. Осы Қағидалардың 17-тармағында көзделген белгіленген мерзімде ескертулер жойылмаған және жауап берілмеген жағдайда, мемлекеттік сараптама ұйымы өтініш берушіге медициналық бұйымның сараптамасын тоқтату туралы хабарлама (еркін нысанда) жібереді.

19. Бастапқы сараптама (тіркеу дерекнамасының валидациясы) нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес сараптамаға ұсынылған медициналық бұйымның бастапқы сараптамасының (тіркеу дерекнамасының валидациясы) есебі немесе осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес медициналық бұйымның тіркеу дерекнамасына енгізілетін өзгерістердің бастапқы сараптамасының (тіркеу дерекнамасының валидациясы) есебі жасалады.

### **3-параграф. Медициналық бұйымға мамандандырылған сараптама жүргізу тәртібі**

20. Бастапқы сараптаманың оң есебі (тіркеу дерекнамасының валидациясы) болған жағдайда осы Ереженің 6-тарауында көзделген мерзімде медициналық бұйымға мамандандырылған сараптама жүргізіледі.

21. Мамандандырылған сараптама тіркеу дерекнамасының құжаттарын олардың қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі тұрғысынан зерделеу жолымен жүргізіледі және мыналарды қамтиды:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 24 қарашадағы № 764 бұйрығымен бекітілген қолданудың әлеуетті тәуекел дәрежесіне қарай медициналық бұйымдарды жіктеу ережесіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5936 болып тіркелген) сәйкес өтініш беруші көрсеткен медициналық бұйымдарды қолданудың әлеуетті тәуекел класының сәйкестігін бағалау;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 16 мамырдағы № КР ДСМ-78 бұйрығымен бекітілген Номенклатураны қалыптастыру және жүргізу қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18703 болып тіркелген) сәйкес медициналық бұйымның номенклатуралық тиістілігін анықтаудың дұрыстығын бағалау;

3) осы Қағидалардың талаптарына сәйкес бір тіркеу қуәлігіне енгізілетін медициналық бұйымның модификацияларының (орындау нұсқаларының) сәйкестігін бағалау (бар болса);

4) медициналық бұйымды өзірлеу және өндіру туралы деректерді талдау (өндіріс процестерінің, өндірістің негізгі сатыларының, қаптаудың, сынаулардың және түпкілікті өнімді шығару ресімдерінің схемалары);

5) медициналық бұйымға кіретін жануар немесе адам текті барлық материалдарды талдау негізінде медициналық бұйымның биологиялық қауіпсіздігін талдау, сондай-ақ көздерді (донорларды) іріктеу, материалды іріктеу, процессинг, сақтау, тестілеу, сондай-ақ жануарлар немесе адам текті ұлпалармен, торлармен, субстанциялармен, микроорганизмдер мен вирустардың дақылдарымен жұмыс істеу туралы ақпарат негізінде медициналық бұйымның биологиялық қауіпсіздігін талдау;

6) клиникалық сынақтардың есебін, 2Б класты (жоғары қауіп дәрежесімен), 3 класты (жоғары қауіп дәрежесімен) медициналық бұйымды, қан мен оның компоненттерін алуға, Сақтауға, құюға арналған медициналық бұйымды клиникалық практикада қолдану тәжірибесін, тәуекел сыныбына қарамастан *in vitro* (ин витро) диагностикаға арналған медициналық бұйымның Клиникалық-зертханалық сынақтарын талдауды;

7) тіркеу дерекнамасында мәлімделген медициналық бұйымның және (немесе) медициналық бұйымның құрамына кіретін дәрілік заттың тұрақтылығын, жабық типті диагностикаға арналған *in vitro* (ин витро) үшін медициналық бұйымдар жиынтығына кіретін реагенттердің және шығыс материалдарының тұрақтылығын талдау;

8) өндірушінің нормативтік құжатында көрсетілген қауіпсіздік пен сапа көрсеткіштерінің стандарттарға (ұлттық, өнірлік, халықаралық);

9) бағдарламалық қамтамасыз етудің валидтілігін оның верификациясы туралы деректерді талдау негізінде, оның ішінде оны өзірлеу және кәсіпорында және мультиорталықты зерттеулер кезінде тестілеу туралы ақпаратты, операциялық жүйені сәйкестендіру және таңбалау туралы деректерді зерделеу;

10) медициналық бұйымды, стерильдеу тәсілін негіздейтін материалдарды стерильдеу процедурасы мен әдістерін, стерильдеудің химиялық тәсілін қолдану кезінде стерильдеуші заттардың сапасын бақылаудың және қалдықтарын анықтаудың ұсынылатын әдістерін талдау;

11) медициналық бұйым құрамындағы дәрілік заттың қауіпсіздігі мен тиімділігін, оның медициналық бұйымның функционалдығына әсерін, дәрілік заттың медициналық бұйыммен үйлесімділігін талдау (*in vitro* (ин витро) диагностикасына арналған медициналық бұйымды қоспағанда));

12) медициналық бұйымды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық жобасы мәтінінің өндіруші-ұйымнан Нұсқаулықтың түпнұсқасына сәйкестігін және осы Нұсқаулықтың жобасын Қазақстан Республикасы Кодексінің 75-бабының 5-тармағына сәйкес уәкілдепті орган бекітетін медициналық қолдану

жөніндегі нұсқаулықты және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың жалпы сипаттамасын жасау және ресімдеу тәртібіне сәйкес ресімдеуді талдау;

13) медициналық бұйымның пайдалану құжатында қамтылған ақпаратты бағалау;

14) Қазақстан Республикасының дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналымы саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес медициналық бұйымның қаптамасы, этикеткалары, стикерлері макеттерінің үлгілерінде қамтылған ақпаратты талдау;

15) медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу кезінде өндіріс жағдайларын және сапаны қамтамасыз ету жүйесін бағалау нәтижелері бойынша есептерді талдау

16) өндіруші ұсынған жазатайым оқиғалар және медициналық бұйым нарығының шақырулары туралы, медициналық бұйымды пайдалануға байланысты қолайсыз оқиға (инцидент) туралы хабарлардың, медициналық бұйымның қауіпсіздігі жөніндегі хабарламалардың болуы немесе болмауы туралы мәліметтерді, осы проблемаларды қарауға және оларды өндірушілердің осындай жағдайлардың әрқайсысында шешуін, көрсетілген жағдайларға жауап ретінде қабылданған түзету іс-қимылдарының сипаттамасын, сондай-ақ медициналық бұйымның сату деңгейі мен жазатайым оқиғалар санының және айналыстан алынған пікірлердің арақатынасын талдау.

22. Мамандандырылған сараптама жүргізу кезеңінде ескертулер болған кезде өтініш берушіге анықталған ескертулер мен оларды құнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімде толық көлемде жою қажеттікі көрсетілген бір рет хат жіберіледі.

23. Өтініш беруші алдыңғы сұрау салуға жауапта ұсынған мәліметтерге қатысты қосымша мәселелер туындаған жағдайда, өтініш беруші сұрау салуды алған сәттен бастап құнтізбелік отыз күн ішінде мемлекеттік сараптама ұйымының қосымша сұрау салуына жауап пен қажетті материалдарды жібереді.

24. Өтініш беруші мемлекеттік сараптама ұйымының хатына жауап бермен, сондай-ақ 22 және 23-тар маңтарда көзделген мерзімде толық жауап пен қажетті материалдар ұсынылмаған жағдайда, мамандандырылған сараптама материалдары медициналық бұйымды сараптаудан бас тарту және оны тоқтату туралы шешім қабылдау үшін сараптама кеңесіне жіберіледі.

Сараптама кеңесі келіп түсken материалдарды ай сайын қарайды және шешімнің нәтижелерін мемлекеттік сараптама ұйымы өтініш берушіге құнтізбелік он күн ішінде жібереді.

25. Мамандандырылған сараптаманың оң есебі болған жағдайда осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес медициналық бұйымның мамандандырылған сараптамасының сараптамалық есебі немесе осы Қағидаларға 8-қосымшаға

сәйкес нысан бойынша тіркеу дерекнамасына енгізілетін өзгерістердің медициналық бұйымның қауіпсіздігіне, сапасына және тиімділігіне әсері туралы мамандандырылған сараптаманың сараптамалық есебі жасалады.

#### **4-параграф. Медициналық бұйымға зертханалық сынақ жүргізу тәртібі**

26. Мамандандырылған сараптаманың оң есебі болған жағдайда осы Қағидалардың 6-тарауында көзделген мерзімде медициналық бұйым үлгілеріне зертханалық сынақтар жүргізіледі.

27. Медициналық бұйым үлгілерін зертханалық сынау өндірушінің нормативтік құжатында мәлімделген медициналық бұйымның қауіпсіздігі мен сапасы көрсеткіштеріне сәйкестігін растау мақсатында мемлекеттік сараптама ұйымының сынақ зертханаларында жүзеге асырылады және мыналарды қамтиды :

- 1) медициналық бұйым үлгілерін сынау;
- 2) Талдау әдістемелерінің өсімін анықтау.

Медициналық бұйым үлгілерін сынау медициналық бұйымның қауіпсіздігі мен сапасы көрсеткіштерінің сәйкестігін растау мақсатында физикалық-химиялық, биологиялық және техникалық сынақтар жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

Медициналық бұйымның үлгілерін сынау кезінде биологиялық қауіпсіздік немесе биологиялық әсерді бағалау, медициналық бұйымның қауіпсіздігі мен сапасын растайтын физикалық және механикалық көрсеткіштер, функционалдық, техникалық және физикалық-химиялық көрсеткіштер айқындалады.

Медициналық бұйымның сапасын бақылау бойынша талдау әдістемелерінің жаңғыртылуын анықтау өндірушінің нормативтік құжатында көзделген олардың сәйкестігін растау мақсатында жүзеге асырылады.

28. Зертханалық сынақтар мына жағдайларда жүргізілмейді:

- 1) аппараттар, аспаптар немесе жабдықтар болып табылатын медициналық бұйымдардың сараптамасы;
- 2) Еуропалық Одақ елдерінің, АҚШ, Канада, Жапония, Швейцарияның реттеуші органдарымен айналымға жіберілген медициналық бұйымның сараптамасы;
- 3) медициналық бұйымды қайта тіркеу.

29. Зертханалық сынақтарды жүргізу кезінде ескертулер анықталған жағдайда өтініш берушіге анықталған ескертулер мен оларды толық көлемде жою қажеттігі көрсетілген күнтізбелік тоқсан күннен аспайтын мерзімде бір рет хат жіберіледі.

30. Өтініш беруші мемлекеттік сараптама ұйымының хатында қойылған ескертулерге осы Қағидалардың 29-тармағында көзделген белгіленген мерзімде жауап бермендеген және зертханалық сынақтардың теріс нәтижелері кезінде материалдар медициналық бұйымды сараптаудан бас тарту және оны тоқтату туралы шешім қабылдау үшін сараптама кеңесіне жіберіледі.

31. Медициналық бұйымды зертханалық сынау нәтижелері бойынша сынақ зертханасы осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сынақ хаттамасын жасайды.

32. Мемлекеттік сараптама ұйымының сынақ зертханасында медициналық бұйым үлгілеріне зертханалық сынақтар жүргізу мүмкін болмаған жағдайда зертханалық сынақтар өндіруші сапасын бақылау зертханасында немесе өндіруші пайдаланатын келісімшарттық зертханада сараптама ұйымы өкілдерінің қатысуымен мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) өндірушінің нормативтік құжатымен өндірушінің жоғары технологиялық жабдығын және өндіруші әзірлеген сапаны тексерудің меншікті әдістемелерін пайдаланумен байланысты сынақтарға қойылатын талаптар белгіленген (өндірушінің тиісті негіздемесімен);

2) ұсынылатын үлгілер тасымалдаудың ерекше жағдайларын талап етеді.

Медициналық бұйымға жекелеген көрсеткіштер бойынша зертханалық сынақтар жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, сараптау ұйымының зертханасы зертханалық сынақтар нәтижелерін өндірушіні талдау сертификатында (хаттамасында) көрсетілген жеке көрсеткіштер бойынша таниды.

Сынақ нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес өндірушінің сапасын бақылау зертханасында немесе өндіруші пайдаланатын келісімшарттың зертханада Зертханалық сынақ жүргізу нәтижелері туралы есеп жасалады.

#### **4-тaraу. Медициналық бұйымға жүргізілген сараптама нәтижелерін қалыптастыру тәртібі**

33. Сараптама аяқталғаннан кейін өтініш беруші сараптама жүргізу мерзіміне кірмейтін күнтізбелік отыз күн ішінде медициналық бұйым туралы мәліметтерді және қорытынды құжаттарды (медициналық қолдану жөніндегі Нұсқаулық және қаптама макеттерін, заттаңба, стикерлерді таңбалау), оның ішінде енгізілген деректердің дұрыстығын және қорытынды құжаттардың жаңартуының сәйкесіздігі анықталған кезде мемлекеттік сараптама ұйымымен келіседі.

Келісу жеке кабинет арқылы немесе келісу парағын ұсыну арқылы жеке пароль арқылы электрондық түрде жүзеге асырылады.

Өтініш беруші медициналық бұйым туралы мәліметтерді сараптау аяқталған күннен бастап құнтізбелік отыз күн өткен соң келісу болмаған жағдайда, медициналық бұйымның қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытынды оның келісімінсіз қалыптастырылады.

34. Медициналық бұйымға жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша мемлекеттік сараптама ұйымы осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сараптамаға мәлімделген медициналық бұйымның қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытынды және осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес тіркеу дерекнамасына енгізілетін өзгерістер кезінде медициналық бұйымның қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытынды жасайды.

35. Мемлекеттік сараптама ұйымы мемлекеттік органға электрондық түрде жолдайды:

1) медициналық бұйымның қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытынды;

2) Кодекстің 75-бабының 5-тармағына сәйкес уәкілетті орган тіркеген және сараптама ұйымымен келісілген, медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықты және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың жалпы сипаттамасын жасау және ресімдеу тәртібіне сәйкес әзірленетін медициналық бұйымды медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулық;

3) мемлекеттік сараптама ұйымымен қазақ және орыс тілдерінде келісілген медициналық бұйымның қаптамаларының, заттаңбаларының, стикерлерінің макеттері.

36. Жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша мемлекеттік сараптама ұйымы осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес медициналық бұйымның қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі жөніндегі жиынтық есепті қалыптастырады, оның бір бөлігін мемлекеттік сараптама ұйымының интернет-ресурсында орналастырады.

37. Өтініш берушіге мемлекеттік қызметтің нәтижесін беру қағаз жеткізгіште ӘҚО арқылы жүзеге асырылады.

Медициналық бұйымның қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытынды құнтізбелік жүз сексен күн ішінде жарамды. Медициналық бұйымның қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытындының қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда өтініш беруші осы Қағидаларға сәйкес сараптама жүргізу үшін қайтадан өтініш, құжаттар мен материалдарды береді.

38. Медициналық бұйымның қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы теріс қорытынды:

1) осы Қағидаларда белгіленген мерзімде сараптама жүргізу процесінде өтініш берушіге ескертулер берілгеннен кейін тіркеу дерекнамасының толық жиынтығын ұсынбау;

2) өтініш беруші дәйексіз мәліметтер ұсынған;

3) сараптама кезеңдерінің бірінің теріс нәтижелерін және (немесе) бейінді үйымдар сарапшыларының теріс қорытындыларын алу;

4) өндірісті бағалау және сапаны қамтамасыз ету жүйесінің нәтижелері бойынша медициналық бұйымның мәлімделген қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын қамтамасыз ететін шарттарға сәйкес келмеуі;

5) өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес өндіріс жағдайларын және сапаны қамтамасыз ету жүйесін бағалау мақсатында кәсіпорынға (өндірістік алаңға) баруды үйымдастырудан бас тартқан жағдайларда жүзеге асырылады.

39. Сараптама жүргізу басталғаннан кейін медициналық бұйымның қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы теріс қорытынды берілген немесе өтініш беруші сараптамаға өтінішін қайтарып алған жағдайда сараптама жұмыстарын жүргізу құны өтініш берушіге қайтарылмайды.

40. Сараптама рәсімі аяқталғаннан кейін мемлекеттік сараптама ұйымы өтініш беруші ұсынған материалдарды, медициналық бұйымның сараптама нәтижелерін (бастапқы сараптама есебі (тіркеу дерекнамасының валидациясы), медициналық бұйымның тіркеу дерекнамасына енгізілетін өзгерістердің бастапқы сараптамасының (тіркеу дерекнамасының валидациясы) есебін қамтитын тіркеу дерекнамасының электрондық мұрағаттық данасын қалыптастырады; сынақ хаттамасы; сынақ жүргізу нәтижелері туралы есеп; медициналық бұйымның мамандандырылған сараптамасының есебі), медициналық бұйымның қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытынды, медициналық бұйымды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық, қаптамалардың, заттаңбалардың, стикерлердің макеттері.

Тіркеу куәлігінің қолданыстағы кезеңінде архивтік тіркеу дерекнамасы өтініш берушінің электрондық түрдегі барлық қоса берілген құжаттарымен өзгерістер енгізу туралы тіркеу куәліктерінің көшірмелерімен толықтырылады.

Тіркеу дерекнамасы сараптама нәтижелеріне қарамастан, құпиялыштық талаптарын сақтай отырып, электрондық мұрағатта сақталады.

Медициналық бұйымның электрондық жеткізгіште тіркеу дерекнамасы он жыл сақталады.

## **5-тaraу. Медициналық бұйымға сараптама жүргізу ерекшеліктері**

41. Мемлекеттік сараптама ұйымы мен өтініш беруші арасында сараптама жүргізу кезеңінде туындастырылған түсіндіру немесе нақтылау өтініш берушінің және мемлекеттік сараптама ұйымының электрондық-цифрлық қолтаңбасы бар ақпараттық жүйе арқылы немесе қағаз жеткізгіште ӨҚО арқылы өтініш

берушінің жеке паролі бойынша электрондық құжатты қалыптастыру жолымен жүзеге асырылады.

42. Өнімнің медициналық бұйымдарға тиесілігіне және оны Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу қажеттілігіне сараптама жасауды өтініш беруші мен мемлекеттік сараптама ұйымы арасында жасалған шартқа сәйкес мемлекеттік сараптама ұйымы жүзеге асырады.

43. Тіркеу дерекнамасына енгізілетін өзгерістердің сараптамасы тіркеу куәлігінің қолданылу кезеңінде медициналық бұйымға жүзеге асырылады. Өтініш беруші тіркеу құжаттар жинағында ұсынылған сапасы бойынша нормативтік құжаттың өзектілігін оған уақтылы өзгерістер енгізу жолымен қолдайды.

44. Өзгерістер осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес тіркеу куәлігінің қолданылу кезеңінде медициналық бұйымның тіркеу дерекнамасына енгізілетін өзгерістер түрлерінің тізбесіне сәйкес жіктеледі. Көрсетілген тізбеге енгізілмеген өзгерістер осы Қағидаларға сәйкес жаңа тіркеуге жатады.

45. Өтініш беруші енгізілген өзгерістер бекітілгеннен кейін екі ай ішінде өндіруші осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық бұйымға сараптама жүргізуге өтініш береді.

46. Медициналық бұйымның тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу туралы өтінішке осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес тіркеу куәлігінің қолданылу кезеңінде медициналық бұйымның тіркеу дерекнамасына енгізілетін өзгерістер түрлерінің тізбесіне сәйкес өзгерістер енгізу үшін қажетті құжаттар мен материалдар қоса беріледі.

47. Мемлекеттік сараптама ұйымы сараптама нәтижелерінің негізінде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу дерекнамасына енгізілетін өзгерістердің медициналық бұйымның қауіпсіздігіне, тиімділігіне және сапасына әсері туралы сараптама жүргізген құрылымдық бөлімшениң басшысы мен сарапшы қол қойған мамандандырылған сараптаманың сараптамалық есебін жасайды.

48. Медициналық бұйымды өндіруші немесе өндірушінің уәкілетті өкілі екі ай ішінде Кодекстің 85-бабының 3-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекітетін фармакоқадағалауды және медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі, сапасы мен тиімділігі мониторингін жүргізу тәртібіне сәйкес жүргізілетін қауіпсіздік мониторингінің негізінде тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізеді.

49. Өндірістік және технологиялық процестерді қөшіру (Трансфер) негізінде Қазақстан Республикасының өндірушілері өндіретін медициналық бұйымдарды сараптау кезінде тіркеу дерекнамасына қосымша мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) трансфер шеңберінде техникалық құжаттаманы беру құқығымен өндірістік және технологиялық процестерді көшіру туралы шарттан үзінді көшірме немесе отандық өндіруші мен шетелдік өндіруші арасындағы келісім;
- 2) трансфер кезеңдерінің сипаттамасын, қажетті өндірістік жабдықтардың тізбесін қамтитын, жүргізілген трансфертің нәтижелері бойынша есеп;
- 3) қабылдаушы және беруші тараптың жабдығын тестілік іске қосу хаттамасы ;
- 4) экологиялық қауіпсіздік жөніндегі деректер (денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау мәселелері);
- 5) өндіріс технологиясы, стандартты операциялық рәсімдер, сапа жөніндегі нұсқаулық бойынша құжаттар атауларының тізбесі;
- 6) медициналық бұйымдардың клиникалық және клиникаға дейінгі зерттеулерінің, беруші тараптың клиникалық-зертханалық сынақтарының есептері;
- 7) беруші тараптың токсикологиялық, цитологиялық, биологиялық және т. б. сынақтарының есептері.

Өндірістік және технологиялық процестерді толық көшіру (трансфер) кезінде жергілікті өндіруші Қазақстан Республикасындағы өндірістік аланда өндіріс шарттары мен сапаны қамтамасыз ету жүйесінің өндіріс жағдайларына және Қазақстанның тыс өндірістік алаңының сапасын қамтамасыз ету жүйесіне толық сәйкестігін қамтамасыз етеді.

50. Медициналық бұйымдардың жеделдетілген сараптамасы медициналық бұйымдар үшін жүзеге асырылады:

- 1) төтенше жағдайлардың алдын алу, инфекциялық аурулар эпидемиясының, пандемиясының пайда болуы мен салдарларын жою;
- 2) ISO (ИСО) 13485:2016 стандартының талаптарына сәйкес келетін және аккредиттеу жөніндегі мемлекеттік органдар аккредиттеген, аккредиттеу жөніндегі халықаралық форум (IAF) мүшелерінің құрамына кіретін және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы уәкілдегі органымен келісім жасасқан халықаралық нотификацияланған органдар сертификаттаған жағдайларда өндірілген медициналық бұйымдар;
- 3) медициналық бұйым өндірісі мен өнім сапасын бақылау жүйесінің медициналық бұйымдар жөніндегі Еуропалық комиссия директиваларының талаптарына толық сәйкестігі туралы нотификацияланған органның құжаты болған кезде.

## **6-тарау. Медициналық бұйымға сараптама жүргізу мерзімдері**

51. Медициналық бұйымға сараптама жүргізу мерзімдері:

1) 1-класты және 2а-класты медициналық бұйымды құнтізбелік тоқсан күннен аспайтын мерзімде сараптау кезінде, оның ішінде:

бастапқы сараптама (тіркеу дерекнамасының валидациясы) - құнтізбелік он күн;

мамандандырылған сараптама-құнтізбелік қырық күн (оның ішінде, қаптамалардың, заттаңбалардың, стикерлердің макеттерін таңбалаудың дәлме-дәлдігін растау немесе қазақ тіліне аудармасы, медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтар құнтізбелік он күн ішінде);

зертханалық сынақтар-құнтізбелік отыз күн;

қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытындыны қалыптастыру - құнтізбелік он күн;

2) 2б класты (жоғары қауіп дәрежесі бар) және 3 класты (жоғары қауіп дәрежесі бар) медициналық бұйымды сараптау кезінде - құнтізбелік жұз алпыс күннен аспайтын мерзімде, оның ішінде:

бастапқы сараптама (тіркеу дерекнамасының валидациясы) - құнтізбелік жиырма күн;

мамандандырылған сараптама-құнтізбелік жетпіс күн (оның ішінде, қаптамалар, заттаңбалар, стикерлер макеттерін таңбалаудың дәлме-дәлдігін растау немесе қазақ тіліне аудармасы, медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтар құнтізбелік он күн ішінде);

зертханалық сынақтар-алпыс құнтізбелік күн;

қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытындыны қалыптастыру - құнтізбелік он күн;

3) медициналық бұйымның тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу (зертханалық сынақтар өткізбей) құнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімде, оның ішінде:

бастапқы сараптама (тіркеу дерекнамасының валидациясы) - құнтізбелік он күн;

мамандандырылған сараптама-құнтізбелік қырық күн (оның ішінде, қаптамалардың, заттаңбалардың, стикерлердің макеттерін таңбалаудың дәлме-дәлдігін растау немесе қазақ тіліне аудармасы, медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтар құнтізбелік он күн ішінде);

қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытындыны қалыптастыру - құнтізбелік он күн.

4) медициналық бұйымның тіркеу дерекнамасына (зертханалық сынақтарды жүргізе отырып) I типті өзгерістер енгізу, құнтізбелік сексен күннен аспайтын мерзімде, оның ішінде:

бастапқы сараптама (тіркеу дерекнамасының валидациясы) - құнтізбелік он күн;

мамандандырылған сараптама-құнтізбелік қырық күн (оның ішінде, қаптамалардың, заттаңбалардың, стикерлердің макеттерінің дәлме-дәлдігін растау немесе қазақ тіліне аудармасы, медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтар құнтізбелік он күн ішінде);

зертханалық сынақтар- құнтізбелік жиырма күн;

қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытындыны қалыптастыру - құнтізбелік он күн;

5) медициналық бұйымның сараптамасы (класына қарамастан зертханалық сынақтар жүргізуді талап етпейтін) құнтізбелік тоқсан күннен аспайтын мерзімде , оның ішінде:

бастапқы сараптама (тіркеу дерекнамасының валидациясы) - құнтізбелік он күн;

мамандандырылған сараптама- құнтізбелік жетпіс күн;

қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытындыны қалыптастыру - құнтізбелік он күн.

6) медициналық бұйымдарды шетелдік өндірушілер үшін жеделдетілген сараптама жиырма жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады;

7) отандық өндірушілердің медициналық бұйымдарына жеделдетілген сараптама бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

52. Медициналық бұйымға сараптама жүргізу мерзіміне:

1) тіркеу дерекнамасының толық емес жиынтығының орнын толтыру уақыты;

2) сараптама жүргізу кезінде өтініш берушінің сұратуы бойынша құжаттар мен материалдарды белгіленген мерзімде ұсыну уақыты;

3) өндіріс жағдайларын дайындау және бағалау уақыты;

4) өтініш берушінің қорытынды құжаттарын келісуі;

5) Сараптамалық кеңесті ұйымдастыру және өткізу кірмейді.

Медициналық бұйымдарға  
сараптама жүргізу қағидаларына

1-қосымша

Нысан

## Медициналық бұйымға сараптама жүргізуге өтініш\*

	Tіркеу <input type="checkbox"/>
1. Рәсім типі	Қайта тіркеу <input type="checkbox"/>
	Өзгерістер енгізу <input type="checkbox"/>

2.	Тіркеу күәлігі туралы мәлімет (кайта тіркеу және тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу кезінде)	Берілген күні мен қолданылу мерзімі көрсетіле отырып, Қазақстан Республикасында берілген тіркеу күәлігінің №
1.	Саудалық атапу	қазақ тілінде орыс тілінде
2.	Медициналық бұйымдардың жаһандық номенклатурасының номенклатуралық коды (бар болса)	
3.	Қазақстан Республикасының медициналық бұйымдарының номенклатурасының коды	
4.	Медициналық қолданылу саласы	қазақ тілінде орыс тілінде
5.	Тағайындалуы	қазақ тілінде орыс тілінде
6.	Медициналық бұйымның типі (қажеттісін белгілеу)	Жабық жүйе: ● И Э ● ЖОҚ Өндірушіден негіздеме (тіркеу дерекнамасының бетін көрсету)
7.	Кыскаша техникалық сипаттамасы (бағдарламалық камтамасыз ету болған кезде бағдарламалық камтамасыз ету дерекнамасы қосылады )	қазақ тілінде орыс тілінде
8.	Қолданылуының әлеуетті қаупіне байланысты класы (қажеттісін белгілеу)	1 класс - қауіп дәрежесі төмен 2 а класы – қауіп дәрежесі орташа 2 б класы – қауіп дәрежесі жоғары 3 класс – қауіп дәрежесі аса жоғары
9.	Медициналық бұйым болып табылады (қажеттісін белгілеу)	Өлшеу құралы <input type="checkbox"/> стерильді <input type="checkbox"/> Балк <input type="checkbox"/> in vitro (IVD) диагностикасы үшін медициналық бұйым <input type="checkbox"/> Ж и ы н Аппарат <input type="checkbox"/> Құрал <input type="checkbox"/>

			<input type="checkbox"/>	
		Жабдық	<input type="checkbox"/>	
10	Кұрамында дәрілік зат бар ма	иә	<input type="checkbox"/>	
		жоқ	<input type="checkbox"/>	
10	Орындалу нұсқалары			
11	Орындалу нұсқасының атавы 1,2,3...			
11	Орындалу нұсқасына междициналық бүйімнің жиынтықталымы			
<hr/>				
№	1 орындалу нұсқасының атавы	Моделі	Өндіруші	Елі
1.	Негізгі блок (болған кезде)			
2.	Керек-жараптары (болған кезде)			
3.	Қосымша жинақтаушытары ( болған кезде)			
4.	Бағдарламалық қамтамасыз еу ( болған кезде)			
5.	Шығыс материалдары (болған кезде)			
12	Қаптама			
<hr/>				
№	2....орындалу нұсқасының атавы	Моделі	Өндіруші	Елі
1.	Негізгі блок (бар болса)			
2.	Керек-жараптар (бар болса)			
3.	Қосымша жиынтықтаушылар (бар болса)			
4.	Бағдарламалық жасақтама (бар болса)			
5.	Шығын материалдары (бар болса)			
12.	Қаптама			
<hr/>				
№	Түрі (бастапқы немесе қайтала ма) Атавы	Өлшем	Көлемі	Қаптамадағы бірліктерінің саны
1.	Бастапқы			
2.	Қайтала ма			

3.	Топтық (бар болса)									
13	Сақтау мерзімі	Aй/жыл саны								
14	Пайдаланудың кепілдікти мерзімі құралдың/ аппаратардың/ жабдықтардың	Aй/жыл саны								
15	Тасымалдау шарттары									
16	Сақтау шарттары									
1.	Елдін атауы	Tіркеу күелігінің № (бар болса көрсетіледі )	Bерілген күні	Колданыс мерзімі						
17	Өндіріс	Толығымен осы өндірісте <input type="checkbox"/> Ішінара осы өндірісте <input type="checkbox"/> Толығымен басқа өндірісте <input type="checkbox"/>								
18	Медициналық бұйымдардың өндіруші және өндіріс участкесі (медициналық бұйымдардың бөлігі болып табылатын кез келген компонентінің өндіріс участкелерін қоса алғанда)									
№	Өндірушінің типі	Атауы, елі 1,2 (казак, орыс, ағылшын тілдерінде )	Рұқсат беру құжатының №, күні және қолданыс мерзімі	Занды мекенжайы	Накты мекенжайы	Телефон, факс, e-mail	Басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) лауазымы	Байланыстағы тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) лауазымы		
1.	Өндіруші									
2.	Қазақстан Республикасында өндірушінің уәкілетті өкілі									
3.	Қазақстан Республикасының аумағында жағымсыз жағдайларды (оқиғаларды) мониторингтеу жөніндегі									



Ескерту:

\* Отініштің осы нысаны Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 18 қарашадағы № 735 бұйрығымен бекітілген Дәрілік затты немесе медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және оның тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласында уәкілетті орган беретін тіркеу қуәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту кезінде де және тіркеу дерекнамасына енгізілетін өзгерістер кезінде ұсынылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5935 болып тіркелген).

Елі ИСО 3166 ҚР МБ бірынғай жіктемесі бойынша  
шетелдік кәсіпорындар үшін ағылшын тіліндегі атауы міндетті түрде

Медициналық бұйымдарға  
сараптама жүргізу қағидаларына  
2-қосымша

## **Медициналық бұйымдарға сараптама үшін тіркеу дерекнамасы құжаттарының тізбесі\***

p/ с №	Кұжаттың атауы	1 класы	2а класы	2 б класы	3 класы	In vitro диагностикасына арналған МБ ( қолданудың әлеуетті тәуекелі класына байланысты емес)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Өндіруші елде немесе өндіруші аландада тіркелгенін қуәландыратын құжат (тіркеу қуәлігі, Еркін сату сертификаты (FreeSale), Орыс тіліне тән түпнұсқалы аудармасымен, нотариат қуәландырған (Қазақстан Республикасында алғаш өндірілген МБ қоспағанда) экспортқа арналған сертификат және т.б.)	+	+	+	+	+	Халықаралық қуәландыру нормаларына немесе ҚР белгіленген қуәландыру нормаларына сәйкес Формат: PDF

2.	Өндіруші елде өндіру құқығына рұқсат беру құжатының көшірмесі қосымшасымен (бар болса)	+	+	+	+	+	Халықаралық куәландыру нормаларына немесе ҚР белгіленген куәландыру нормаларына сәйкес Формат: PDF
3.	Басқа елдердегі тіркелуін куәландыратын құжаттың көшірмесі (бар болса)	+	+	+	+	+	Өндіруші немесе оның уәкілетті өкілі куәландырады Формат: PDF
4.	Медициналық бұйымдардың өндірушісінің сапа менеджменті жүйесіне сертификаттардың көшірмесі (ISO 13485, GMP не тиісті өнірлік немесе ұлттық стандарт)	- стериль-діден басқа)	( - стерильдіден басқа)	( +	+	+	Халықаралық куәландыру нормаларына немесе ҚР белгіленген куәландыру нормаларына сәйкес Формат: PDF
5.	Медициналық бұйымның ұлттық немесе халықаралық нормативтік құжаттардың нормативтік талаптарына сәйкестігін растайтын құжат ( Сәйкестік декларациясы; Сәйкестік сертификаты), нотариус куәландырган, орыс тіліне тең түпнұсқалы аудармасымен	+	+	+	+	+	Халықаралық куәландыру нормаларына немесе ҚР белгіленген куәландыру нормаларына сәйкес Формат: PDF
6.	Медициналық бұйымды колданудың ықтимал қаупінің қауіпсіздік класын растайтын құжат (Сәйкестік декларациясы ; өндіруші берген негіздеме хат және т.б.)	+	+	+	+	+	Өндіруші немесе оның уәкілетті өкілі куәландырады Формат: PDF
7.	МБ құрамына кіретін дәрілік дәрілік заттар туралы деректер (дәрілік заттың құрамы,саны, дәрілік заттың медициналық бұйыммен үйлесімділігі туралы	+	+	+	+	-	Өндіруші немесе оның уәкілетті өкілі

	деректер, дәрілік заттың сапасын растайтын күжат)					куәландырады Формат: PDF
8.	Сынақтардың нәтижелері мен қорытындыларының орыс тіліне тән түпнұсқалы аудармасымен токсикологиялық және гигиеналық сынақтардың есебі (хаттамасы)	+	+	+	+	
9.	Сынақтар нәтижелері мен қорытындыларының орыс тіліне тәңтүпнұсқалы аудармасымен техникалық сынақтар туралы есеп (хаттама)	+	+	+	+	Өндіруші немесе оның уәкілдегі өкілі куәландырады Формат: PDF
10.	In vitro диагностикасы үшін, соның ішінде жабық типтегі In vitro диагностикасы үшін медициналық бұйымның жинақтауышына кіретін медициналық бұйымдардың ерекшелігіне және сезімталдығына сынақ есебі	+	+	+	+	Өндіруші немесе оның уәкілдегі өкілі куәландырады Формат: PDF
11.	Сынақтар нәтижелері мен қорытындыларының орыс тіліне тәңтүпнұсқалы аудармасымен сактау мерзімін негіздейтін түрақтылықты зерттеу туралы есеп (МБ үшін, соның ішінде құрамын кіретін МБ стерильді жинақтаушы)	+	+	+	+	Өндіруші немесе оның уәкілдегі өкілі куәландырады Формат: PDF
12.	Жабық типтегі In vitro диагностикасы үшін медициналық бұйымның жинақтауышына кіретін реагенттерге және шығыс материалдарға түрақтылықты зерттеу туралы есеп				+	Өндіруші немесе оның уәкілдегі өкілі куәландырады Формат: PDF
	Сынақтар нәтижелері мен қорытындыларының					

13	орыс тіліне тең түпнұсқалы аудармасымен клиникалық (клиникалық-зертханалық) сынактар (зерттеулер) туралы немесе қолда бар клиникалық нәтижелердің дерекнамасы (қолданылуы, пікірлер, ғылыми жарияланымдар)	-	+ (ДЗ болған кезде)	+	+	+
14	Қолайсыз және жағымсыз оқиғалардың мониторингі туралы ақпарат (жаңадан әзірленген және жобаланған МБ үшін ақпарат ұсынылмайды): 1) бұйымдарды пайдаланумен байланысты жағымсыз оқиғалардың/ жазатайым оқиғалардың тізімі және оқиғалар кезеңін көрсету 2)олар туралы есептер келіп түскен оқиғалардың әрбір түрі бойынша қыскаша шолу (оқиғалардың саны көп болған кезде) 3)түзету әрекетін және қабылданған шараларды талдауды ұсынумен қайтарып алынған МБ тізімі және/немесе түсіндірме хабарлама	+	+	+	+	
15	Сынақ ерекшелігінің және әдістемесінің орыс тіліне тең түпнұсқалы аудармасымен талаптарына өнім сәйкес келуі тиіс нормативтік құжат: халықаралық, ұлттық стандарт немесе үйімның (техникалық талаптары, дайын өнімді бақылау әдістерінің ерекшелігі)	+	+	+	+	
	Арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету туралы ақпарат (бар болса):					

16	бағдарламалық жасақтаманың валидация нәтижелері, оның верификациясы мен бастапқы сараптама туралы деректер, соның ішінде оны әзірлеу және кәсіпорында және мультиорталықты зерттеулерде тестілеу туралы ақпарат, операциялық жүйені сәйкестендіру және таңбалай туралы деректер	+	+	+	+	+
17	Колданылу, тағайындалу аясын сипаттаумен, МБ қысқаша сипаттамасымен, орындау және жинақтаушы нұсқаулармен анықтама (нысан бойынша)	+	+	+	+	+
18	Өндіруші елде бекітілген, қазақ және орыс тілдеріне тән түпнұсқалық аудармасы бар медициналық бұйымның пайдалану құжаты	+	+	+	+	+
19	Орыс тіліне тән түпнұсқалық аудармасымен өндіруші елде бекітілген медициналық бұйымның қолданылуы жөніндегі нұсқаулығы	+	+	+	+	+
20	Орыс тілде және мемлекеттік тілде медициналық бұйымдарды колдану жөніндегі нұсқаулықтың жобасы	+	+	+	+	
21	Медициналық бұйымдардың/ медициналық бұйымдар болып табылатын шығыс материалдары мен медициналық бұйымның жинақтауыштар	+	+	+	+	+
	Стандартты үлгілері ( нормативтік құжатта					

22	олардың қолданылғаны . туралы көрсетілсе)	+	+	+	+	+		
23	Медициналық бұйымға заттаңбаның графикалық бейнесі	+	+	+	+	+	Өндіруші немесе оның уәкілетті өкілі куәландырады Формат: PDF	
24	Медициналық бұйымдардың қаптамасының сипаттамасы (бастапқы, қайталама, топтық, көліктік, аралық қаптаманы қоса алғанда қаптама туралы ақпарат ) . Медициналық бұйымдардың қаптама материалдарының сапасын регламенттейтін құжаттар (сапа ерекшелігі, бастапқы қаптамаға талдау жүргізі сертификаты)	+	+	+	+	+	Өндіруші немесе оның уәкілетті өкілі куәландырады Формат: PDF	
25	Фото (бұйымның, жиынтықтаушы шығын материалдарының сыртқы түрін көрсетуі тиіс)	+	+	+	+	+	Өндіруші немесе оның уәкілетті өкілі куәландырады Формат: JPEG	
26	МБ-ға өндірушіден қаптамалар мен затбелгілердің түрлі түсті макеттері ( бастапқы және қайталама қаптамаға), қажет болған кезде медициналық бұйымдарға немесе оның құрамдас бөліктеріне ( қатама макетінің әзірлемесі ашық түрде ұсынылады). Түс гаммаларының типтік өлшемдерінің саны анағұрлым көп болған кезде өлшемдері, түрлері және т.б. біріне типтік макеттің біреуін ұсынуға жол беріледі (егер макеттер бірдей болған кезде)	+	+	+	+	+	Өндіруші немесе оның уәкілетті өкілі куәландырады Формат: PDF, , JPEG	
	Медициналық бұйымдардың қаптамасы , затбелгісі, стикер							

	макетінің мәтінінің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жобасы (Түс гаммаларының типтік өлшемдерінің саны анағұрлым көп болған кезде аббревиатураны пайдалана отырып макеттің біреуін бекітуге жол беріледі)						Өндіруші немесе оның уәкілдті өкілі куәландырады Формат: PDF, DOC, DOC , JPEG
27	ҚР-да тіркеу күелігінің көшірмесі (қайта тіркеу және өзгерістер енгізу кезінде)	+	+	+	+	+	Формат: PDF
28	Медициналық бұйымның типі тірула негізде хат (ашық немесе жабық жүйе)	+	+	+	+	+	Өндіруші немесе оның уәкілдті өкілі куәландырады Формат: PDF
29	Биологиялық қауіпсіздік туралы деректер (бар болса)	+	+	+	+	+	Өндіруші немесе оның уәкілдті өкілі куәландырады Формат: PDF
30	Сынақ өткізу әдістері және қаптаманы валидациялау туралы деректер көрсетілген микрорганизмдерді ұстауға процесті валидациялау, тестілеу нәтижелері туралы ақпаратты қоса алғанда стерильдеу туралы деректер (биологиялық жүктеме, пирогендік, стерильділілік дәрежесі) (қажет болған кезде)	+	+	+	+	+	Өндіруші немесе оның уәкілдті өкілі куәландырады Формат: PDF
31	Өндіруші туралы мәлімет: атауы, қызмет түрі, занды мекенжайы, жеке меншік нысаны, олардың статусы мен өкілеттілігі көрсетілген бөлімшелер мен еншілес компанияларының тізбесі	+	+	+	+	+ (1 кластан басқасы)	Өндіруші немесе оның уәкілдті өкілі куәландырады Формат: PDF
32	Әзірлеме және өндіріс туралы ақпарат: өндіріс процестерінің схемасы, өндірістің негізгі кезеңдері, қаптамалар,	+	+	+	+	+	Өндіруші немесе оның уәкілдті өкілі куәландырады Формат: PDF
33		+	+	+	+	+	Өндіруші немесе оның уәкілдті

	сынақтар мен соңғы өнімді шығару рәсімдері						ө к і л і куәландырады Формат: PDF
34	Косымшага сәйкес тіркеу дерекнамасының құжаттарының тізімдемесі	+	+	+	+	+	Формат: PDF
35	МБ сәйкес келетін стандарттарынан тізбесі ( олар туралы мәліметтердің көрсете тырып)	+	+	+	+	+	Өндіруші немесе оның уәкілетті ө к і л і куәландырады
36	Тіркеуден кейінгі кезенде МБ қауіпсіздігі мен тиімділігі бойынша деректерді жинау және талдау жоспары	+	+	+	+	+	Өндіруші немесе оның уәкілетті ө к і л і куәландырады
37	Қауіптерді талдау туралы есеп (бар болса)	-	+	+	+	+ (1 кластан басқа)	Өндіруші немесе оның уәкілетті ө к і л і куәландырады
38	Маркетинг туралы ақпарат (нарықта 2 жылдан астам МБ айналысы юолған жағдайда тарихи)	-	-	+	+	+ (1 және 2 кластардан басқа )	Өндіруші немесе оның уәкілетті ө к і л і куәландырады
39	Орындалу нұсқалары	+	+	+	+	+	Өндіруші немесе оның уәкілетті ө к і л і куәландырады формат: xlsx

### Медициналық бұйымдарға анықтама құру\*\*

Атауы	Өндіруші ( дайындаушы), елі Өндірістік алан, елі Өндірушінің уәкілетті өкілі, елі	Жинақтауыштары				Колданы ағасы, тәғайындау	Қысқаша техникалық сипаттамасы
		Кұрамдас бөлшектерінің атауы	моделі	өндіруші	елі		
		Негізгі блок (бар болса)					
		Тиістілігі (бар болса)					
		Жинақтауыштар (бар болса)					
		Шығыс материалдары ( бар болса)					
		Бағдарламалық қамтамасыз ету (бар болса )					

Ескерту:

\* \* осы тізбе Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 18 қарашадағы № 735 бұйрығымен бекітілген Дәрілік затты немесе медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және оның тіркеу

дерекнамасына өзгерістер енгізу қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласында уәкілетті орган беретін тіркеу күәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту кезінде де және тіркеу дерекнамасына енгізілетін өзгерістер кезінде ұсынылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5935 болып тіркелген).

Дәрілік заттарға сараптама  
жүргізу қағидаларына  
3-қосымша

## **"Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

"Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі, сапасы мен тиімділігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) "электрондық үкіметтің" веб-порталы <a href="http://www.gov.kz">www.gov.kz</a> (бұдан әрі - портал)
3	Көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер	Жеке және занды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы)
4	Мемлекеттік қызметтің аспайдылықтары	<p style="text-align: center;">         дәрілік заттар үшін:          мемлекеттік тіркеу кезінде – 210 (екі жұз он) күнтізбелік          күннен аспайды;          мемлекеттік қайта тіркеу кезінде – күнтізбелік 120 (жұз жиырма)          күннен аспайды;          тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу кезінде – 30 (отыз)          күнтізбелік күннен аспайды;          тіркеу дерекнамасына I А типті өзгерістер енгізу кезінде –30 (отыз)          күнтізбелік күннен аспайды;          зертханалық сынақтарды жүргізе отырып IБ типті және II          типті тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу кезінде – күнтізбелік 90 (тоқсан)          күннен аспайды;          зертханалық сынақтар өткізбей тіркеу дерекнамасына IБ және II          типті өзгерістер енгізу кезінде – күнтізбелік 60 (алпыс) күннен аспайды;          дәрілік заттың жеделдетілген сараптамасын жүргізуге –          күнтізбелік 120 (жұз жиырма) күннен аспайды.          медициналық бұйымдар үшін:          зертханалық сынақтар жүргізуді талап ететін 1 – класты          және 2а класты мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу кезінде-күнтізбелік 90 (тоқсан)          күннен аспайды;          зертханалық сынақтар жүргізуді талап ететін 2Б класты          (кауіп дәрежесі ұлғайған) және 3 класты (жоғары қауіп дәрежесімен)          мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу кезінде – күнтізбелік 160 (жұз алпыс) күннен       </p>

	<p>а с п а й д ы ;</p> <p>класына қарамастан зертханалық сынақтар жүргізуді талап етпейтін медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу кезінде-күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайды;</p> <p>тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу кезінде (зертханалық сынақтар өткізбей) – күнтізбелік 60 (алпыс) күннен аспайды;</p> <p>тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу кезінде (зертханалық сынақтар жүргізумен) – күнтізбелік 80 (сексен) күннен аспайды;</p> <p>жеделдетілген сараптама кезінде – 65 (алпыс бес) күнтізбелік күннен аспайды.</p> <p>Күжаттар пакетін тапсыру үшін күттедің рұқсат етілген ең ұзак уақыты – 30 минут .</p> <p>Кызмет көрсетуді тоқтата түру шарттары:</p> <p>Дәрілік затқа, медициналық бұйымға сараптама жүргізу мерзіміне:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) көрсетілетін қызметті алушының сұрау салу бойынша сараптаманың кез келгенін кезеңдерінде күжаттар мен материалдарды ұсыну және оларды көрсетілетін қызметті берушінің карауы;</li> <li>2) өндіріс жағдайларын бағалауды ұйымдастыру және жүргізу;</li> <li>3) Сараптамалық кеңесті ұйымдастыру және өткізу;</li> <li>4) көрсетілетін қызметті алушының қорытынды қүжаттарын келісу кіреді.</li> </ol>
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны
6	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі</p> <p>Д ә р і л і к з а т т а р ү ш і н :</p> <p>Дәрілік заттарға сараптама жүргізу қағидаларына 14, 15-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша дәрілік заттардың қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытынды беру не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру шарттары: көрсетілетін қызметті б е р у ш і а р қ ы л ы</p> <p>М е д и ц и н а л ы қ б ұ ы ы м д а р ү ш і н :</p> <p>Медициналық бұйымдарға сараптама жүргізу қағидаларына 11, 12-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытынды беру не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап .</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру шарттары: көрсетілетін қызметті б е р у ш і а р қ ы л ы</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушінің мерзімінде талап етілмеген қүжаттарды с а к т а у ш а р т ы :</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мерзімде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алуға жүгінбеген кезде көрсетілетін қызметті беруші дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытындыны 180 (бір жұз сексен) күнтізбелік күн ішінде сақтауды қамтамасыз етеді.</p>
	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алышыдан алышатын төлем "Мемлекеттік монополия субъектісі көрсететін қызметтерге бағаларды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау

7	төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	министрін 2017 жылғы 31 тамыздағы № 671 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16002 болып тіркелген) бекітілген көрсетілетін қызметті берушінің Прейскурантына сәйкес белгіленеді және көрсетілетін қызметті берушінің есеп шотына қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.
8	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес (бұдан әрі- Еңбек кодексі) демалыс және мереке күндерінен бастақ, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17-00-ге дейін.</p> <p>2) портал арқылы жүгінген кезде – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Еңбек кодексіне сәйкес өтініш берген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушінің қызмет көрсету шарты: Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз, жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында - <a href="http://www.ndda.kz">www. ndda. kz</a>;</p> <p>2) порталда <a href="http://www.gov.kz">www. egov. kz</a></p>
9	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>көрсетілетін қызметті берушіге:</p> <p>1) дәрілік заттарға сараптама жүргізу қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәрілік заттарға сараптама жүргізуге өтініш, медициналық бұйымдарға сараптама жүргізу қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық жеткізгіштегі медициналық бұйымға сараптама жүргізу үргізуге</p> <p>2) Қазақстан Республикасының өндірушілері үшін дәрілік заттарға сараптама жүргізу қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша материалдар мен құжаттарды қамтитын дәрілік заттың тіркеу дерекнамасы немесе дәрілік заттарға сараптама жүргізу қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жалпы техникалық құжат форматында, медициналық бұйымның электрондық жеткізгіштегі тіркеу дерекнамасы медициналық бұйымдарға сараптама жүргізу қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша материалдар мен құжаттарды қамтитын электрондық жеткізгіштегі тіркеу дерекнамасы;</p> <p>3) дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың (аппараттар, аспаптар, жабдықтар болып табылатын медициналық бұйымдарды қоспағанда) үлгілері, химиялық заттардың стандартты үлгілері, биологиялық препараттардың стандартты үлгілері, микроорганизмдердің тест-штаммдары, жасушалар өсінділері, ерекше реагенттер, зертханалық сынақтар әдістемелерін кемінде алты ай қалдық жарамдылық мерзімімен үш еселік зертханалық сынақтар үшін жеткілікті мөлшерде қайта өндіру үшін қажетті шығыс материалдары (зертханалық сынақтар жүргізуі талап етпейтін жағдайларды қоспағанда);</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушының сараптама жүргізу үшін төлем жүргізгенін растайтын құжаттың көшірмесі.</p> <p>портаға:</p> <p>1) дәрілік заттарға сараптама жүргізу қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәрілік заттарға сараптама жүргізуге, медициналық бұйымдарға сараптама жүргізу қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық бұйымдарға сараптама жүргізуге электрондық түрдегі өтініш;</p> <p>2) Қазақстан Республикасының өндірушілері үшін дәрілік заттарға сараптама</p>

